ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ж.Қ. Өмірбекова

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ТІЛІ: ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ КОРПУСТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Монография

Астана, 2026

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)
Ө 44

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылды (№19 хаттама, 29 маусым 2026 ж.)
ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын «AP26103909 Фольклорлық мәтіндер корпусы: қазақ тілін цифрландырудағы лингвистикалық және IT шешімдер» атты гранттық жоба аясында шығарылды.

Рецензенттер:
Метин Екичи – ф.ғ.д., Еге университетінің профессоры, Түркия
Смағұлоаа Г.Н. – ф.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры
Г.Сағидолла – ф.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

Ж. Қ. Өмірбекова.
Қазақ ертегілерінің тілі: тілдік бірліктердің корпустық
Ө44 сипаттамасы: монография. Ж.Қ. Өмірбекова. – Астана: «FOCUS ЖК», 2026. – 110 б.

ISBN 978-601-385-285-0

Монографияда қазақ ертегілерінің тілдік жүйесі қарастырылады. Еңбекте ертегі мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің қолданыс жиілігі, мағыналық ерекшеліктері, ұлттық-мәдени мазмұны және символдық сипаты анықталады. Сонымен қатар, тұрақты формулалар, мифологиялық образдар, ұлттық дүниетанымды білдіретін лексемалар, этномәдени атаулар, көркемдік тәсілдер мен синтаксистік құрылымдар корпустық талдау әдістері арқылы сараланады. Осы деректер негізінде корпус құру әдістемесі мен оның тәсілдері талданады. Монография корпус лингвистикасы, этнолингвистика, фольклортану және т.б. салаларда зерттеу жүргізетін мамандарға, жоғары оқу орындарының білім алушыларына және қазақ тілінің табиғатын тереңірек танығысы келетін оқырман қауымға арналады.

ISBN 978-601-385-285-0 ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)

© Өмірбекова Ж., 2026

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ..... 4

І тарау. Қазақ ертегілерін зерттеудің теориялық және корпустық негіздері..... 7
1.1 Қазақ ертегілерінің тілін зерттеудегі негізгі бағыттар..... 7
1.2 Ертегі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері туралы ғылыми көзқарастар..... 17
1.3 Корпустық лингвистиканың теориялық негіздері..... 22
1.4 Қазақ ертегілер корпусын қалыптастыру қағидаттары мен әдістемесі..... 32

ІІ тарау. Қазақ ертегілеріндегі тілдік бірліктердің корпустық сипаттамасы..... 38
2.1 Ертегі мәтіндеріндегі лексикалық бірліктердің қолданысы..... 38
2.2 Архаизмдер, тарихи сөздер және бағалауыштық лексика..... 54

ІІІ тарау. Қазақ ертегілеріндегі тұрақты құрылымдар мен тілдік жүйелілік..... 70
3.1 Тұрақты тіркестер мен формулалық құрылымдар..... 70
3.2 Қайталау, параллель құрылымдар және клишелер..... 81
3.3 Қазақ ертегі тілінің корпустық модельдері мен ішкі жүйесі..... 88

ҚОРЫТЫНДЫ..... 102
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР..... 105

КІРІСПЕ

Қазақ халқының рухани мәдениетінде ертегілер ерекше орын алады. Ертегі – ұлттың дүниетанымын, тарихи тәжірибесін, мәдени жадын және тілдік байлығын сақтап келген фольклорлық мұралардың бірі. Қазақ ертегілерінің тілінде халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, табиғатқа көзқарасы, мифологиялық танымы мен ұлттық құндылықтары кең көрініс табады. Сондықтан ертегі мәтіндерін тілдік тұрғыдан зерттеу қазақ тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі болып саналады. Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың дамуына байланысты фольклорлық мұраларды корпустық лингвистика негізінде қарастыруға ерекше назар аударылуда. Осыған орай «Қазақ ертегілерінің тілі: тілдік бірліктердің корпустық сипаттамасы» атты монографияда қазақ ертегілерінің тілдік табиғаты корпустық лингвистика, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану бағыттары негізінде кешенді түрде талданады.

Монографияда қиял-ғажайып ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, новеллалық ертегілер және батырлық ертегілер мәтіндері негізінде ассоциациялық-вербалды өрістер мен тілдік модельдер зерттеледі. Ертегі тіліндегі «батыр», «жол», «дала», «тұлпар», «жеті», «қырық», «жалмауыз», «сиқыр» секілді концептілердің қолданысы мен семантикалық құрылымы ұлттық таным тұрғысынан қарастырылады. Сонымен бірге ертегі мәтіндеріндегі эмоционалды-экспрессивті бірліктер, қайталама құрылымдар, тұрақты эпитеттер мен формулалық сөз өрнектерінің қызметі анықталады. Еңбекте қазақ ертегілерінің тілі тек көркем мәтін ретінде ғана емес, ұлттық мәдени кодты сақтаушы тілдік жүйе ретінде қарастырылады. Корпустық зерттеу арқылы ертегі мәтіндеріндегі көне лексика, мифологиялық атаулар, салт-дәстүрге қатысты сөздер мен этномәдени ұғымдардың қолданылу ерекшеліктері айқындалады. Сонымен қатар ертегі мәтіндерінің цифрлық корпусын қалыптастыру қағидаттары, мәтіндерді аннотациялау, классификациялау және автоматты талдау мәселелері де қамтылады.

Бұл тақырыптың таңдалу себебі бірнеше ғылыми және практикалық қажеттіліктермен байланысты:

- Біріншіден, қазақ ертегілерінің тілі бүгінге дейін көбіне әдебиеттану және фольклортану тұрғысынан зерттеліп келсе,

олардың тілдік құрылымы мен ұлттық-мәдени мазмұны корпустық лингвистика негізінде жүйелі түрде арнайы қарастырылған еңбектер аз.

• Екіншіден, қазіргі кезеңде қазақ тілінің ұлттық корпустарын дамыту және цифрлық тілдік ресурстарды қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ертегілерінің мәтіндік корпусын жасау және ондағы тілдік бірліктерді ғылыми тұрғыдан сипаттау қазақ тіл білімінің цифрлық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

• Үшіншіден, ертегі мәтіндері ұлттық дүниетанымның, тарихи сананың және мәдени жадтың көрінісі болғандықтан, олардың тілін зерттеу қазақ халқының рухани құндылықтарын тереңірек тануға жол ашады.

Зерттеу жұмысының нысаны – «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі», «Жыл таласы», «Түлкі мен қасқыр», «Ер Төстік», «Алтын сақа», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ақбай», «Қали мен Қази», «Керқұла атты Кендебай», «Құламерген», «Әлеуке батыр мен ұлы Орақ», «Бөген батыр», «Аяз би», «Атымтай Жомарт», «Бақтыбай би», «Әбдірахман патша» ертегілері. Бұл ертегілер «Бабалар сөзі» еңбегінің 73-76-томдарынан, яғни Хайуанаттар туралы ертегілер, Қиял-ғажайып ертегілер, Батырлық ертегілер, Новеллалық ертегілер бөлімдерінен таңдап алынды. Әртүрлі жанрдағы бұл ертегілер тілдік бірліктердің қолданыс ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының пәні – аталған ертегілер мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің (лексикалық, құрылымдық) корпустық сипаттамасы, олардың жиілігі, қызметі және мәтіндік ұйымдасу ерекшеліктері.

Зерттеудің мақсаты – қазақ ертегілеріндегі тілдік бірліктердің қолданысын корпустық әдістер арқылы анықтап, олардың функционалдық және семантикалық ерекшеліктерін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– қазақ ертегілерін зерттеудің теориялық негіздерін жүйелеу;

– ертегі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктеріне қатысты ғылыми көзқарастарды саралау;

– корпустық лингвистиканың теориялық ұстанымдарын сипаттау;

– шағын ертегі корпусын құрастыру және оны әдістемелік тұрғыдан негіздеу;

– ертегі мәтіндеріндегі лексикалық бірліктердің қолданысын талдау;

– архаизмдер, тарихи сөздер мен бағалауыштық лексиканың ерекшеліктерін анықтау;

– тұрақты тіркестер, формулалық құрылымдар, қайталау мен параллель құрылымдардың мәтіндегі қызметін айқындау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ ертегілерінің тілін корпустық лингвистика тұрғысынан шағын корпус негізінде кешенді түрде сипаттауында. Ертегі мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің жиілігі мен қызметі нақты тілдік деректер арқылы талданып, олардың құрылымдық және функционалдық ерекшеліктері жүйеленеді.

Зерттеудің теориялық маңызы – қазақ тіл біліміндегі фольклорлық дискурс пен корпустық лингвистиканың өзара байланысын нақтылауында. Ал практикалық маңызы зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Корпустық лингвистика», «Когнитивті лингвистика» пәндерінде, сондай-ақ оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуде қолдануға болатындығымен анықталады.

Жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші бөлімде қазақ ертегілерін зерттеудің теориялық және корпустық негіздері қарастырылса, екінші бөлімде тілдік бірліктердің корпустық сипаттамасы талданады, ал үшінші бөлімде ертегі тіліндегі тұрақты құрылымдар мен жүйелілік мәселелері сараланады.

I тарау.
ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОРПУСТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақ ертегілерінің тілін зерттеудегі негізгі бағыттар

Қазақ халқының ауыз әдебиеті – ұлттық мәдениеттің іргелі қабатын құрайтын, халықтың тарихи тәжірибесі мен рухани дүниетанымын бейнелейтін күрделі семиотикалық жүйе. Бұл жүйе арқылы этностың әлем туралы танымы, әлеуметтік қатынастары, моральдық-этикалық нормалары мен құндылық бағдарлары көркем түрде репрезентацияланады. Фольклор – халықтың дүниетанымы мен рухани мәдениетін, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін шығармалар жиынтығы. Ол – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құнды рухани мұра. «Фольклор» атауы ағылшын тілінен енген және «халық даналығы» деген мағынаны білдіреді. Академик С. Қасқабасов «Ойөріс» атты еңбегінде фольклордың үш негізгі қырын атап көрсетеді: «біріншіден, фольклор – ата-бабадан мирас болып жеткен мәдени құндылық; екіншіден, ол халықтың күнделікті өмірі мен тұрмысының құрамдас бөлігі; үшіншіден, фольклор – қазақтың сөз өнерінің айрықша көрінісі [1, 7-б.]. Қазақ халқының тілі, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты кез келген мәселені зерттеу барысында фольклорлық мұраға сүйену – заңды құбылыс. Өйткені фольклор мәтіндері бірнеше ұрпақтың тарихи жадында сақталып, олардың дүниетанымы мен рухани болмысын, сезімі мен талғамын бейнелейді. Сонымен қатар, белгілі бір кезеңде өмір сүрген халықтың мәдениеті мен тұрмыс-салты жөнінде құнды дерек ұсынады. Осы себепті соңғы жылдары фольклорды тілдік қырынан зерттеу бағыты жанданып, арнайы ғылыми арнаға айнала бастады. Осы үдерістің нәтижесінде лингвофольклортану деп аталатын жаңа бағыт қалыптасты. Лингвофольклортану (лингвистикалық фольклористика) – фольклор мәтіндерінің тілін, ауызша поэтикалық тілдегі тілдік бірліктердің қолданысы мен қызметін зерттейтін ғылым саласы. Бұл терминді 1974 жылы А. Хроленко ғылыми айналымға енгізді. XX ғасырдың 70–80 жылдарынан бастап лингвофольклортану тіл білімінің түрлі салаларымен тоғыса отырып, дербес ғылыми бағыт ретінде орнықты

[2, 5-б.]. Аталған ғылыми бағыттардың өзара ықпалдасуы фольклор тілін лингвистикалық тұрғыдан жүйелі зерттеуге мүмкіндік береді. А. Хроленко «Лингвофольклортануға кіріспе» атты оқу құралында орыс тіл білімінде фольклор тілін зерттеу үдерісінің бірнеше кезеңнен өткенін атап көрсетеді. Ғалым бұл дамуды шартты түрде үш деңгейге бөледі:

- Бірінші деңгей XIX ғасырдағы мәтіндерді жинақтау және жариялау кезеңімен байланысты. Бұл тұста П. В. Киреев, П. Шейн, А. И. Соболев, А. А. Потебня сынды ғалымдардың еңбектерінде фольклорлық материалдарды тіркеу, жүйелеу және тілдік ерекшеліктерін сипаттау бағытындағы алғашқы тәжірибелер қалыптасты.
- Екінші деңгей XX ғасырда фольклор тілін арнайы лингвистикалық талдау нысаны ретінде қарастырумен сипатталады. Бұл кезеңде И. А. Оссовецкий, Е. Б. Артеменко және басқа да зерттеушілер халықтық-поэтикалық сөздердің табиғатын, олардың семантикалық және стильдік ерекшеліктерін зерделеуге назар аударды.
- Үшінші деңгей XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында фольклор тілін оқыту және зерттеу ісінің институционалдық сипат алуымен байланысты. Жоғары оқу орындарында «Фольклордағы лексикография» сияқты арнайы пәндердің енгізілуі, арнайы курстардың ашылуы лингвофольклортанудың дербес ғылыми бағыт ретінде орнығуына ықпал етті [3, 5-6 бб.].

Қазақ тіл білімінде лингвофольклортану бағытын тереңдетіп зерттеу және оны дербес пән ретінде қалыптастыру қажеттігін алғашқылардың бірі болып көтерген ғалым – Ж. Жақыпов. Зерттеуші осы салаға қатысты «Қазақ лингвофольклортануы: эпостанулық зерттеу» атты ұжымдық монографияны дайындап, «Қазақ лингвофольклортануы» атты оқулықты жарыққа шығарды. Ғалым фольклор тілін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу бірнеше негізгі бағытта жүзеге асырылуы тиіс екенін атап көрсетеді: «Біріншіден, фольклор тілінің табиғатын оның жергілікті тілдік ерекшеліктермен, яғни диалектілермен өзара байланысы арқылы айқындау; екіншіден, халықтық-поэтикалық тіл құрылымының жекелеген элементтерін арнайы талдау; үшіншіден, тілдік бірліктердің халықтық поэтика жүйесіндегі функционалдық және стильдік қызметін анықтау» [2,5-б.].

Фольклор мәселелеріне қатысты тілтанушылардың бірқатар іргелі зерттеулері жарық көрген. Атап айтқанда, Ш. Сарыбаев пен

Ә. Құрышжановтың «Эпос шығармаларының текстологиясы туралы» (1959) еңбегі, Е. Жұбановтың «Эпос тілінің өрнектері» (1978) зерттеуі, О. Нұрмағамбетованың «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі» (1984) атты жұмысы, З. Керімбаеваның «Қазақ ертегілерінің тіліндегі етістік қайталаулар» (1988) зерттеуі, А. Мухатаеваның «Этнолингвистическое изучение лексики казахского эпоса» (1989) еңбегі сияқты жұмыстар фольклор тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастыруға елеулі үлес қосты. Бұл зерттеулерде фольклор жанрлары тілдік дереккөзі бар мәтін ретінде алынып, әр автор оны өзіндік әдіснамалық ұстаныммен талдайды. 2017 жылы жарық көрген ұжымдық монографияда қазақ фольклоры әдеби тілмен сабақтастықта қарастырылып, эпостық жырлар семантикалық, танымдық және грамматикалық қырынан жан-жақты сараланған. Жалпы алғанда, эпостық мұралар ғылыми айналымда кеңінен зерттелгенімен, ертегі жанры тілдік тұрғыдан әлі де терең талдауды қажет етеді. Осы ретте когнитивтік тіл білімінің жетістіктерін пайдалану – лингвофольклортанудың маңызды міндеттерінің бірі. Фольклор мәтіндеріндегі дүние бейнесін, дүниетанымдық категорияларды лингвистикалық тұрғыда зерделеу жаңа әрі құнды ғылыми нәтижелерге жол ашады [4, 50-б.]. Фольклордағы тілдік әлем бейнесі көпқабатты және көпөлшемді сипатымен ерекшеленеді. Фольклордың дүниетанымдық моделі – дәстүрлі халық мәдениетінің қайта кодталған көрінісі, яғни мифологиялық тіл мен қарапайым халықтың дүниеге көзқарасының синтезі. Мұнда әлем туралы білім, сенім, тәжірибе және рухани құндылықтар тілдік формада жинақталып беріледі. Тілдің негізгі қызметі – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыру, ал адамның ойы мен пікірі осы коммуникацияның мазмұндық өзегін құрайды. Осы тұрғыдан алғанда, фольклорлық мәтіндердегі тілдік құрылымдар дүниені танып-білуші, оны игеруші әрі сол әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырушы субъект – адамға бағытталады. Демек, фольклордағы тілдік әлем бейнесі адам санасының, танымдық әрекетінің және мәдени тәжірибесінің нәтижесі ретінде көрініс табады.

Фольклор мұрасының құрамдас бөлігі ретінде қазақ ауыз әдебиетіндегі ең көне жанрлардың бірі – ертегі. Ауыз әдебиетінің маңызды құрамдас бөлігі саналатын қазақ ертегілері халықтың ұжымдық санасында қалыптасқан өмірлік тәжірибені, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы қатынастарды бейнелейтін мәдени-

танымдық феномен ретінде сипатталады. Ертегі – халық прозасының көркемдік тұрғыдан кемелденген түрі әрі дүниетанымдық мазмұнды бейнелі тіл арқылы жеткізетін негізгі жанрлардың бірі. Тілдік аспектіде қарастырғанда, ертегі өзіндік құрылымдық үлгілері, тұрақты формулалары мен баяндау модельдері бар ерекше көркем жүйе ретінде танылады. Оның басты мақсаты – тыңдаушыға белгілі бір рухани-танымдық мазмұнды ұсына отырып, эстетикалық әсер беру. Сондықтан ертегі тілінде дүниені таныту мен бағалауға бағытталған бейнелі, экспрессивті әрі әсерлі тілдік тәсілдер кеңінен қолданылады.

Ертегі шынайы өмірді тікелей бейнелеуге ұмтылмайды, сол себепті ертекші баяндалып отырған оқиғаны нақты өмір шындығы ретінде дәлелдеуді мақсат етпейді. Бұл ерекшелік ертегі тілінде көркем шарттылықтың басым болуына әкеледі. Ертегі композициясы, әдетте, бас кейіпкерді дәріптеуге негізделіп, белгілі бір қалыптасқан құрылымдық үлгі бойынша ұйымдасады. Мұндай құрылым ертегі мәтініне идеялық, мазмұндық және тілдік тұтастық береді. Аталған тұтастық ертегі жанрына тән тұрақты белгілерді қалыптастырады: композиция мен эстетикалық мұраттың бірлігі, көркем шарттылықтың міндеттілігі, ауызекі сөйлеу тіліне жақындық, формулалық тіркестер мен қайталанымдардың мол қолданылуы. Ертегі тілінде қиял мақсатты түрде қолданылады, соның нәтижесінде ол әсірелеу, ғажайып бейнелеу сипатымен көрінеді. Ғажайып элементтер ертегіде көркем бейнелеу құралы ретінде қызмет атқарып, күнделікті өмірде кездесетін заттар мен құбылыстарды тілдік тұрғыдан өзгеше, шартты қалыпта көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты ертекші баяндау барысында тілдік құралдарды барынша экспрессивті, бейнелі қолдануға ұмтылады. Ертегідегі оқиғаның әсерлілігі тек айтушының шеберлігіне ғана емес, тыңдаушының қабылдауына және ертегінің айтылу жағдаятына да тәуелді болады. Ертегі тілінің ұйымдасуында композиция ерекше рөл атқарады. Көп жағдайда ертегінің көркемдік әсері сюжеттің өзінен гөрі композициялық құрылым мен тілдік баяндау тәсілдеріне байланысты болады. Дәстүрлі ертегі композициясы үш негізгі бөліктен тұрады: кіріспе, эпикалық баяндау және қорытынды. Кіріспе көбіне өлең немесе ұйқасты проза түрінде беріліп, бас кейіпкердің тегі мен дүниеге келуі туралы ақпаратты қамтиды. Эпикалық баяндауда кейіпкердің өсуі, басынан кешкен оқиғалары, сынақтары тілдік қайталаулар мен формулалық тіркестер арқылы беріледі.

Соңында кейіпкердің мақсатына жетуі хабарланып, баяндау тұрақты тілдік формулалармен түйінделеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, қазақ ертегілерінің тілінде әр дәуірге тән әлеуметтік, мәдени және дүниетанымдық белгілер сақталған. Ертегі мәтіндерінде хандық кезеңге қатысты ұғымдар, тұрмыс-салт атаулары, наным-сенімдер мен этномәдени лексика кеңінен көрініс табады. Жанрлық және сюжеттік тұрғыдан алуан түрлі ертегілердің тілдік құрамында ұлттық сипаттағы элементтермен қатар, басқа халықтарға ортақ, халықаралық және көшпелі сюжеттерге тән тілдік үлгілер де ұшырасады. Бұл жағдай ертегі тілінің тарихи-типологиялық және тарихи-мәдени байланыстар негізінде қалыптасқанын көрсетеді.

Ертегі жанрының қалыптасу тарихы өте көне дәуірлерге барып тіреледі. Оның тілдік негізі алғашқы қауымдық қоғамда пайда болған мифтерде, аңшылық әңгімелерде, хикаяларда жатыр. Бастапқыда ақиқат ретінде қабылданған мифтік баяндаулар уақыт өте келе қасиеттілік сипатынан айрылып, көркем баяндауға айналған. Осы үдерісте мифтің тілдік құрылымы өзгеріп, себеп-салдарлық байланыстар әлсіреп, баяндау жеке кейіпкер төңірегінде шоғырлана бастайды. Нәтижесінде миф хикаяға, ал хикая ертегіге айналады.

Фольклор туындыларын ғылыми тұрғыдан зерттеу XIX ғасырда шетелдік тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында кең өріс алды. Халық ертегілерінің теориялық, типологиялық және салыстырмалы мәселелеріне арналған еңбектерде олар халықтық дүниетаным мен мәдени кодтың көрінісі ретінде қарастырылды. Осы бағытта
Л.Н. Афанасьев, В. Гримм мен Я. Гримм, Т. Бенфей, А.Н. Веселовский, Э. Тэйлор, В.В. Радлов, И.Н. Березин, Г.Н. Потанин, А.В. Васильев, А.Е. Алекторов сынды ғалымдардың еңбектері халық ертегілерін жинау, жүйелеу және ғылыми тұрғыдан талдауда маңызды рөл атқарды.

Қазақ фольклортану ғылымында да ертегілерді зерттеу дәстүрі ерте қалыптасты. Бұл саладағы алғашқы ғылыми пайымдаулар Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен бастау алып, кейінгі кезеңдерде Ә. Диваев, М. Көпеев, Мұхтар Әуезов, С. Қасқабасов,
Т. Қоңыратбаев, С. Қондыбай еңбектері арқылы тереңдей түсті. Аталған ғалымдардың зерттеулері қазақ ертегілерінің жанрлық, тақырыптық және идеялық ерекшеліктерін айқындап, оларды ұлттық

мәдениет пен тілдік сананың ажырамас бөлігі ретінде тануға негіз қалады.

Қазақ ертегілерінің жиналуы, жариялануы және зерттелуі XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталып, XIX ғасырдың екінші жартысында қарқын алды. Бұл кезеңде жарық көрген мәтіндер кейінгі ғылыми зерттеулерге тілдік материал ретінде негіз болды. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ертегі жанрын ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу қалыптасып, оның тілдік, жанрлық және поэтикалық ерекшеліктері арнайы қарастырыла бастады. Осылайша қазақ ертегілері тек фольклортанудың ғана емес, тіл білімінің де маңызды зерттеу нысанына айналды. Бұл кезеңдегі фольклорлық мұраларды хатқа түсіру үдерісі қазақ зиялыларының ағартушылық, мәдени және ғылыми қызметімен сабақтасып, ұлттық рухани құндылықтарды сақтау мен ұрпақ санасына жеткізуді мақсат етті. Аталған үдеріс еуропалық романтизм дәуірінде қалыптасқан халықтық мұраны ұлттық болмыстың көрінісі ретінде қарастыру үрдісімен де үндес болды. Бұл бағытта М. Әуезов, М. Ғабдуллин, С. Қасқабасов және басқа да зерттеушілердің еңбектері ерекше орын алады. Қазақ ертегілерінің тілі ғылымда әртүрлі бағыттар аясында қарастырылып келеді. Алғашқы кезеңдерде ертегі мәтіндері негізінен фольклортану мен әдебиеттану тұрғысынан зерттеліп, олардың жанрлық табиғаты, сюжеттік-композициялық құрылымы мен көркемдік ерекшеліктері сипатталды. Бұл еңбектерде ертегі тілі көбіне көркемдік құрал ретінде бағаланып, тілдік бірліктердің жүйелі сипаттамасына жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбеді. Бұл жанрға тұңғыш рет ғылыми анықтама беріп, оның жалпы жанрлық белгілерін сипаттаған және ертегінің ішкі жанрларын белгілеген, әрі ертегі жанрының шығу тегіне барлау жасаған ғалым М. Әуезов. Академик С. Қасқабасов ертегіні аңыздық прозаның бір тармағы ретінде қарастырып, оның басты мақсаты тыңдаушыға эстетикалық әсер беру мен тәрбиелік ғибрат ұсыну екенін атап көрсетеді [5, 198-б.]. Ғалым «Жаназық» атты іргелі зерттеу еңбегінде қазақ ертегісін фольклорлық жүйе аясында кешенді түрде қарастырып, оның ішкі жанрлық жіктелімі мен поэтикалық құрылымын ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдайды. Зерттеу еңбегінде қазақ ертегілерінің жанрлық табиғаты олардың тақырыптық-идеялық мазмұны, сюжеттік-композициялық құрылысы және көркемдік бейнелеу құралдары негізінде айқындалады. Осы тұрғыда автор ертегі жанрын халықтың тарихи тәжірибесі мен дүниетанымын бейнелейтін, көпқабатты әрі

динамикалық фольклорлық құбылыс ретінде сипаттайды. Ол қазақ ертегілерін ішкі жанрлық тұрғыдан жүйелей отырып, жануарлар жайындағы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, новеллалық ертегілер және сатиралық ертегілер сияқты негізгі түрлерін даралайды. Әрбір жанрлық топтың өзіндік көркемдік-эстетикалық қызметі, кейіпкерлер жүйесі, сюжеттік модельдері мен баяндау тәсілдері бар екені көрсетіледі. Мәселен, жануарлар жайындағы ертегілерде адам мінез-құлқы астарлы бейнелер арқылы беріледі, ал қиял-ғажайып ертегілерде мифологиялық таным мен ғажайып кеңістік-уақыт моделі жетекші орын алады. Батырлық ертегілер халықтың ерлік идеалын, әлеуметтік әділеттілік туралы түсінігін бейнелесе, новеллалық ертегілер тұрмыстық сипаттағы оқиғалар мен адам психологиясын көрсетуге бағытталады. Ал сатиралық ертегілерде әлеуметтік сын, юмор мен ирония арқылы қоғамдағы келеңсіз құбылыстар әшкереленеді. Сонымен қатар зерттеуде ертегілердің поэтикалық мәселелеріне ерекше назар аударылып, олардың тілдік-стильдік ерекшеліктері, формулалық бастау мен аяқтау үлгілері, қайталау, параллелизм, символика сияқты көркемдік тәсілдердің қызметі талданады. Автор ертегі поэтикасын фольклорлық дәстүрмен, ауызша орындау табиғатымен және ұжымдық сананың көрінісімен сабақтастыра қарастырады [5, 120-б.]. Қазақ ертегілері сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов сынды қазақ зиялыларының жинақтауы арқылы әртүрлі басылымдарда жарық көріп, «Айқап», «Қазақ» сияқты мерзімді басылымдар бетінде жарияланды. Бұл еңбектер ертегілердің кең таралуына және ғылыми айналымға түсуіне жол ашты.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ертегілерді арнайы нысан етіп зерттеуге М. Ғабдуллин, Е. Ысмаилов, Е. Тұрсынов және басқа да ғалымдар елеулі үлес қосты. Әсіресе, Е. Тұрсыновтың қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисі мен фольклорлық дәстүрді таратушылар мәселесіне арналған монографиялық еңбектері қазақ фольклористикасында теориялық тұрғыдан маңызды зерттеулер қатарынан орын алады. Ғалымның фольклорды кешенді мәдени жүйе ретінде қарастыруы қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпай отыр.

Қазақ ертегілері фольклорлық жанрлар жүйесінде көркемдігімен, мазмұндық байлығымен және қабылдану кеңдігімен ерекшеленетін, халық арасында ең көп таралған әрі тыңдалымы жоғары жанрлардың бірі болып саналады. Ертегілердің ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа

ауызша жетуі олардың ұлттық мәдениеттегі орны мен қызметін айқындай түседі. Алайда сырттай қарағанда бұл жанр жан-жақты зерттелгендей көрінгенімен, қазақ тіл білімі тұрғысынан ертегі мәтіндерінің тілдік табиғаты, танымдық мәні, сондай-ақ әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудағы рөлі әлі де терең әрі жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Әлемдік тіл білімінде де, қазақ тіл білімінде де қиял-ғажайып ертегілер арнайы зерттеу нысанына айналып, әртүрлі теориялық бағыттар аясында жан-жақты қарастырылған. Қазақ тіл біліміндегі осы бағыттағы маңызды еңбектердің бірі – А.Т. Қасымбекованың «Ертегілердегі ғаламның концептуалды бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері бойынша)» атты диссертациялық зерттеуі. Аталған жұмыста қазақ және ағылшын тілдеріндегі қиял-ғажайып ертегілер салғастырмалы түрде талданып, олардың негізінде қалыптасқан концептуалды ғалам бейнесі анықталған. Зерттеу барысында қиял-ғажайып ертегілердің ұлттық-мәдени табиғаты мен басты мәдени-танымдық маркерлері айқындалып, ғаламның тілдік бейнесі мен ғаламның концептуалды бейнесі ұғымдарының арақатынасы мен ерекшеліктері нақты сипатталады. Сонымен қатар ертегі мәтіндерінде көрініс табатын бірқатар базалық концептер айқындалып, олардың мазмұндық сипаты ашылады [6].

Соңғы жылдары ертегіні дискурс ретінде қарастырып, оның лингвомәдени кеңістігін кешенді түрде талдауға бағытталған зерттеулердің саны артып келеді. Осы тұрғыда А.А. Мамыттың «Халық ауыз әдебиеті» атты оқу құралын атап өтуге болады. Аталған еңбекте ертегілер ерте дәуір адамдарының дүниетанымдық түсініктерінің көрінісі ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының этногенезін айқындайтын ру-тайпалар тарихы мен ежелгі ата-бабалар өмірінің әртүрлі кезеңдерінен сыр шертетін мәдени дереккөз ретінде қарастырылады. Зерттеуші ертегі мәтіндерінде алғашқы қауымдық құрылыс элементтерінің, көне заман белгілерінің сақталғанын, сондай-ақ мифтер мен ертегі-аңыздарда көшпелі өмір салты мен тұрмыс ерекшеліктерінің кеңінен бейнеленетінін атап көрсетеді. Көшпелі дүниетанымда адам мен табиғаттың ажырамас тұтастықта қабылдануы ертегілерде айқын көрініс тауып, әлем бейнесі мен дүние болмысы туралы ұжымдық танымды жеткізетін негізгі мәдени мәтін ретінде ертегілердің рөлі ерекше екені көрсетіледі [7, 89-б.]. Ғалым

А. Таусоғарова «Қазақ ертегілеріндегі уақыт және кеңістік ұғымдарының концептуалдануы» атты мақаласында қазақ ертегілеріндегі уақыт категориясының өзіндік дүниетанымдық негізін айқындай отырып, оның циклдік және ғарышнамалық сипатта танылатынын атап көрсетеді. Зерттеуші қазақ ертегілеріндегі уақытты «қайталана беретін бір типті оқиғалардың бірізділігі» ретінде ұғынылатын циклдік модель және «сол бір ғана онтологиялық ұйғарылған мәтіннің қайталанатыны» тұрғысынан түсіндірілетін ғарышнамалық танымен байланыстырады. Сонымен қатар автор күнделікті өмірде үнемі қайталанып отыратын бір типті құбылыстардың қатарына табиғаттағы құбылыстардың циклділігін жатқызады. Аталған тұжырым қазақ ертегілеріндегі уақыт пен кеңістік ұғымдарының ұлттық танымен, мифологиялық сана және дәстүрлі дүниетүсінікпен тығыз байланыста қалыптасатынын дәлелдейді және зерттеу нысанындағы уақыт концептісін осындай қырынан қарастырудың ғылыми негізділігін қуаттайды [8, 203-б.]. П. Әуесбаева «Қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік құрылымы» атты мақаласында ертегі түрінің өзіне тән көркемдік ерекшеліктерімен қатар, барлық ертегілерге ортақ құрылымдық және поэтикалық заңдылықтардың бар екенін айтады: «Қиял-ғажайып ертегі-сюжеттік бөлшектерінің күрделі тарихи даму жолынан өткен. Бірақ ол ертегі поэтикасында жанрдың табиғатына сай бейімделіп, белгілі бір көркемдік қызмет атқарады» [9, 251-б.]. Яғни ертегі сюжетін айқындайтын негізгі сипат – оқиғаның кіріспеден басталып, тармақталусыз, күрделі бұрылыстарсыз алға қарай бірізді түрде дамуы. Қазақ ертегілерінің елеулі бөлігін қиял-ғажайып ертегілер құрайтыны белгілі, ал бұл жанрда көркем уақыт нақты хронологиялық өлшемдерге бағынбайды және көркем кеңістік те реалды болмыстан алшақ, шартты сипатта беріледі. Халық ертегілерін зерттеуде нағыз түбегейлі өзгеріс алып келген еңбек – В.Я.Пропптың «Қиял-ғажайып ертегінің морфологиясы» атты кітабы. Бұл еңбек функционалды лингвистика тұрғысынан қарастырылатын зерттеуге жаңа жол ашып берді. В.Я.Пропп теориясы бойынша, қиял-ғажайып ертегілердің барлығын 31 қызмет аясында қарастыруға болады [10, 27-б.]. Ғалымның аталған 31 қызметінің бүкілі қазақтың бір ғана ертегісінде (Ер Төстік) орын алатыны жан-жақты ғылыми әдебиеттерде дәлелденген (С.Қасқабасов, С.Қондыбай). Әрине, көп жағдайда бұл қызметтердің бірқатары бір-бірімен жұп, үштік құрап,

синтагматикалық және парадигматикалық қатынастар арқылы байланысып жататыны да белгілі.

Т. Нұрбеков «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» атты диссертациясында ертегінің үш маңызды қасиетін талдаған: бірінші белгі – тыңдаушының көңілін көтеруді мақсат етуі; Ертегі айталық, дидактикалық, ғибрат-үлгі мақсатында айтылса, тәлім-тәрбиеге айналады, сонымен бірге, көбінесе, авторлық ертегілер жаңа құрылымдық сипатқа ие болады. Екінші белгісі – өзіндік мазмұн бүтіндігінің болуы. Кез келген ертегінің басы, шарықтау шегі және оқиғаның жақсылықпен бітуі бар. Ертегі қиял-ғажайып немесе шыншыл ертегі, хайуанаттар туралы ертегі болуы мүмкін. Ертегіге ерекше тән белгі ондағы кейіпкердің кез келген тілегін орындайтын немесе кейіпкерге зиян келтіретін фантастикалық жаратылыстар болады (Мыстан кемпір, Жалмауыз кемпір, қасқыр, қарлығаш, сауысқан, самұрық құс, Бәйтерек т.б.); фантастикалық заттар (дастархан, ұр тоқпақ, ұшқыш кілем, алма, ағаш, көрінбейтін қалпақ т.б.) қиял-ғажайып жағдаяттар (ауада ұшу, балыққа, құстарға айналу, ұсақтау және тірілту т.б.). Үшінші белгісі – құрылымының ерекшелігі мен әлемнің тілдік бейнесі ретіндегі өзіндік ерекшелігі, менталдық сипаты [11, 14-15 бб].

Кейінгі кезеңдерде қазақ тіл білімінде ертегілердің тілін лексикологиялық және стилистикалық тұрғыдан қарастыру үрдісі қалыптасты. Бұл бағытта ертегі мәтіндеріндегі архаизмдер, этнографизмдер, тұрақты тіркестер, бейнелі сөз қолданыстары халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін танытатын тілдік бірліктер ретінде талданды. Алайда мұндай зерттеулер көбіне сипаттамалық сипатта болып, тілдік деректерді сандық тұрғыдан жүйелеуге негізделмеді. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында этнолингвистикалық және когнитивтік-лингвистикалық бағыттардың дамуына байланысты ертегі тілі ұлттық дүниетанымның, тілдік сананың және әлемнің тілдік бейнесінің көрінісі ретінде қарастырыла бастады. Бұл тұрғыда ертегілердегі базалық концептілер, символдар, мәдени кодтар мен бағалауыштық құрылымдар талдау нысанына айналды. Дегенмен, аталмыш бағыттағы еңбектерде де ертегі мәтіндері көбіне мысалдық деңгейде пайдаланылып, корпусқа негізделген кешенді талдау жеткіліксіз болды. Қазіргі кезеңде қазақ ертегілерінің тілін зерттеуде корпустық лингвистика әдістерін қолдану қажеттілігі айқын байқалады. Корпустық тәсіл ертегі мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің жиілігін, таралу аясын,

коллокациялық байланыстарын және жанрлық ерекшеліктерін нақты деректер арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ертегілерінің тілін корпустық негізде зерттеу – дәстүрлі бағыттарды толықтыратын әрі жаңа ғылыми нәтижелерге жол ашатын өзекті бағыт.

Осылайша, қазақ лингвофольклортануының қалыптасу және даму тарихын саралау – фольклорлық мәтіндерді зерттеудің күрделі эволюциялық жолын айқындайды. XIX ғасырда алғашқы мәтіндерді жинақтау және сипаттау кезеңінен бастау алған бұл бағыт XX ғасырдың екінші жартысында ұлттық тіл білімінің іргелі әрі дербес саласы ретінде қалыптасты. Ғылыми парадигмалардың ауысуы фольклор тілін тек этнографиялық немесе тарихи жәдігер ретінде ғана емес, ұлттық тілдік тұлғаның, халықтық поэтика мен дәстүрлі дүниетанымның қайнар көзі ретінде тануға жол ашты. Демек, дәстүрлі лингвофольклортану әдістері қазақ ертегілерінің ішкі мағыналық құрылымын, диалектілік негіздерін және көркемдік-бейнелеуіш құралдарын жүйелеуде берік теориялық негіз қалыптастырды, әрі бұл тәжірибе – қазіргі заманауи пәнаралық лингвистикалық зерттеулерге тірек.

1.2 Ертегі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері туралы ғылыми көзқарастар

Қазақ ертегілерінің тілдік құрылымы, семантикалық қабаттары, прагматикалық және когнитивтік сипаттары ұзақ уақыт бойы фольклортану және әдебиеттану тұрғысынан қарастырылып келгенімен, лингвистикалық аспектіде, әсіресе тілдік жүйе ретінде арнайы зерттеу нысанына толық айнала қойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ертегілері – тіл білімінде әлеуеті жоғары, бірақ ғылыми тұрғыдан әлі де жеткілікті деңгейде игерілмеген зерттеу саласы. Қазіргі кезеңдегі ертегілердің жалпы сипатын ескере отырып, оларды шартты түрде екі негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – ауызша дәстүр арқылы жеткен, ауызекі сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан, таза фольклорлық сипаттағы халық ертегілері. Бұл топқа ғасырлар бойы айтылып, ұжымдық санада орныққан дәстүрлі сюжеттер мен формулалар тән. Екіншісі – қазіргі әдеби үдеріс аясында нақты авторы бар, жазба тілде туындаған және біртіндеп дербес жанр ретінде қалыптасып келе жатқан жазба ертегілер.

Мұндай ертегілерде фольклорлық дәстүр элементтері сақталғанымен, авторлық стиль мен жазба әдеби тілдің нормалары басымдық алады.

Қазақ халық ертегілерінің тілдік табиғатын зерттеу арқылы ондағы әлемнің бейнесін танытатын ерекшеліктер мен ұғымдар жүйесін айқындау, оларды лингвистикалық тұрғыдан кешенді түрде саралау айрықша ғылыми мәнге ие. Ертегілерде көрініс табатын дүниетанымдық модельдер халықтың таным-түсінігімен, тарихи тәжірибесімен және тілдік санасымен тығыз байланыста қалыптасқан. Қиял-ғажайып ертегілер негізінен фантастикалық сипатқа ие болғанымен, олардың мазмұнында өмір шындығына тән оқиғалар мен жағдаяттардың сақталуы жиі байқалады. Қиялға құрылған ертегі желілерінде нақты өмір элементтерінің астарлы түрде көрініс табуы бұл жанрдың танымдық әлеуетін арттыра түседі. Ертегілердің ауызша орындалу ерекшелігі де олардың көркемдік табиғатын айқындайтын маңызды белгі. Ауызша айтылу барысында ертегі белгілі бір әуенмен, ырғақпен жеткізіліп, баяндау интонациясы тыңдаушының назарын аудару мақсатында құбылып отырады. Осы үдерісте ертегі айтушы мен тыңдаушы арасында жанды байланыс орнап, менталдық әрі эмоциялық қарым-қатынас қалыптасады. Тыңдаушыға әсер ету негізгі мақсат болғандықтан, ертегі тілінде бейнелі әрі нақты сөз қолданыстары, экспрессивті лексика, одағай сөздер мен диалогтық құрылымдар кеңінен пайдаланылады. Ертегі формасын сипаттауда үш негізгі категорияны бөліп көрсету қажет: сюжеттік модель, композициялық құрылым және стильдік ерекшелік. Жалпы алғанда, зерттеушілер әртүрлі халықтардың мәдени тәжірибесінде ортақ белгілердің болатынын, сонымен қатар халық ауыз әдебиеті туындыларында халықаралық сипаттағы ортақ сюжеттердің кең таралғанын атап көрсетеді. Бұл тұжырым фольклортану мен салыстырмалы әдебиеттану салаларындағы ғылыми еңбектерде орныққан қағида ретінде танылады.

Қазақ ертегілерінің тілі ұлттық тілдің тарихи, мәдени және танымдық қабаттарын тұтастай сақтаған жүйе ретінде сипатталады. Ертегі лексикасы тек сөздік құрам емес, халықтың дүниетанымы мен әлеуметтік тәжірибесінің тілдік бейнесі болып табылады. Осыған байланысты ертегі лексикасын қабаттарға жіктеу тілдің диахрониялық дамуын, мәдени ақпараттың жинақталуын және ұлттық тілдік сананың қалыптасуын түсіндіретін маңызды ғылыми мәселе болып табылады. Лексикалық қабат ұғымы тіл білімінде белгілі бір тарихи кезеңге, әлеуметтік ортаға немесе мәдени

тәжірибеге тән сөздер жиынтығын білдіреді. Қазақ тіл білімінде бұл ұғымды Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Ә.Қайдар еңбектерінде тарихи лексика, этнографиялық лексика және мәдени-таңбалық сөздер тұрғысынан жүйелеу ұсынылған. Ертегі тілі осы қабаттардың барлығын қамтитын синкретті лексикалық жүйе ретінде көрінеді.

Ғылыми әдебиеттерде ертегі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері ауызша сөз мәдениетімен, фольклорлық дәстүрмен және көркем ойлау жүйесімен тығыз байланыста қарастырылады. Зерттеушілер ертегі тілінің басты белгілеріне формулалық құрылымдардың тұрақтылығын, қайталаулардың жиілігін, бейнелі әрі экспрессивті лексиканың молдығын, сондай-ақ синтаксистік құрылымдардың қарапайым әрі қабылдауға жеңіл болуын жатқызады. Бұл ерекшеліктер ертегінің тыңдаушыға әсер ету қызметімен тікелей байланысты екені атап көрсетіледі. Ертегідегі көркем хронотоп нақты уақыт пен нақты кеңістік өлшемдеріне бағынбайды, керісінше, жалпылама және символдық мәнге ие болады. Мұндай шарттылық ертегі тіліндегі етістіктердің, мезгілдік көрсеткіштердің және кеңістік атауларының қолданысынан айқын көрінеді. Сонымен қатар, ертегі мәтіндерінің тілдік табиғатын бағалауыштық және модальділік категориялар арқылы сипаттайтын ғылыми көзқарастар да бар. Ертегі тілінде кейіпкерлерге, олардың әрекеттеріне берілетін оң және теріс бағалау көбіне тұрақты тіркестер, метафоралар, эпитеттер арқылы жүзеге асады. Бұл туралы Г. Сыздықованың ««Ер Төстік» ертегісінің лингвосемиотикалық аспектісі» атты мақаласында айтылады: «Ауыз әдебиетінің басқа түрлері секілді, ертегілердің де өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшеліктері бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір дайын құрылымдармен басталады. Мысалы: 1. Ертек-ертек ерте екен, Ешкі жүні бөрте екен, Қырғауылы қызыл екен; 2. Баяғыда бір бай болыпты, оның үш баласы болыпты; 3. Ерте заманда... Мұндай дайын ертегілік құрылымдар қазақ қиял-ғажайып ертегілер тіліндегі тілдік таңбалардың семиотикалық ерекшеліктерінің айқын дәлелі бола алады [12, 168-б.]. Ол сондай-ақ, ғалымдардың осындай қажеттілікті жүзеге асыру барысында түрлі халықтардың қиял-ғажайып ертегілерінің бірдей құрылымдарға ие екендігі туралы қорытындыға келгендігін атап көрсетеді: «Бірақ түрлі халықтардың қиял-ғажайып ертегілеріндегі тілдік таңбаларында елеулі мәдени айырмашылықтар бар екендігін аңғарады. Олар: 1. Қиял ғажайып ертегілер дискурсын құрайтын сценарийлер мен фреймдер; 2. Этно-бағдарланған маркерлер; 3. Сандар мен атаулар» [12, 168-б.]. Ал. Ж. Жақыпов

ертегі тілінің ерекшеліктеріне қатысты мынадай тұжырымын келтіреді: «Ертегіні тілдік бірліктердің мағыналық-құрылымдық ұйымдасуынан туындаған көркем шығарма ретінде танысақ, онда мәтіндегі ақпаратты беруде маңызды рөл атқаратын лексика-семантикалық қабатына талдау жасау бірқатар ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді. Оларға *кейіпкер, уақыт, кеңістік, сиқырлы заттар, дене мүше, сан, түр-түс* т.б. атаулардың семантикалық топтарын жатқызуға болады. Бұлардың әрқайсы мәтін құрылымында өзіне тән қызмет атқара отырып, бір-бірімен тығыз байланыста болады. Мәселен, қиял-ғажайып ертегілерде кездесетін пері зат атауы аспан секілді кеңістік мәнін білдіретін лексикалық бірлікпен, жалмауыз зат атауы үңгір секілді лексемамен мәтінде атқаратын ортақ қызметтеріне сәйкес бірге қолданыс табады» [13, 67-б.].

Диалог – ертегі сюжетін алға жылжытудың және кейіпкер бейнесін ашудың басты құралы. А. Қуаныш диалогтың адам образын ашудағы қуатты рөлін атап көрсетеді. Автордың зерттеуінше, кейіпкердің сөйлеу мәнері оның характерінің айнасы: жағымды кейіпкерлер сыпайы, байсалды сөйлесе, жағымсыз бейнелердің тілінен дөрекілік пен меншендік байқалады. Сондай-ақ, ертегі диалогтарында мақал-мәтелдер, қайталаулар мен фразеологизмдер ерекше әуезді стиль қалыптастырады [14, 301-б.]. Ж. Жетесова анималистік лексиканы халықтың дүниетанымы мен әлемді қабылдау тәсілі ретінде сипаттайды. Мысалы, қасқыр зоонимі түркі танымында «киелі жануар, тектілік» мағынасын берсе, ертегілерде жыртқыштық символы ретінде де көрінеді [15, 10-б.]. С. Жиреновтің пікірінше, ертегілердегі орнитологизмдер (құс атаулары) арқылы адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттер алмастырылып, аллегориялық және тәрбиелік қызмет атқарады. Мәселен, қарлығаш мейірім мен достықтың, ал жапалақ сатқындықтың символы ретінде суреттеледі [16, 89-б.]. Г. Кенжебекова мен Е. Түйте ертегілердегі бала бейнесін сипаттау үшін директ (тікелей) және индирект (жанама) әдістер қолданылатынын айтады. Бала образын жасауда «шырағым, бесік, ошақ, алтын сақа» сияқты этномәдени лексика қолданылып, бұл тілдік бірліктер ұлттық тәрбие мен педагогикалық дәстүрлерден хабар береді [17, 102-б.]. А. Қасымбекова ертегілерді лингвокогнитивтік тұрғыдан талдай отырып, ғаламның концептуалды бейнесі ертегі дискурсында сценарийлер мен фреймдер арқылы көрініс табатынын дәлелдейді [18, 28-б.]. Ал А.

Аденнің пайымдауынша, фразеологизмдер («түлкідей қу», «таудай алып») ертегілерді жарқын етіп, кейіпкерлердің мінезін бейнелеуге көмектеседі [19]. М. Люти ертегі мәтіндеріне бірөлшемділік, абстрактілік және жалпыламалық тән екенін айтады. Ғалымның пікірінше, ертегі тілінде нақты психологиялық сипаттаудан гөрі символдық және жалпылама бейнелеу басым болады. Сондықтан ертегі тілі қысқа, қарапайым әрі эмоционалды әсерге құрылған [20, 35-б.]. Дж. Кэмпбелл ертегі мен миф мәтіндерінің тілдік табиғатын зерттей отырып, олардың архетиптік құрылымға негізделетінін көрсетеді. Оның пікірінше, ертегі мәтіндеріндегі тұрақты образдар мен қайталанатын мотивтер адамзат санасындағы ортақ когнитивтік модельдерден туындайды [21, 29-б.]. С. Қасқабасов ертегі тілінің басты ерекшелігі – халықтық сөйлеу үлгілерінің мол сақталуы деп көрсетеді. Ғалым ертегі мәтіндерінде көнерген сөздер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер және ауызекі сөйлеу элементтері жиі кездесетінін айтады. Бұл ерекшеліктер ертегінің ұлттық сипатын айқындайды [22, 35-б.]. Р. Бердібаев ертегі мәтіндерінің тілінде ұлттық дүниетаным көрініс табатынын атап өтеді. Оның пікірінше, қазақ ертегілеріндегі тілдік бейнелер көшпелі мәдениетпен тығыз байланысты. Мысалы, жылқы, дала, жолаушылық секілді ұғымдар халықтың өмір салтын танытады [23, 90-б.].

Ертегі тілі – халық ауыз әдебиетінің ең көне әрі көркем салаларының бірі ретінде қалыптасқан ерекше тілдік жүйе. Ол ғасырлар бойы ауызша таралып, халықтың дүниетанымын, мәдениетін, тұрмысын және рухани құндылықтарын сақтап келген. Сондықтан ертегі тілі тек көркем баяндау құралы ғана емес, ұлттық таным мен тарихи тәжірибенің тілдік көрінісі болып саналады. Ертегі мәтіндерінің тілі қарапайым, түсінікті әрі бейнелі болып келеді. Бұл ерекшелік оның ауызша айтылып, көпшілікке арналған жанр болуымен байланысты. Ертегі тілінде көркемдік тәсілдер молынан ұшырасады. Әсіресе эпитет, теңеу, гипербола, метафора сияқты бейнелеу құралдары кең қолданылады. Батырларды «ай десе аузы, күн десе көзі бар», «арыстан жүректі», «алмас қылыштай өткір» деп сипаттау – ертегі тілінің поэтикалық ерекшелігін көрсетеді. Мұндай бейнелі сөздер мәтіннің әсерлілігін арттырып, кейіпкерлердің мінезін айқындай түседі. Ертегі мәтіндерінде қайталау тәсілі ерекше орын алады. Оқиғаның немесе белгілі бір сөздердің бірнеше рет қайталануы тыңдаушының назарын сақтауға көмектеседі әрі мәтіннің ырғақтық құрылымын қалыптастырады. Мысалы, кейіпкердің үш

сынақтан өтуі, үш жолдың кездесуі немесе бір әрекеттің бірнеше мәрте қайталануы ертегі жанрына тән дәстүрлі белгі болып табылады. Қазақ ертегілерінде үш, жеті, тоғыз, қырық секілді киелі сандар жиі кездеседі. Бұл халықтың көне дүниетанымымен тығыз байланысты. Ертегі тілінің маңызды ерекшеліктерінің бірі – ауызекі сөйлеу тіліне жақын болуы. Сөйлемдер көбіне қысқа әрі қарапайым болып келеді. Диалогтардың мол қолданылуы оқиғаның жандылығын арттырады. Кейіпкерлердің сөздері арқылы олардың мінезі, дүниетанымы және әлеуметтік орны байқалады. Жағымды кейіпкерлер көбіне сабырлы, байыпты сөйлесе, жағымсыз кейіпкерлердің сөздерінде дөрекілік немесе мысқыл байқалып отырады.

Ертегі мәтіндерінің лексикасында көнерген сөздер мен тұрақты тіркестер жиі кездеседі. Мұндай сөздер халықтың тарихи өмірі мен тұрмысынан хабар береді. Мысалы, хан, уәзір, күң, жорық, тұлпар секілді сөздер ертегі мәтіндерінің тарихи-мәдени сипатын танытады. Сонымен қатар мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің қолданылуы ертегі тілінің тәрбиелік мәнін күшейтеді. Ертегі тіліне тән тағы бір ерекшелік – оның эмоционалды-экспрессивті сипаты. Оқиғалар көбіне әсірелеу арқылы беріледі. Батырлардың ерекше күші, сиқырлы заттардың болуы, қиял-ғажайып мекендер мен бейнелер халықтың арман-мұратын білдіреді. Бұл тәсілдер ертегінің эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, тыңдаушының қиялын дамытады. Қазақ ертегілерінің тілінде ұлттық дүниетаным айқын көрінеді. Табиғатқа, жануарларға, үлкенге құрмет, адалдық, батырлық, еңбекқорлық секілді құндылықтар тіл арқылы беріледі. Мысалы, жылқы бейнесі қазақ мәдениетінде ерекше орын алатындықтан, ертегілерде тұлпар образы жиі кездеседі. Сол сияқты кең дала, асқар тау, киіз үй, көшпелі өмірге қатысты сөздер ұлттық болмысты танытады.

Қазіргі тіл білімінде ертегі мәтіндері лингвомәдени, когнитивтік және прагматикалық тұрғыдан зерттеліп келеді. Ертегі арқылы халықтың әлемді қабылдау ерекшелігі, ойлау жүйесі және мәдени коды анықталады. Сондықтан ертегі тілі – тек әдеби мұра емес, ұлттың рухани жадын сақтайтын маңызды тілдік құбылыс.

1.3 Корпустық лингвистиканың теориялық негіздері

XX ғасырдың ортасына қарай тіл білімінің негізгі салалары дербес ғылыми бағыттар ретінде қалыптасып, академиялық зерттеу

нысанына айналды. Осы кезеңнен бастап тілдің грамматикалық құрылымы, лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі мен тарихи дамуы жүйелі әрі қарқынды түрде зерттеле бастады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тіл білімінде жаңа кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін айқындау мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл кезеңде бұрынғы ғылыми мұраны қайта қарастыру, оны саралау және дамыту үдерісімен қатар, әлемдік лингвистикада қалыптасқан жаңа теориялар мен зерттеу әдістерін игеру кең өріс алды.

Сонымен бірге тіл дамуын қоғамның әлеуметтік-мәдени өзгерістерімен сабақтастыра қарастыру, заманауи ғылыми жетістіктер мен ақпараттық технологияларды тіл білімінде тиімді қолдану қажеттілігі туындады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы зерттеу тәсілдерінің жаңаруына ықпал етіп, тіл мамандарынан электронды ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын талап етті. Осы үдерістердің нәтижесінде тілді компьютерлік өңдеу, модельдеу және талдауға негізделген корпустық лингвистика қалыптасып, қазақ тіл біліміндегі ғылыми жаңарудың және жаңа технологияларды игерудің маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындалды.

Корпустық лингвистика тіл қазынасын, тіл қолданушының қолданыс әлеуетін дәйектейтін ауқымды мәтіндерді қамтып, жинақтайтын қорымыз болғандықтан, болашақ ұрпағымызға қалдырар мұрамызды жеткізуші құрал ретінде тиімді пайдалану – заманауи тіл білімінің басты мақсаттарының бірі.

Корпус ұғымының анықтамасына тоқталсақ, «корпус» дегеніміз – компьютер жадына енгізілген, лексикалық, грамматикалық бірліктері қамтылған мәтіндер жиынтығы. Ал, корпус лингвистикасы – ақпараттық технология мен лингвистиканың тоғысуы арқылы дүниеге келген пәнаралық ғылым. Дегенмен біраз уақыт дербес емес, тек компьютерлік лингвистиканың бір саласы ретінде қарастырылып келді. Мәселен, В. Захаров пен С. Богдановаңың «Корпусная лингвистика» атты еңбегінде оның компьютерлік лингвистиканың бір тармағы екендігі және компьютерлік технологияның көмегімен лингвистикалық корпустарды (мәтін корпустарын) өңдеудің ортақ қағидаларын құру әрі қолданумен айналысатындығы айтылады [24, 11-б.]. Г. Мәдиева, С. Бектемірова, Н. Исмайлова құрастырған сөздікте де корпус лингвистикасы компьютерлік лингвистиканың бір бағыты ретінде көрсетіледі [25, 14-б.]. Бұдан бөлек компьютерлік корпус лингвистикасы деп атағандар немесе корпус лингвистикасын компьютерлік лингвистика деп көрсеткендер де болды. Алайда

корпус лингвистикасының өзіндік мақсаты, пәні, нысаны, негізгі ұғымдары барын ескерсек, оны жеке ғылым саласы ретінде тануға негіз бар және соңғы жылдары қолданбалы лингвистиканың бір саласы ретінде аталып жүр. Мысалы, тіпті корпус лингвистикасын компьютерлік лингвистиканың бағыты ретінде ғана көрсеткен В. Захаров пен С. Богдановаңың еңбегінде де корпус лингвистикасының мақсаты, пәні, өзіндік терминологиясы беріледі [24, 13-б.]. Ал А. Кутузовтың «Корпус лингвистикасы» атты дәрістер жинағының екінші дәрісінің соңғы тақырыпшасында корпус лингвистикасы мен компьютерлік лингвистиканың ара-жігі ажыратылып, талданған. Екеуін салыстыра келе, А. Кутузов компьютерлік лингвистиканың корпус лингвистикасы үшін корпустарды өңдеу мен талдаудың құралдарын жеткізуші ретінде қызмет атқаратынын айтады. Оның себебін корпусты тек белгілі бағдарламалар арқылы компьютердің көмегімен өңдеуге болатындығымен, ал лингвистикалық жағынан бағдарланған ондай бағдарламаларды жазумен тек компьютерлік лингвистиканың айналысатындығымен байланыстырады. Ал ғылымда екеуінің бірге аталуын ғалымдардың көбіне корпус лингвистикасы мен компьютерлік лингвистиканы қатар зерттеуіне қатысты деп түсіндіреді [26, 11-б.]. В. Рыковтың дәрістер жинағында да корпус лингвистикасының пәні, мақсаты, негізгі ұғымдары аталады [27]. Корпус лингвистикасының мұндай сипаттары негізінен барлық еңбектерде бірдей. Бірақ зерттеу нысанына келгенде бірізді пікірлер аз. Соған сәйкес «Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» деген сұраққа да ғалымдар түрліше жауап береді. Сондықтан әлі күнге дейін ол әдіс пе, әдіснама ма, жүйе әлде парадигма немесе теория ма деген сұрақ өзекті. Ш. Тэйлор «Корпус лингвистикасы дегеніміз не? Деректер не дейді?» атты мақаласында корпус лингвистикасының құрал, әдіс, әдістаным, әдістанымдық тәсілдеме, теория, теориялық тәсілдеме, парадигма (теориялық немесе әдістанымдық) немесе осылардың барлығының жиынтығы ретінде қарастырылып жүргенін айтып, әртүрлі ғалымдардың тұжырымдарын ұсынады, бірақ нақты жауабын көрсетпейді, себебі мақаланың мақсаты ол сұраққа жауап беру емес, тек оқырманды ойландыру екендігін ашып айтады [28, 180-б.]. Ал енді бір ғалымдар бұл сұраққа қатысты өзіндік тұжырымдарын айтады және олардың арасында өзара ұқсас немесе қарама-қайшы пікірлер де бар. Мысалы, С. Грис «Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» деген мақаласын сұхбат әдісін негізге ала отырып жазады да, корпус лингвистикасын әдістанымдық

парадигма деп таниды [29, 1-б.]. Дж. Личтің пікірі С. Гристікіне ұқсас, өйткені ол да өз зерттеу еңбегінде корпус лингвистикасын тілді үйренудің әдістанымы деп қарастырады [30]. Осындағы парадигма дегені үлгіге алынатын теория немесе ереже емес, жүйе, жиынтық екендігін ескерген жөн. Өйткені екінші қатарға жататындықтан ғана екі ғалымның тұжырымдары бір жерден шығады. Басқаша жағдайда парадигма үлгі ретінде де беріліп жүр. Бұл тұжырым тіл үйренудегі әдістаным болса, тіл үйренудегі тәсілдеме деп танитындар да бар. Дж. Беннетт «Корпус лингвистикасын тіл үйретуде қолдану: мұғалімдерге арналған корпус лингвистикасы» еңбегінің бірінші бөлімін корпус лингвистикасын таныстыруға арнап, кіріспе тақырыбын «Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» деген сұрақпен бастайды. Автор оған тіл үйренудегі тәсілдеме деп жауап береді [31, 2-б.]. Ал М. Стаббс әдістаным дегенді мүлдем жоққа шығарады және бұған керағар пікірін білдіреді. Оның ойынша корпус лингвистикасы – лингвистикалық теория және талдау құралы [30]. Бұған ұқсас тұжырымды Вольфганг Тюберттен кездестіреміз. Ол «Корпус лингвистикасы менің нұсқамда» атты мақаласындағы тоғызыншы тезисінде корпус лингвистикасын теориялық тәсілдеме ретінде көрсетеді [32, 4-б.]. М. Стаббс та, В.Тюберт те корпус лингвистикасын теорияның аумағында шектейді және оны құрал деп таниды. М. Солнышкина мен Г. Гатияуллинаның «Корпус лингвистикасының даму тарихы» (ағылшын тілді корпустардың мысалында) атты мақаласында С.Кублер мен Х. Цинсмайстердің корпус лингвистикасын құрал әрі теория ретінде танитынын көрсетеді [33, 144-б.]. Бір еңбекте корпус лингвистикасына осындай екі дефинцияның қолданылуы бірнеше рет кездеседі және бұл сұраққа жауап іздеп отырған оқырманды одан сайын ойландыра түседі. Ал Т. МакЭнери және Э. Харди зерттеу еңбектерінің «Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» деген кіріспе тарауында корпус лингвистикасын әдістердің жиынтығы деп қарастырса [34], В. Захаров пен С. Богданова керісінше корпус лингвистикасын жеке әдіс деп атайды [24, 13-б.]. Сонымен, «Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» тақырыбы бойынша жазылған зерттеу жұмыстары жетерлік. Алайда тұжырымдар сан қилы және бір-біріне қарама-қайшы келетін тұстары және бір еңбекте корпус лингвистикасына екі түрлі түсіндірмемен беру де ұшырасады. Бұл олқылық деректердің дұрыс таралмауына алып келеді. Тіпті ресми сайттардың өзінде корпус лингвистикасының дефинициясы түрліше көрсетіліп жүр, ал ол үлкен

шатасуларды тудырады. Мәселен, «ағылшын лингвистикасы» сайтында корпус лингвистикасын әдістаным деп көрсеткен және әрі қарай осы төңіректегі деректерді ғана келтірген [33, 23-б.]. Бұның өзі тек біржақты сипатты көрсете алады, өйткені нақты жауабы жоқ сұрақ болғандықтан, түрлі ғалымдардың тұжырымдарын көрсеткен дұрыс. Себебі бірінші рет оқып отырған адам оны солай қабылдайды да, келесі жолы түсінбейтіндігі анық. Тіпті жеке құрал не парадигма емес, теориялық құрал, әдістанымдық парадигма дегендері де кездеседі. Яғни бір түсіндірменің бірнеше түрге жіктелуі тіпті қиын. Бұған ғалымдардың келтіретін аргументтері де бар. Сондықтан теория, тәсілдеме, құрал, әдістаным, парадигма, әдіс, т.б. жайлы нақты ой қорыту үшін әр ғалымның пікірін толық талдаған жөн.

«Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» сұрағын әр ғалымның тұжырымын толық талдау арқылы қарастырып көрейік. Ш.Тэйлор «Корпус лингвистикасы дегеніміз не? Деректер не дейді?» атты мақаласында Т.МакЭнеридің, В.Тюберттің, Э.Уилсонның, Дж.Личтің, т.б. пікірлерін бере келе, жалпы корпус лингвистикасы деген атаудың даулы екенін айтады. Себебі оған қарағанда «corpus-based, corpus-driven, corpus assisted analysis, approach/study» секілді тіркестердің жиі кездесетіндігін көрсетеді. Тіпті оған телінетін бір ғана тәсілдеменің екі-үш түрде (әдістанымдық, теориялық) келетіндігін ескере келе, тек корпус лингвистикасы деген терминнің қанша рет кездесетініне талдау жасайды. Сонда салыстырмалы зерттеу корпус лингвистикасына берілген анықтамалардың аздығын көрсетеді [28, 182-б.]. Расында, ағылшын тіліндегі зерттеулерде корпус лингвистикасына қарағанда «corpus-based» сынды тіркестер жиі ұшырасады. Ал терминге қойылатын талаптарға сәйкес оның бір ғана дефинициясы болуы керек. Бұл терминдер бір ізге түспейінше, яғни бірдей дефинцияға ие болмайынша немесе корпус лингвистикасы деген тіркестің өзі басым түрде қолданылмаса, «Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» деген сұрақтың жауабы ашық қала беретін секілді.

Вольфганг Тюберт «Корпус лингвистикасы менің нұсқамда» атты мақаласында мұндағы ойдың тек өз пікірі екенін айта келе, жиырма бес тезис ұсынады. Олардың арасында жалпы лингвистика төңірегінде қарастырылған тезистер де бар. В.Тюберт тоғызыншы тезисінде корпус лингвистикасын теориялық тәсілдеме ретінде көрсетіп, онышысында оның өз алдына әдіс емес екендігін және корпус деректерін талдау мен өңдеу барысында түрлі әдістер

қолданылатындығын айтады. Ғалымның ойынша корпус лингвистикасы нақты тілдік деректерге сүйенеді және тәсілдеме ретінде ізделініп отырған сұраққа қатысты категориялар мен классификацияларды көрсетеді [32, 4-б.]. Яғни ғалым корпус арқылы теорияны меңгеруге болатындығын айтады. Бірақ, біздіңше, бұл біржақты пікір. Себебі корпус арқылы барлық теорияны меңгеру мүмкін емес. Өйткені корпус нақты тілдік деректерге сүйенеді. Осының өзін В.Тюберт алтыншы тезисінде эмпирикалық деп атайды да, тоғызыншы тезисінде оның дәстүрлі лингвистикадан алшақтайтынын көрсетеді [32, 3-4-бб.]. Сондай-ақ, ол Аартс пен Уильямс сияқты, корпус лингвистикасын дисциплина ретінде де көрсетеді [29, 181-б.]. Мұндағы «дисциплина» сөзінің түсіндірмесі пән дегеннен гөрі нақты ғылым саласына жақынырақ. М.Стаббс корпус лингвистикасын қоғамдық әлеуметтік ғылымға жатқызса [32, 181-б.], В.Тюберт жиырма бесінші тезисінде оның жаратылыстану ғылымдары секілді «шындықты» іздеуді мақсат тұтпайтынын, сондықтан корпус лингвисті «сарапшы» секілді ненің жарап, ненің жарамайтынына қатысты тұжырым жасайтындай әлеуетке ие емес екендігін айтады [32, 7-б.]. Алайда ғалым он сегізінші тезисінде корпус лингвистикасының жеке тұжырымдармен де жұмыс жасайтынын, бұл жерде таңдалып алынған мәтіндік сегменттің екіұшты қолданылатынын ескеру керектігін жеткізеді [32, 6-б.]. Осы тұжырымдардағы маңызды екі нәрсеге көңіл бөлген жөн. Біріншіден, ғалымның пікірінде, жалпы тезистерінің арасында өзара қарама-қайшылық бар. Мысалы, бір тезисінде корпус лингвистикасы нақты деректерге сүйенбейді, мәтіндерді таңдап алуға мүмкіндік жоқ десе, екіншісінде «таңдалып алынған» сынды сипаттауларды береді және корпус лингвистикасын эмпирикалық деп сипаттайды. Екіншіден, В.Тюберт корпус лингвистикасын тоғызыншы тезисінде теориялық тәсілдеме деп көрсетсе, жиырма бесінші тезисінде дисциплина деп атайды. Мұндай екіұшты пікір тағы да үлкен сұрақ белгісін қалдырады. Өйткені тәсілдеме деп қана берсе, ғалымның тұжырымы деп қорытар едік. Ал екі бірдей дефинициянның бір еңбекте берілуі, әрине, сұрақтың үстіне сұрақ туындатады. Сол себепті бұның бәрін салыстыра, бағамдай келе, В.Тюберттің еңбегінде нақты жауаптың жоқтығын байқаймыз. Ғалым корпус лингвистикасын тәсілдеме және дисциплина деп таниды [32, 4-7 бб.].

Ал әдістанымды жоққа шығарған М.Стаббс корпус лингвистикасын, біріншіден, қоғамдық әлеуметтік ғылымға жатқызса

[29, 181-б.], екінші жағынан лингвистикалық теория, талдау құралы ретінде таниды [31]. Алайда бұл жерде тағы да екіұшты пікір екендігін және корпус лингвистикасында тәжірибелік сипаттың та барын ескерген жөн. Мәселен, сөйлеу корпустарына аудиожазбаны енгізуге, ал корпус лингвистикасының өзін зерттеуде қолдануға болады. Тіпті корпус құру қажет болса да корпус лингвистикасына жүгінеміз, жобалау кезеңін, критерийлерді, т.б. бәрін осының көмегімен жүзеге асырамыз. Сондықтан корпус лингвистикасын тек теориялық тұрғыдан қарастыру дұрыс емес деген пікірдеміз. Дегенмен корпус лингвистикасын әдістанымдық тәсілдеме деуге негіз бар деп ойлаймыз. Себебі корпустың көмегімен тілді үйренуге мүмкіндік бар. Бірақ бұның өзі толық жүзеге асады деу қиын, өйткені корпустардың бәрі бірдей тілді үйренуге көмектесе алмайды. Бұл ретте Дж. Лич пен Дж.Р. Беннеттің пікірі бір жерден шығады. Дж.Р. Беннетт «Корпус лингвистикасын тіл үйретуде қолдану: мұғалімдерге арналған корпус лингвистикасы» еңбегінде корпус лингвистикасының әдістанымдық тәсілдеме екендігін корпусқа берген анықтамасы негізінде дәлелдейді. Оның ойынша корпус – электронды түрде сақталатын тілдегі түрлі мысалдардың үлкен жиынтығы. Ғалым корпус лингвистикасының тілдегі лексикалық және грамматикалық функциялардың заңдылықтарын және түрлі сөздердің өзара айырмашылықтарын анықтауға көмектесетіндігін айта келе, бұның бәрі тіл үйренуде таптырмас құрал екендігін алға тартады [32, 2-б.]. Дж. Р. Беннеттің келесі аргументі Дж.Синклердің идеясымен байланысты және автор оны корпус лингвистикасының негізі санайды. Ол идея сөздің жеке тұрғанда емес, сөздер тізбегі ретінде мағынаға ие бола алатындығымен байланысты [32, 2-3 бб.]. Біздіңше, бұл – жақсы әдіс. Яғни корпус лингвистикасының көмегімен жеке сөздердің мәнін ғана емес, олардың тіркестегі, сөйлемдегі мәнін де жақсы түсіндіруге болады. Сөздің қолданысы арқылы тілді меңгеру де жеңілдей түседі. Сондықтан корпус лингвистикасын әдістанымдық тәсілдеме деуге келеді, бірақ бұның өзі оның әлеуетін толық ашпайды. Өйткені корпус лингвистикасының көмегімен тілді зерттеуге де мүмкіндік бар.

Тони МакЭнери және Эндрю Харди корпус лингвистикасының тіл білімінде зерттеуге болатын көптеген тақырыптардан айтарлықтай ерекшеленетінін, өйткені бұл тілдің қандай да бір аспектісін зерттеуге тікелей байланысты еместігін, керісінше бұл тілді зерттеуге арналған процедуралардың немесе әдістердің жиынтығына бағаланатын сала екендігін көрсетеді. Осы процедураларды ескере отырып,

лингвистиканың көптеген салаларында корпусқа негізделген тәсілдеменің қолданылатынын айтады [29, 12-б.]. Корпусқа негізделген делінгендіктен, ғалымдардың тұжырымдауындағы корпустың анықтамасын қарап көрейік.

Т.МакЭнери мен Э.Уилсонның еңбегінде корпус тілдік модель ретінде қолданылатын нақты тілдік критерийлерге сәйкес келетіндей таңдалып алынған тілдік фрагменттердің жиынтығы ретінде көрсетіледі [34, 4-б.]. Демек, ғалымдардың түсінігіндегі корпус лингвистикасы – тілдік фрагменттердің жиынтығына негізделген тәсілдеме. Бұл тұжырымның өзі жалпылық сипатқа ие. Себебі осы тәсілдеме арқылы нақты ненің жүзеге асатындығын көрсететін жалқылық тұсы да маңызды.

В. Захаров пен С. Богданова «Корпус лингвистикасы» еңбегінде швед ғалымдарының корпус лингвистикасын әртүрлі лингвистикалық зерттеу салалары әдістерінің жиынтығы ретінде атайтынына сілтеме бере отырып, өздері керісінше корпус лингвистикасын жеке әдіс деп атайды [24, 13-б]. Алайда авторлардың пікірлерінде өзара қарама-қайшылық бар. Өйткені «Корпус лингвистикасы лингвистикалық талдаудың әдісі ретінде тілді зерттеудегі вариантылықтарды көрсете алады», – деп бастайды да, кейін «Корпус лингвитстикасының жалпы лингвистикадағы орны жайлы сұраққа ойлана отырып, дұрысы, корпус лингвистикасы лингвистикалық зерттеудің әдістанымы болуы керек», – деп көрстеді. Яғни бірде әдіс, бірде әдістаным деген қарама-қайшы тұжырымдар бар. Бұл екі автордың бірігіп жазуынан кеткен олқылық дейін десек, өкінішке қарай, екеуі де бір тақырыптың ішінде тұр. Сондай-ақ, авторлар ағылшын әдебиеттерінде «corpus-based, corpus-driven» сынды екі атаудың қолданылып жүргеніне тоқталады [24, 14-б.]. Бұл атаулар қазір жеке-жеке қолданылып жүр және әрқайсысы өзіндік мәнге ие. Бірақ В. Захаров пен С. Богдановаңың тұжырымынан әдіс пе, әдіснама ма деген сұрақ тағы туындайды.

С. Гристің «Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» деген еңбегінде корпус лингвистикасын әдістанымдық парадигма деп таниды [30, 1-б.]. Ол Ф. Ньюмейерге сұхбат түрінде сұрақ қоя отырып, өзін мазалаған сұрақтарға жауап іздейді. Ф. Ньюмейер корпус лингвистикасын әдістаным деп атайды, бірақ С.Грис оған тағы да кері сұрақ қояды [30, 1-б.]. Ф. Ньюмейер түрлі атаулардың телінуі әр ғалымның өзіндік пікірімен ұштасатынын және әдіс, әдістаным, парадигма, тәсілдеме, т.б. ретінде қарастырылуы, керісінше, корпус лингвистикасының аясын кеңейте түсетінін айтады [30, 2-б.]. Алайда

қанша жерден зерттеу ауқымы кеңейсе де, бірізді түсініктің болғаны жөн деп ойлаймыз. С.Гристің өзі, осылайша, әдістанымдық парадигма деген тұжырым жасайды. Біздіңше де, корпус лингвистикасы парадигмалық сипатқа ие, яғни өз алдына бір жүйені құрайды. Сондықтан біздің тұжырым мынадай: корпус лингвистикасы – электронды мәтіндердің жиынтығына негізделген, соның көмегімен тілді үйренуге, зерттеуге, тәжірибеде қолдануға, т.б. мүмкіндік беретін жүйе. Ал корпусқа негізделген әдіс, тәсілдеме немесе әдістаным дегеннің бәрі осыдан келіп шыққан. Өйткені корпус лингвистикасының көмегімен бұның бәрін іске асыруға болады. Әрі, екінші жағынан, жүйенің үнемі кеңейіп отыратыны белгілі. Сол сияқты, корпус лингвистикасы ақпараттық технологияның дамуына қарай жыл сайын жаңа деректермен толықтырыла түсуде және корпустардың саны көбеюде. Ал әдіс немесе әдістаным, тәсілдеме десек, ол қатып қалған қағидат қана болушы еді. Яғни, мәселен, әдістің өзіндік қолданылатын аумағы, белгілі тәсілдері, т.б. болады. Ал корпус лингвистикасының төңірегінде біршама әдістің қолданылатындығы мәлім. Сондықтан осылардың бәрін ескере келе, біз корпус лингвистикасын парадигма деп танимыз.

«Корпус лингвистикасы дегеніміз не?» деген сұраққа жауап көп. Әр ғалым оны өзінше талдайды және жеке тұжырымдарын алға тартады. Әдіс, әдістаным, парадигма, тәсілдеме, т.б. деп қарастыратындар бар. Сондықтан соңғы кезде ағылшын тіліндегі зерттеу еңбектерінде корпус лингвистикасына қарағанда, «corpus-based, corpus-driven, corpus assisted analysis, approach/study» сынды атаулар жиі қолданылып жүр. Ең үлкен қиындықтардың бірі – оны әрі құрал, әрі теория ретінде қарастыратындардың немесе бір ғана тәсілдеменің бірнеше жіктелісінің болуы. Бұлардың барлығы үлкен шатастыруларды туындатады. Бірақ ғалымдардың осындай тұжырымдары мен аргументтерін қарастыра келе, олардың көбі біржақты немесе жалпылық сипатқа ие деп ойлаймыз. Сондықтан, біздіңше, корпус лингвистикасы – парадигма. Яғни электронды мәтіндердің жиынтығына негізделген, соның көмегімен тілді үйренуге, зерттеуге, тәжірибеде қолдануға, сөздіктер құрастыруға, тілдік деректерге қол жеткізуге, т.б. мүмкіндік беретін жүйе. Ал «corpus-based, corpus-driven», т.б. осыдан шыққан. Өйткені осы жүйенің көмегімен біршама әрекеттерді орындауға мүмкіндік бар.

Корпустық лингвистиканың қалыптасуы тілдік деректерді зерттеу тәсілдеріне елеулі өзгерістер енгізді. Қазіргі таңда тілдік

корпустарды пайдаланушылар ауқымы кең мәтіндік базалардан сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты мысалдарды қысқа уақыт ішінде іріктеп, іздеп табу мүмкіндігіне ие болып отыр. Бұл жағдай жаңа тілдік деректермен толықтырылған сөздіктердің жаңартылған нұсқаларын бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жедел әзірлеп, жариялауға жол ашты.

Корпустық деректерге сүйене отырып жасалған тілдік сипаттамалар ауқымды мысалдар негізінде құрастырылатындықтан, олардың дәлдігі мен ғылыми сапасы айтарлықтай арта түседі. Сонымен қатар іріктелген материалдарды мағыналық топтар бойынша жүйелеу, сондай-ақ жеке сөздер мен сөз тіркестерінің стильдік ерекшеліктерін, аймақтық қолданыстарын және функционалдық сипатын салыстыра талдау мүмкіндігі кеңейеді. Үнемі толықтырылып, көлемі ұлғайып отыратын мониторлық корпустар тілдік бірліктердің қолданыс динамикасын бақылауға және сөздік қордың құрылымын жетілдіруге маңызды негіз бола алады.

Корпус ұғымын қазақ ертегілерін зерттеуге қолдану ғылыми тұрғыдан негізді деп айтуға болады. Қазақ ертегілерінің корпусы – компьютерлік өңдеуге лайықталған форматта ұсынылған, жанрлық, хронологиялық және мәтіндік критерийлер бойынша іріктелген, сонымен қатар мәтін авторы немесе айтушысы, жинақталған уақыты мен орны, жанрлық түрі сияқты экстралингвистикалық белгілермен сипатталған ертегі мәтіндерінің репрезентативті жиынтығы болып табылады. Мұндай корпус ертегі мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің қолданыс жиілігін, құрылымдық ерекшеліктерін, тұрақты формулалар мен қайталанымдарды, сондай-ақ жанрға тән лексика-грамматикалық және стильдік маркерлерді нақты деректер негізінде анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ ертегілерінің корпусын құрастыру және сипаттау ертегі тілін дәстүрлі сипаттамалық деңгейден шығарып, оны сандық және сапалық талдауға негізделген жаңа ғылыми арнаға бағыттайды. Корпустық деректер арқылы ауызша дәстүрде қалыптасқан ертегі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктерін жүйелеу, әртүрлі ертегі түрлерін салыстыра талдау, сондай-ақ ертегі дискурсының ұлттық тілдік сана мен әлемнің тілдік бейнесін репрезентациялудағы рөлін кешенді түрде айқындау мүмкіндігі кеңейеді.

Ғылыми әдебиеттерде ертегі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері ауызша сөз мәдениетімен, фольклорлық дәстүрмен және көркем ойлау жүйесімен тығыз байланыста қарастырылады. Зерттеушілер

ертегі тілінің басты белгілеріне формулалық құрылымдардың тұрақтылығын, қайталаулардың жиілігін, бейнелі әрі экспрессивті лексиканың молдығын, сондай-ақ синтаксистік құрылымдардың қарапайым әрі қабылдауға жеңіл болуын жатқызады. Бұл ерекшеліктер ертегінің тыңдаушыға әсер ету қызметімен тікелей байланысты екені атап көрсетіледі.

Ертегі мәтіндеріндегі уақыт пен кеңістік категорияларының шартты сипатта берілуі де тілдік ерекшеліктердің бірі ретінде бағаланады. Ғалымдардың пікірінше, ертегідегі көркем хронотоп нақты уақыт пен нақты кеңістік өлшемдеріне бағынбайды, керісінше, жалпылама және символдық мәнге ие болады. Мұндай шарттылық ертегі тіліндегі етістіктердің, мезгілдік көрсеткіштердің және кеңістік атауларының қолданысынан айқын көрінеді.

Сонымен қатар ертегі мәтіндерінің тілдік табиғатын бағалауыштық және модальділік категориялар арқылы сипаттайтын ғылыми көзқарастар да бар. Ертегі тілінде кейіпкерлерге, олардың әрекеттеріне берілетін оң және теріс бағалау көбіне тұрақты тіркестер, метафоралар, эпитеттер арқылы жүзеге асады. Бұл құбылыс ертегінің тәрбиелік және дүниетанымдық қызметін айқындайды.

Қазіргі зерттеулерде ертегі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктерін корпустық деректер негізінде сипаттау қажеттілігі ерекше атап өтіледі. Корпустық талдау ертегі тілінің лексика-грамматикалық, семантикалық және стильдік белгілерін нақты деректермен дәлелдеуге, сондай-ақ ертегі мәтіндерін басқа жанрлармен салыстыра отырып талдауға мүмкіндік береді. Осылайша ертегі мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері туралы ғылыми көзқарастар дәстүрлі сипаттамадан дерекке негізделген жүйелі талдауға қарай бет алып отыр.

Қорыта айтқанда, корпус лингвистикасы қазіргі тіл біліміндегі тек қолданбалы техникалық әдіс қана емес, тілдік жүйенің шынайы болмысын зерттейтін жаңа методологиялық парадигма ретінде орнықты. Әлемдік тәжірибедегі мәтіндік корпустардың даму динамикасы тілдік деректерді эмпирикалық, статистикалық және объективті түрде талдаудың тиімділігін дәлелдеп отыр. Компьютерлік лингвистика құралдарының дамуы мәтіндерді үлкен көлемде сақтауға, оларды автоматты түрде өңдеуге және тілдік бірліктердің қолданыс жиілігін дәл есептеуге мүмкіндік берді. Бұл үдеріс қазақ тіл білімін, соның ішінде ұлттық мұра хатталған фольклорлық мәтіндерді заманауи цифрлық форматқа көшірудің,

олардың лингвистикалық құндылығын халықаралық деңгейде танытудың ғылыми қажеттілігін негіздейді.

1.4 Қазақ ертегілер корпусын қалыптастыру қағидаттары мен әдістемесі

Қазіргі тіл біліміндегі тіл мен мәдениеттің ажырамас бірлігі туралы тұжырым ертегілерді корпустық деректер негізінде талдаудың өзектілігін арттыра түседі. Тіл мен мәдениеттің табиғи әрі тарихи байланысы ертегі мәтіндерінде жинақталған тілдік бірліктер арқылы айқын көрініс табады. Осы байланыстарды концепт теориясы тұрғысынан қарастырумен қатар, корпустық әдістерді қолдану ертегі тіліндегі концептуалдық мазмұнды сандық және сапалық тұрғыдан нақтылауға мүмкіндік береді. Сондықтан қазақ ертегілерінің тілін ұлттық тіл корпусы материалдары негізінде зерттеу әлемнің тілдік бейнесін ашуда, тілдік бірліктердің қызметі мен қолданыс заңдылықтарын анықтауда маңызды ғылыми нәтижелерге жеткізеді.

Қазіргі фольклортануда жеткілікті деңгейде дамымаған, сондықтан өзекті болып отырған бағыттардың бірі – ертегі мәтіндерін корпустық негізде сипаттау мәселесі. Мұның негізгі себептерінің бірі – корпустық лингвистиканың қазақ тіл білімінде салыстырмалы түрде кеш қалыптасып, фольклорлық мәтіндерге, соның ішінде ертегілерге жүйелі түрде қолданылмауы. Соның салдарынан ертегі мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің жиілік көрсеткіштері, қолданыс заңдылықтары, лексика-грамматикалық ерекшеліктері мен жанрлық маркерлері сандық деректер негізінде әлі де толық айқындалмаған. Дегенмен әлемдік тіл білімінде фольклорлық мәтіндерді корпустық әдістер арқылы сипаттауға бағытталған шетелдік зерттеулердің бар екені белгілі.

Қазақ ертегілерінің тілін корпустық әдістер арқылы зерттеу, яғни ертегі мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің жиілігін, таралу өрісін, қайталану сипатын және жанрлық ерекшеліктерін нақты деректер негізінде анықтау қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті әрі тың ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Қазақ ертегілері фольклорлық жанрлар корпусында жиілік көрсеткіші жоғары, қабылдануы мен таралу ауқымы кең мәтіндер қатарына жатады. Олар ұлттық тілдік сананың, халықтық дүниетанымның және көркем ойлау жүйесінің вербалданған үлгісі ретінде маңызды тілдік дереккөз болып табылады. Алайда ертегілер әдебиеттану мен фольклортану тұрғысынан

салыстырмалы түрде мол қарастырылғанымен, қазақ тіл білімінде олардың тілдік құрылымы, лексика-семантикалық қабаттары, когнитивтік модельдері мен әлемнің тілдік бейнесін репрезентациялау ерекшеліктері корпустық әдістер негізінде жүйелі түрде зерттелді деп айту қиын. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ертегілерін корпус материалдарына сүйене отырып талдау – жанрдың тілдік табиғатын ашуға мүмкіндік беретін өзекті ғылыми бағыт. Қазіргі қазақ ертегілерін корпустық сипаттау барысында оларды кемінде екі ірі мәтіндік топқа жіктеуге негіз бар. Бірінші топқа ауызша дәстүр арқылы жеткен, ауызекі сөйлеу тіліне тән белгілері басым, таза фольклорлық сипаттағы ертегі мәтіндері жатады. Екінші топты нақты авторы белгілі, жазба тіл нормаларына сүйеніп қалыптасқан, қазіргі әдеби процесте жаңа жанрлық үлгі ретінде орныққан жазба ертегілер құрайды. Бұл екі топ корпус ішінде тілдік бірліктердің жиілік айырмашылығы, грамматикалық құрылымдары, стильдік маркерлері мен дискурсивтік ұйымдасуы тұрғысынан айқын ажыратылады.

Корпустық талдау тұрғысынан «ертегі» жанры – көлемі әркелкі, оқиғалық құрылымы дамыған, қиял-ғажайып және шынайы өмір элементтері қатар кездесетін мәтіндер жиынтығы ретінде сипатталады. Мұндай мәтіндерде бағалауыштық лексика, формулалық бастамалар мен аяқтамалар, тұрақты сюжет модельдері, кейіпкерге қатысты атрибутивтік құрылымдар жоғары жиілікпен қолданылады. Ертегілердің тілдік корпусы балаларға бағытталған дискурсқа тән жеңіл қабылданатын синтаксистік құрылымдармен, экспрессивті лексикамен және моральдық-этикалық мазмұнды кодтайтын тілдік бірліктердің тұрақты қайталануымен ерекшеленеді. Осы белгілердің барлығы ертегіні ұлттық тілдік сананы модельдейтін, әрі когнитивтік және мәдени ақпаратты сақтайтын маңызды корпус көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қиял-ғажайып ертегілердің жанрлық, поэтикалық және дүниетанымдық ерекшеліктері оларды тілдік тұрғыдан арнайы зерттеуді талап етеді. Бұл жанрда мифологиялық түсініктер, әлеуметтік қатынастар, тарихи сананың іздері мен халықтық мұрат көркем шарттылық арқылы бейнеленеді. Уақыт пен кеңістік категорияларының шартты берілуі, тұрақты формулалар мен қайталанымдардың жиілігі, батырлық жырларға тән құрылымдық элементтердің кездесуі – қиял-ғажайып ертегілердің тілдік жүйесін айқындайтын негізгі белгілер. Аталған ерекшеліктерді сипаттауда корпустық талдау әдістерінің маңызы зор. Қазақ қиял-ғажайып


ертегілерінің корпусын құрастыру арқылы уақыт пен кеңістік атауларының жиілігін, формулалық тіркестердің қайталану сипатын, батырлық дискурсқа тән лексикалық маркерлерді, ғажайып категориясына қатысты сөз өрістерін сандық және сапалық тұрғыдан анықтауға болады. Сонымен қатар, жоғары, ортаңғы және төменгі әлем концептілеріне қатысты тілдік бірліктердің қолданыс жиілігін салыстыру арқылы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі нақты деректер негізінде айқындалады. Корпустық әдіс қиял-ғажайып ертегілердегі уақыттың салыстырмалы сипатын (жер үсті уақыты мен өзге әлем уақытын), кеңістік модельдерін және кейіпкер типтерін сипаттайтын тұрақты құрылымдарды жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Осылайша ертегі мәтіндерін дәстүрлі сипаттамалық деңгейден шығарып, дерекке негізделген ғылыми талдау жасауға жол ашылады. Бұл тәсіл қиял-ғажайып ертегілердің тілдік құрылымын, жанрлық маркерлерін және дүниетанымдық кодтарын нақты статистикалық көрсеткіштер арқылы айқындауға мүмкіндік береді.

Корпус құру барысында ғылыми жүйелілік, мәтіндердің түпнұсқалығын сақтау және тілдік деректердің бірізділігі негізгі қағидаттар болып есептеледі.

Қазақ ертегілер корпусын қалыптастырудың алғашқы қағидаты – мәтіндердің аутенттілігін сақтау. Яғни корпусқа енгізілетін ертегілер мүмкіндігінше түпнұсқа нұсқада алынуы қажет. Фольклорлық мәтіндер ұзақ уақыт ауызша таралғандықтан, олардың бірнеше варианттары кездеседі. Сондықтан мәтінді өңдеу барысында диалектілік ерекшеліктерді, көне сөздерді, тұрақты формулаларды сақтап беру маңызды. Бұл қағида ертегінің ұлттық-мәдени сипатын жоғалтпауға көмектеседі.

Екінші маңызды қағидат – репрезентативтілік. Корпус қазақ ертегілерінің барлық негізгі түрлерін қамтуы керек. Әр жанрдан жеткілікті көлемде мәтін енгізу корпус материалдарының ғылыми тұрғыдан сенімді болуын қамтамасыз етеді. Егер корпус тек бір жанр негізінде құрылса, онда қазақ ертегілерінің толық тілдік жүйесін көрсету мүмкін болмайды.

Корпус қалыптастырудың келесі қағидаты – мәтіндерді жүйелі классификациялау. Әр ертегіге арнайы метадеректер беріледі. Оларды бірінші сызбадан көре аламыз:



1-сызба. Ертегі метадеректерінің мысалы

Метадеректер мәтіндерді автоматты түрде іздеуге және салыстырмалы зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазақ ертегілер корпусын құру әдістемесі бірнеше кезеңнен тұрады.

- Бірінші кезең – мәтіндерді жинау. Бұл кезеңде ертегілер ғылыми жинақтардан, архивтерден, фольклорлық экспедиция материалдарынан және сирек басылымдардан алынады. Сонымен қатар қазіргі кезеңде цифрланған кітапханалар мен электрондық қорлар да маңызды дереккөзге айналып отыр.
- Екінші кезең – мәтіндерді цифрландыру. Егер мәтіндер қағаз форматында болса, олар сканерленіп, арнайы OCR бағдарламалары арқылы мәтінге айналдырылады. Алайда қазақ тіліндегі көне графика мен ескі орфографияны тануда техникалық қиындықтар кездесетіндіктен, мәтіндер міндетті түрде қолмен тексеріледі.
- Үшінші кезең – мәтінді редакциялау және нормализациялау. Бұл жерде екі бағыт сақталады:

1. түпнұсқа мәтінді сақтау;
2. зерттеуге ыңғайлы стандартталған нұсқа жасау.

Кейбір корпустарда мәтіннің екі нұсқасы қатар беріледі: түпнұсқа және қазіргі орфографияға бейімделген нұсқа. Мұндай тәсіл тарихи-лингвистикалық зерттеулерге қолайлы.

- Төртінші кезең – таңбалау (аннотациялау). Бұл корпус лингвистикасындағы ең маңызды жұмыстардың бірі болып саналады. Қазақ ертегілер мәтіндері бірнеше деңгейде таңбалануы мүмкін:
  - морфологиялық таңбалау;

- синтаксистік таңбалау;
- семантикалық таңбалау;
- прагматикалық белгілеу;
- фольклорлық мотивтерді белгілеу.

Мысалы, ертегі мәтініндегі тұрақты эпитеттер, мифологиялық образдар, диалогтар немесе қайталама құрылымдар арнайы тегтер арқылы белгіленеді. Бұл кейін автоматты талдау жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ ертегілер корпусын құруда лингвомәдени аспект те маңызды орын алады. Себебі ертегілерде ұлттық дүниетаным, этномәдени ұғымдар, салт-дәстүрге қатысты лексика мол кездеседі. Сондықтан корпус тек тілдік база емес, мәдени-танымдық қор қызметін де атқарады. Қазіргі таңда әлемдік тәжірибеде фольклорлық корпустар кеңінен дамып келеді. Мысалы, орыс халық ертегілерінің электронды корпустары, ағылшын фольклорлық мәтіндер базасы, скандинавиялық мифологиялық корпустар ғылыми айналымда белсенді қолданылады. Қазақ тіл білімінде де ұлттық фольклорлық корпустарды дамыту қажеттілігі артып отыр. Бұл қазақ тілінің цифрлық ресурстарын көбейтуге және жасанды интеллект жүйелерінде ұлттық мәтіндерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақ ертегілер корпусын қалыптастырудың практикалық маңызы өте зор. Мұндай корпус:

- ертегі тілінің лексикасын зерттеуге;
- тұрақты формулаларды анықтауға;
- ұлттық концептілерді талдауға;
- жанрлық ерекшеліктерді салыстыруға;
- автоматты мәтін өңдеу жүйелерін жасауға;
- білім беру платформаларын дамытуға көмектеседі.

Сонымен қатар ертегілер корпусы мектеп пен жоғары оқу орындарында фольклорды оқыту процесінде де тиімді қолданыла алады. Цифрлық база арқылы студенттер мәтіндерді жылдам іздеп, тілдік талдау жүргізуге мүмкіндік алады. Жалпы алғанда, қазақ ертегілер корпусын қалыптастыру – ұлттық мәдени мұраны сақтаудың және қазақ тілінің ғылыми әлеуетін арттырудың маңызды бағыты. Корпус жасау барысында мәтіннің түпнұсқалығын сақтау, жанрлық толықтықты қамтамасыз ету, ғылыми аннотация жүргізу және цифрлық технологияларды тиімді пайдалану – негізгі талаптар.

Ұсынылған лингвистикалық қағидаттарды жүйелей келе, фольклорлық мәтіндер корпусын құру – қарапайым электронды

кітапхана немесе мәтіндер жиынтығын жасаудан түбегейлі ерекшеленетінін атап өту керек. Репрезентативтілік, толықтылық, теңгерімділік және ең бастысы – лингвистикалық аннотациялау (метадеректермен қамтамасыз ету) қағидаттары фольклорлық корпустың ғылыми аппаратын құрайды. Ертегі мәтіндерінің жанрлық, аймақтық, хронологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жасалған таңдамалар ғана тілдің нақты статистикалық бейнесін бере алады. Осы қағидаттар негізінде модельденген фольклорлық корпус болашақта қазақ ертегілерінің лексика-грамматикалық, семантикалық және стилистикалық табиғатын автоматтандырылған жүйеде қатесіз зерттеудің басты құралына айналады.

II тарау.
ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ КОРПУСТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Ертегі мәтіндеріндегі лексикалық бірліктердің қолданысы

Ертегі мәтіндеріндегі лексикалық бірліктердің қолданысына корпусқа сай сипаттама беру үшін біз халық арасында кең тараған ертегі түрлерін таңдап алдық. Оларды «Бабалар сөзінің» 73-76-томдары негізінде төрт топқа бөліп қарастырдық:

1) Хайуанаттар туралы ертегілер: «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі», «Жыл таласы», «Түлкі мен қасқыр»;

2) Қиял-ғажайып ертегілер: «Ер Төстік», «Алтын сақа», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ақбай», «Қали мен Қази»;


3) Батырлық ертегілер: «Керқұла атты Кендебай», «Құламерген», «Әлеуке батыр мен ұлы Орақ», «Бөген батыр»;

4) Новеллалық ертегілер: «Аяз би», «Атымтай Жомарт», «Бақтыбай би», «Әбдірахман патша» [35]

Алдымен хайуанаттар туралы ертегілерге тоқталайық:

1-кесте. «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі» ертегісіндегі лексикалық бірліктердің қолданысы.

Негізгі лексикалық бірліктер	Мысал	Жиілігі
Мүшел: Он екі жылдық айналым мағынасында қолданылады. Ертегінің басында терминдік сипатта берілген	«Қазақтың есептерінде жылдан үлкен мүшел дегендер бар. Мүшел – он екі жыл болады».	Жиілігі: 2 рет.
Жыл ағасы / Жыл басы: Көшпелілер күнтізбесіндегі иерархияны білдіретін тіркестер.	«...сол хайуандар жыл ағасы болуға дауласыпты», «Жыл басы болу маған лайық».	Жиілігі: «Жыл ағасы» – 2 рет, «Жыл басы» – 2 рет.
«Алысын жақын ету»: Жылқының жүйріктігі мен көлік ретіндегі маңызын сипаттайтын тұрақты тіркес.	«Мен адам үстіме мінсе, алысын жақын етемін...».	Жиілігі: 1 рет



1-диаграмма. «Қазақтың бұрынғыдан қалған сөзі» ертегісіндегі лексикалық бірліктердің жиілігі.

Сондай-ақ, бұл ертегіден «Бойына сеніп құр қалу», «қылынан арқан, жіп есу» секілді тіркестерді кездестіруге болады. «Бойына сеніп құр қалу»: Менмендік пен аңқаулықтың салдарынан мақсатына жете алмауды білдіретін фразеологизмге айналған орам. Қылынан арқан, жіп есу»: Малдың әрбір бөлшегінің тұрмыстық маңызын айқындайтын лексикалық тізбек.

Мәтінде «жыл» сөзі ең жоғары жиілікке ие (10-нан астам), сондай-ақ хайуанат атаулары (түйе, тышқан, жылқы) жарыс эпизодында жиі қайталанады. Адам, сүт сөздері 5 рет кездеседі.

2-кесте. «Жыл таласы» ертегісіндегі лексикалық бірліктердің қолданысы

Негізгі лексикалық бірліктер	**Мысал**	**Жиілігі**
Лақап: «Жыл келе жатыр» деген хабар, сыбыс мағынасында қолданылған.	«Бір кезде жануарлар арасында «Жыл келе жатыр» деген лақап тарайды».	Жиілігі: 2 рет.
Бәсекелесу: Жануарлардың өзара жарысын, тартысын білдіретін етістік.	«Бәрі де Жылды бірінен бірі бұрын көрмек болып, бәсекелесіп тұрады».	Жиілігі: 4 рет.

2-кестенің жалғасы.

«Жата қалып аунау»: Түйенің тышқанға деген өшпенділігі мен жек көру әрекетін сипаттайтын бейнелі тіркес.	«Тышқанның інін көрсе, түйенің жата қалып аунайтыны содан».	Жиілігі: 1 рет



2-диаграмма. «Жыл таласы» ертегісіндегі лексикалық бірліктердің жиілігі.

«Көзіне сену / Бойына сену»: Жануарлардың өзіне тән физикалық артықшылықтарын білдіретін лексикалық бірліктер.

«Жыл» және «көру» (күнді көру мағынасында) сөздері – осы ертегідегі 15-тен астам рет кездесетін негізгі лексемалар.

3-кесте. «Түлкі мен қасқыр» ертегісіндегі лексикалық бірліктердің қолданысы.

Негізгі лексикалық бірліктер	Мысал	Жиілігі
Сырттан: Өз түрінің ішіндегі ең мықтысы, ерекшесі (иттің сырттаны, қасқырдың сырттаны).	«Оны сырттан деп таныды».	Жиілігі: 6 рет.
Жерік ас: Қатты аңсаған, құмартқан тамақ мағынасында қасқырдың қозыға немесе адамға деген ашқарақтығын сипаттайды.	«Мен саған тәтті тамақ тауып берейін», «Исі мұрнына барған сайын жерік асына құмары артып...».	Жиілігі: 7 рет.

3-кестенің жалғасы.

Арандай ашу: Жыртқыштың жемтікке ұмтылғандағы ауыз ашу бейнесі.	«...аузын арандай ашып, құлаштап ұрып келе жатыр екен».	Жиілігі: 3 рет
Жандай дос: Екі кейіпкердің арасындағы жалған жақындықты білдіретін эпитет.	«...екеуі араларындағы татулығы мен тәттілігін үзбестей дос болыпты».	Жиілігі: 1 рет
«**Көтеншегін суырып алу»:** Түлкінің қасқырды алдап, ажалға итермелейтін қатыгез әрекетін білдіретін тұрақты сюжеттік тіркес.	«Түлкінің алдағанына иланып, өзінің көтеншегін суыртып, қаза табатын да... қасқыр». «Түлкі артына келіп, көтеншегін суырып алып, мырс етіп күледі».	Жиілігі: 1 рет



3-диаграмма. «Түлкі мен қасқыр»
ертегісіндегі лексикалық бірліктердің жиілігі.

«Тілі сала құлаш шығу»: Шаршағандықты немесе қатты құмарлықты (сілекейі шұбыру) білдіретін гиперболалық қолданыс. «Қабырғасы қайысу»: Аяушылық білдіру, бірақ ертегі контексінде бұл көбіне алдау үшін қолданылады. Мәтінде «түлкі» және «қасқыр» лексемалары басты кейіпкерлер ретінде ең жоғары жиілікте кездеседі. Сондай-ақ «алдау», «жеу», «қашу» етістіктері – сюжеттің динамикасын құрайтын жиі қолданылатын бірліктер.

Мәтіндегі негізгі сөздердің жиілігі (орташа): «Түлкі» – 25 рет, «Қасқыр» – 17 рет, «Алдау/Алдап» 4-5 рет, «Жеу» – 6 рет.

«Керқұла атты Кендебай» – қазақ батырлық ертегілерінің ішіндегі ең көнелерінің бірі. Негізгі лексикалық бірліктер:

- Керқұла: Батырдың айнымас серігі, «алты айлық жолды алты аттайтын», адамша сөйлейтін ғажайып тұлпардың атауы.
- Дәу / Арыстан / Жалмауыз кемпір: Батырдың басты қарсыластарын білдіретін мифологиялық нысандар.
- Қаһармандық үйлену: Болашақ батырдың некелік сынақтан өтуіне қатысты қолданылатын тұрақты лексема.
- «Ай сайын емес, күн сайын өсіпті»: Батырдың ғажайып туысы мен өсуін сипаттайтын гиперболалық тіркес.

- «Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті»: Батырлық ертегілерге тән формулалық орам.

Мәтінде «ат» және «батыр» сөздері ең жоғары жиілікке ие, «ат» сөзі 25 рет, «батыр» сөзі 18 рет ұшырасады.



4-диаграмма. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі лексикалық бірліктердің жиілігі.


«Әлеуке батыр мен ұлы Орақ» ертегісі жырдан туған немесе жырдың әсерімен пайда болған батырлық ертегілер тобына жатады. Ертегіде жіктеу есімдігінің үшінші жағы қысқартылып берілетін тұстар бар. Мысалы: «О да батыр бір туған». Мұндай қысқарту ертегінің барлық бөлігінде кездеседі. Бұл фольклорлық ерекшеліктен туындаса керек. Себебі ауызекі тілде «ол» жіктеу есімдігін «о» түрінде қолдану жиі кездеседі. Көркем әдебиетте авторлар кейіпкердің мінез-құлқын, сөз саптауын және өзге де ерекшеліктерін көрсету үшін осындай әдіске жүгініп жатады. Ақындардың шығармаларынан дәл осы «о» қолданысын жиі кездестіреміз. Жиі кездесетін сөздер: жау (30 рет), қалмақ (тарихи дұшпан – 18 рет), тұтқын (19 рет), кек (13 рет). «Шежірелік тұтастану»: Бір әулеттің ұрпақтар сабақтастығын білдіретін ұғым. «Баба Түкті Шашты Әзіз»: Батырлардың рухани жебеушісі ретіндегі ономастикалық бірлік. Мәтінде «жаугершілік» мазмұнына қатысты әскери лексика жоғары жиілікте кездеседі.



5-диаграмма. «Әлеуке батыр мен ұлы Орақ» ертегісіндегі лексикалық бірліктердің жиілігі.

«Құламерген». Бұл кейіпкер көбіне аңшылық пен мергендікке қатысты контекстерде аталады. Негізгі лексикалық бірліктер: Мерген: Кейіпкердің басты кәсібі мен атауын білдіретін доминантты лексема (28 рет). Жапан түз: Аңшылық өтетін иен даланы сипаттайтын географиялық лексика (15 рет). «Аң аулап, сейіл құрады»: Көшпелілердің аңшылық өмірін сипаттайтын дәстүрлі тіркес. «Мерген» және «аң» сөздерінің қолданыс жиілігі жоғары, өйткені бұл бейне – халықтың дүниетанымындағы ең көне идеалдардың бірі. Талданған батырлық және хайуанаттар туралы ертегілерде келесі сөздердің жиілігі 50-100-ден әлдеқайда асып түседі:

1. «Бір»: Ертегінің басында («Ертеде бір...») және баяндау барысында сан есім немесе белгісіздік есімдігі ретінде ең көп жұмсалатын бірлік.
2. «Ат»: Батырлық ертегілердегі «айнымас серік» ретінде кездесетін орталық лексема.
3. «Екен» / «Болыпты»: Ертегінің баяндау стиліне (эпикалық пафос) тән етістік тұлғалары.
4. «Дәу» / «Жалмауыз»: Батырлық ертегілердегі қақтығыс нысандары ретінде тұрақты қолданыста болады.



6-диаграмма. «Құламерген» ертегісіндегі
лексикалық бірліктердің жиілігі.

«Ер Төстік» ертегісіндегі жиі кездесетін лексикалық бірліктер: «Шалқұйрық» (ғажайып тұлпар – 12 рет), «Жалмауыз кемпір» (анти-қаһарман – 7 рет), «Кенжекей» (ақылды жар – 8 рет), «Төстік» – 23 рет. «Сорқұдықтың басына Сорға бола қонды әкем» – әкесінің қателігін білдіретін тұрақты сюжеттік орам. «Ай сайын емес, күн сайын өсіпті» – батырдың ғажайып өсуін сипаттайтын гипербола.



7-диаграмма.
«Ер Төстік» ертегісіндегі лексикалық бірліктердің жиілігі.

«Алтын сақа» ертегісіндегі жиі кездесетін лексикалық бірліктер: «Сақа» (ойын құралы/киелі зат), «Қотыр тай» (сиқырлы көмекші), «Бәйтерек» (әлемдік ағаш), «Жалмауыз». «Тұрсам, отыра алмаймын, отырсам, тұра алмаймын» – жалмауыз кемпірдің алдау сөзі. «Бетегеден биік, жусаннан аласа» – аттың ептілігін білдіретін формулалық орам. «Сақа» және «Кемпір» сөздері мәтіннің негізгі лексикалық тірегі. Олар мәтінде 30-дан аса жиілікпен кездеседі.

«Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісіндегі жиі кездесетін лексикалық бірліктер: «Күнікей», «Таукөшірер», «Көлжұтар», «Желаяқ» (ғажайып көмекшілер). «Күн астындағы Күнікей қыз» – қолжетпес сұлулық пен мақсаттың символдық атауы. Ғажайып көмекшілердің аттары сынақ кезеңдерінде (жүгіру, тау көтеру) жиі (5-8 рет) аталады.

«Ақбай» (Құбылу/Сиқыр ертегісі) Жиі ұшырасатын лексикалық бірліктер: «Қара төбет» (итке айналу), «Бозторғай» (құсқа айналу), «Сиқырлы жүзік», «Бибісара». «Ит болдым, қара төбет, бір бозторғай» – кейіпкердің магиялық құбылуларын сипаттайтын тізбек. «Жүзік» және «Ит» сөздері сюжеттің шешімі мен байланысында жиі қолданылады.

«Қали мен Қази» ертегісіндегі лексикалық бірліктер: «Мүжім ғылымы» (астрология/сиқыр), «Сиқыр», «Дәрі», «Қырғи». «Жақ-жақ» – тіріліп келе жатқан дененің шығаратын дыбысын білдіретін ономатопеялық бірлік. «Сиқыр» және «Мүжім» сөздері кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттауда негізгі орын алады.

«Аяз би» ертегісінде жиі кездесетін лексикалық бірліктер: «Аяз», «Жаман» (кейіпкер аты), «Билік», «Шешу», «Уәзір». «Ақылды жауаптар» мен «Шешілмеген жұмбақтар» ертегінің лексикалық құрылымын анықтайды. «Патша» және «Жаман» (басты кейіпкер ретінде) сөздері ең жоғары жиілікке ие.

«Атымтай Жомарт» ертегісіндегі жиі ұшырасатын лексикалық бірліктер: «Жомарттық», «Қайыршы», «Дүние», «Сауап». Дидактикалық мәндегі насихат сөздер басым. «Атымтай» және «Жомарт» сөздері этикалық идеал ретінде мәтінде тұрақты қайталанады.

«Бақтыбай би» ертегісіндегі лексикалық бірліктер: «Төрелік», «Дау», «Билік», «Бақтыбай». «Бала би» – жастайынан даналық

танытқан кейіпкердің эпитеті. «Би» және «Төрелік» сөздері дауды шешу эпизодтарында жиі кездеседі.

«Әбдірахман патша» ертегісіндегі лексикалық бірліктер: «Өлі су», «Тірі су», «Жасартатын алма».«Адамды жасартатын алма» – ертегінің негізгі магиялық нысаны. «Алма» және «Патша» сөздері сюжеттік желінің негізі болып табылады.


Сондай-ақ, ертегілердегі негізгі ерекшеліктердің бірі – ондағы концепттердің айрықша қолданысы. Концепт ұғымы қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың негізгі категорияларының бірі ретінде адам санасындағы білімнің құрылымын, дүниені тану ерекшеліктерін және ұлттық мәдениеттің тіл арқылы көрініс табуын сипаттайды. Әсіресе, бұл ұғымды халық ауыз әдебиетінің маңызды жанры – ертегі мәтіндері арқылы қарастыру оның мазмұнын тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Себебі ертегілерде халықтың дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі, моральдық құндылықтары мен ұлттық болмысы көркем бейнелер мен символдар арқылы жинақталып беріледі. Зерттеуші С. Жапақов: «концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» [36, 47-48-бб.] десе, Ш. Елемесова концептілерге көркем мәтіннің ассоциативті концептілік құрылымы арқылы келе отырып: «Концепт базалық когнитивтік маңыздылық ретінде мәнді пайдаланатын сөздермен байланыстырушы концептуализация процесінің мазмұнды бірлігі ретінде шындықтың адам миына бейнеленуі» [37, 85-б.] деп айтады. Ал, С. Жиренов концептіні: «Концепт – ойлау мен таным және мәдени процестердің жиынтығы бола келіп, адам ойындағы ғалам бейнесінің өзіндік белгілерінің ассоциациялануының нәтижесі. Концепт – тіл мен таным бірлестігі арқылы дүниені жан-жақты тануға, сонымен қатар ұлттық танымдық мәдениетті зерделеп ұғынуға ықпал ететін, адам санасында жинақталған аялық білімнің шоғыры тілдік танымдық бірлік. Концептілік мәнге ие доминантты талдау арқылы ақиқат дүниенің тілдік бейнесін тануға ұлттық танымдық мәдениеттің қалыптасу жолын білуге, сол арқылы бүгінгі тұрмыстағы хал-ахуал жайлы аялық білімде жинақталған ақпаратпен танысуға болады» [38, 8-б.] деп тұжырымдайды.

Ертегі мәтіндеріндегі концептілер – халықтың ғасырлар бойы жинақталған танымдық тәжірибесінің, дүниетанымының және рухани құндылықтарының көркем бейнесі. Сондықтан концепт ұғымын ертегілер арқылы талдау ұлттық мәдениетті, тілдік сананы және

халықтың әлемді қабылдау ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ ертегі мәтіндеріндегі «бай» концептісі ұлттық дүниетанымда тек материалдық молшылықты білдіретін ұғым емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебе, билік, жауапкершілік және моральдық-этикалық мінез-құлық өлшемдерімен тығыз байланысты күрделі концепт. Дәстүрлі қазақ қоғамында бай – мал-мүлкі түгел, төрт түлігі сай, шаруашылығы шалқыған, әлеуметтік тұрғыдан жоғары тұрған адам ретінде танылады. Кей жағдайларда «бай» бейнесі хан, патша секілді билік иелерімен де астасып, қоғамдағы үстем тап өкілінің символына айналады. Мысалы, «*Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Келе-келе түйелері болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты*» [35] («Ер Төстік» ертегісі) деген жолдар байдың дәулетін, мал саны арқылы оның әлеуметтік мәртебесін айқын көрсетеді.

Ертегілердегі «бай» концептісі көп жағдайда моральдық бағалау тұрғысынан сипат алады. Яғни бай адам тек дәулетті тұлға ретінде емес, сонымен бірге мінез-құлықтық қасиеттері арқылы да сипатталады. Ертегі мәтіндерінде бай бейнесі жиі жағымсыз семантикамен беріледі: ол сараң, қатыгез, әділетсіз, кейде ақымақ немесе қорқақ кейіпте көрініс табады. Мысалы, «… Бай соншалық бай бола тұрса да шығынсынып бірде-бір қолына жұмысшы ұстамайды. Бар малды сол жалғыз баласы бағады екен» [35] («Жас баланың сапары» ертегісі) деген үзіндіде байдың сараңдығы, еңбек күшін дұрыс ұйымдастыра алмауы және өз мүддесін ғана ойлауы айқын көрінеді. Ал «*Өкпе суға батып кетіп, әлден уақыттан соң жалмауыз кемпір болып судан шығады да байдың жағасынан ала кетеді. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай жалғыз баласын жалмауызға бермек болады, кемпір байды қоя береді*» [35] («Алтын сақа» ертегісі) деген мысалда байдың қорқақтығы мен моральдық әлсіздігі ашылады. Мұнда байдың байлығы оның рухани беріктігін қамтамасыз ете алмайтыны, керісінше, қиын сәтте оның әлсіз мінезін айқындайтыны байқалады.



2-сызба. Қазақ ертегілеріндегі «бай» концептісінің мәні.

Осылайша, қазақ ертегілеріндегі «бай» концептісі екі жақты семантикалық өрісте көрінеді: бір жағынан – байлық, молшылық, әлеуметтік үстемдік символы болса, екінші жағынан – моральдық сын объектісі ретінде сараңдық, әділетсіздік, әлсіздік секілді қасиеттермен байланыстырылып, халықтық этикалық көзқарастың көрінісін береді.

Керісінше, «кедей» концептісі қазақ ертегі мәтіндерінде әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жұтаң, мал-мүлкі аз, күнкөрісі қарапайым, көбіне жалғызбасты немесе әлсіз әлеуметтік топ өкілі ретінде сипатталады. Дегенмен бұл образ тек материалдық тапшылықпен шектелмей, рухани-адамгершілік қырынан да тереңдетіледі. Ол көбіне адал, еңбекқор, ақылды, тапқыр, қиындыққа мойымайтын, әділдікке жақын адам ретінде көрініс табады. Мысалы, «*Бұрынғы өткен заманда бір жесір кемпір болыпты. Бұл кемпірдің пезент дегенде жалғыз баласы болыпты, мал дегенде он шақты ешкісі болыпты. Бала ешкілерін бағып жүреді*» [35] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі). Бұл үзіндіде кейіпкердің әлеуметтік жағдайы төмен болғанымен, оның өмірі еңбекпен тікелей байланысты екені байқалады. Осындай образ арқылы кедейлік әлсіздік емес, керісінше еңбекқорлық пен жауапкершілікке бастайтын өмірлік кеңістік ретінде беріледі.

Сонымен қатар, кедей кейіпкері өмірлік тәжірибесі арқылы қиын сәттерде жол таба алатын, тапқыр, зерек тұлға ретінде суреттеледі. Ол

көбіне кездейсоқтық немесе тағдыр сынағы арқылы ерекше мүмкіндікке ие болып, өз ақыл-парасаты мен батылдығының арқасында сол мүмкіндікті дұрыс пайдаланады. Мысалы, қазақ ертегісінде бала мал бағып жүріп, алтын мүйізді киікке кезігіп, оны ұстап алып патшаға тарту етеді: «*Бір күндері бала далада ешкілерін жайып жүріп, алтын мүйізді шұбар киікті тағы да көреді. Сол арада бала әлгі шұбар киікті ұстап алады. Ханға алып жүреді*» [35] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі).

Мұндай сюжеттерде кедей кейіпкері кездейсоқ олжаға тап болып қана қоймай, оны дұрыс мақсатқа бағыттай алатын моральдық таңдаудың иесі ретінде көрінеді. Нәтижесінде ол әлеуметтік сатыда көтеріледі, «бай болып, барша мұратына» жетеді. Мысалы: *«Сонымен күн астындағы Күнікей қызды бала алып, екеуі той жасап, қосылады. Ел-жұрты баланың ерлігіне риза болып, оны хан сайлайды»* [35] («Күн астындағы Күнікей қыз»).



3-сызба. Қазақ ертегілеріндегі «кедей» концептісінің мәні.

Осылайша, ертегі мәтіндеріндегі «кедей» концептісі тек әлеуметтік маркер емес, сонымен қатар моральдық-этикалық құндылықтарды бойына жинақтаған, әділдік пен еңбектің арқасында биіктікке жете алатын трансформацияланушы бейне ретінде танылады.

«Батыр» концептісі – қазақ ертегі мәтіндерінде ерекше, мифопоэтикалық сипатта қалыптасатын күрделі мәдени-танымдық образ. Ол көбіне ата-анасының ұзақ уақыт перзент көрмей, құдайдан

жалбарынып тілеп алған баласы ретінде немесе тағдырдың ерекше белгісімен дүниеге келетін кейіпкер ретінде сипатталады. Батырдың өмірге келуі қарапайым биографиялық желіден тыс, ғажайып оқиғалармен астасып жатады: оның тууы, балалық шағы, өсуі мен жетілуі – барлығы да табиғи заңдылықтан тыс қарқынмен, ерекше жылдамдықпен өрбиді. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде Кендебайдың өсуі мен күшеюі гиперболалық тәсіл арқылы беріледі: *«Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті…»* [35]. Мұндай сипаттамалар батырдың табиғи адамнан жоғары, ерекше қуатқа ие тұлға екенін көрсетеді.

Ертегілік кеңістікте батыр – тек күш иесі ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік әділеттілікті орнатушы, елдің қорғаны және халықтың үмітін ақтаушы тұлға. Ол жоқты табады, әлсізді қорғайды, жауды жеңеді, қиындықты еңсереді. Оның әрекеті жеке мүддеге емес, тұтас елдің игілігіне бағытталады. Батырдың бойында шексіз күш, қайсарлық, тапқырлық және адалдық сияқты қасиеттер тоғысады. Ол отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын, кез келген сыннан мүдірмей өтетін жеңімпаз бейне ретінде сомдалады.

Осылайша, батыр концептісі ертегі мәтіндерінің сюжеттік өзегін құрай отырып, халықтың идеал ер адам туралы арман-аңсарын, моральдық-этикалық құндылықтарын және дүниетанымдық моделін бейнелейді. Батыр образы тыңдаушыны қызықтырып қана қоймай, оны ерлікке, батылдыққа, әділдікке және отаншылдыққа тәрбиелейтін көркем-идеологиялық құрал қызметін атқарады.

«Сандық» концептісі – ертегі мәтіндерінде жиі ұшырасатын, ерекше семантикалық және символдық жүк арқалайтын бағалы зат бейнесі. Ол тек материалдық құндылықтарды сақтайтын бұйым ғана емес, сонымен бірге халықтың мифологиялық танымында рухани, тылсым күштермен байланыстырылатын күрделі мәдени код ретінде көрінеді. Сандықтың ішіне алтын-күміс, асыл бұйымдармен қатар, адамның тағдыры, жаны, өмірлік қуаты сияқты абстрактілі ұғымдардың «жасырылуы» оның сакралды сипатын күшейтеді. Осы арқылы сандық ертегі поэтикасында дүниенің тұтастығын, оның бірнеше қабаттан тұратын құрылымын (материалдық және рухани әлем) бейнелейтін символдық модель қызметін атқарады.

Ертегілік дәстүрде сандық көбіне сиқырлы кеңістік ретінде сипатталып, оның ішінде шексіз байлық немесе ерекше құпия сақталады. Мысалы, кейбір сюжеттерде кейіпкердің жаны немесе өмірлік күші бірнеше қабатпен қорғалып, бір заттың ішінде «жасырын» түрде беріледі. Бұл мифологиялық ойлаудың көне қабаттарымен байланысты, яғни адамның өмірі мен рухы физикалық объектіге тәуелді, оны сақтау немесе жою арқылы тағдырды өзгертуге болады деген түсінікті білдіреді. Мәселен, қазақ ертегілерінде жанды сандыққа орналастыру мотиві кең таралған: «*Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қайқы қаракер елік бар, қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар, сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғыз менің жаным болады…»* [35] («Ер Төстік» ертегісі) тәрізді мысалдарда сандық бірнеше қабатты қорғаныс жүйесі ретінде көрініп, кейіпкердің өмірлік мәнін сақтайтын киелі контейнер қызметін атқарады.

Сонымен қатар, сандық концептісі ұлттық мәдениетте байлық пен қазынаның символы ретінде орныққан. Ол үй ішіндегі береке мен молшылықтың белгісі ғана емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын рухани мұраның сақтаушысы ретінде де танылады. Сандықтың жабық, құпия кеңістік болуы оның сакральды мәнін күшейтіп, ішіндегі дүниенің тек лайықты адамға ғана ашылатынын білдіретін символикалық құрылым жасайды. Осылайша, ертегі мәтіндеріндегі «сандық» бейнесі байлық, құпия, қорғаныс және рухани тұтастық сияқты бірнеше концептуалдық қабатты біріктіретін күрделі мәдени-танымдық ұғым ретінде қызмет етеді.

Ертегі мәтіндеріндегі тағы бір маңызды тірек концепті – «үй». Қазақ ертегі дискурсында бұл концепт тек тұрмыстық баспана ұғымын ғана емес, сонымен қатар кеңейген символдық-мәдени мағынаны да қамтиды. Үйдің негізгі архетиптік көрінісі ретінде киіз үй алынады және ол өзінің ішкі жіктелуі арқылы әлеуметтік құрылымды, тұрмыс деңгейін және кейіпкердің қоғамдағы орнын айқындайды. Қазақ ертегілерінде киіз үйдің ақ боз үй, отау, қараша үй, лашық сияқты бірнеше мағыналық және символдық түрлері жиі ұшырасады. Әрбір түрі тек архитектуралық ерекшелікті ғана емес, иесінің әлеуметтік мәртебесін, байлық дәрежесін және моральдық бейнесін де білдіреді.

Мәселен, ақ боз үй көбінесе байлықтың, дәулеттіліктің, салтанат пен жоғары әлеуметтік статустың белгісі ретінде беріледі. Ол бай, хан,

би сияқты әлеуметтік элита өкілдерінің мекені болып, олардың кеңдігі мен билігін символдайды. Ал қараша үй немесе жыртық киізді, жұпыны үй кедейліктің, жоқшылықтың, әлеуметтік төмен таптың көрінісі ретінде сипатталады. Мұндай үй иелері көбіне тұрмыстық қиындықпен өмір сүретін, бірақ моральдық тұрғыдан адал, еңбекқор немесе тағдырдың сынағына ұшыраған кейіпкерлер болып келеді. Отау ұғымы болса, көбінесе жас отбасының, жаңадан құрылған шаңырақтың белгісі ретінде көрініп, өмірдің жаңа кезеңін, үміт пен болашақты бейнелейді.

Ертегілік кеңістікте ерекше орын алатын тағы бір түр – айдалада немесе орман ішінде жалғыз тұрған лашық. Бұл типтегі үй көбіне мифологиялық немесе демонологиялық кейіпкерлермен байланыстырылады. Лашық – мыстан кемпір, дәу, ұры, қарақшы сияқты жағымсыз немесе қауіпті бейнелердің мекені ретінде көрініс табады. Мысалы, *«Жылқыға келсе, жылқының ішінде тігулі қара қос тұр». Сондай-ақ «…Бір лашықтың жанында бір тал бар екен, талдың түбінде жарбиған бір жаман кемпір отыр»* [35] («Ер Төстік» ертегісі) деген үзіндіде де осы кеңістікке тән қорқынышты атмосфера айқын байқалады.

Аталған мекендер ертегі мәтіндерінде жай ғана фондық кеңістік қызметін атқармайды, олар кейіпкерлердің мінезі мен әрекетіне тікелей әсер ететін семантикалық белгі ретінде қызмет етеді. Яғни, ертегідегі үй концептісі кеңістікті ғана емес, моральдық бағалау жүйесін де ұйымдастырады: байдың ақ боз үйі – тәртіп пен биліктің, кедейдің қараша үйі – қиындық пен төзімнің, ал айдаладағы лашық – қауіп пен зұлымдықтың символдық белгісіне айналады. Осылайша, ертегі мәтіндеріндегі үй бейнесі халықтық дүниетанымдағы әлеуметтік жіктеліс пен кеңістік туралы мифопоэтикалық түсініктің көрінісі ретінде қалыптасады.

Ертегі мәтіндеріндегі «үйлену» концептісі қазақ ертегі дискурсында құрылымдық әрі мағыналық тұрғыдан аса маңызды орын алатын, сюжеттік өзек құраушы басты ұғымдардың бірі болып саналады. Көп жағдайда ертегі оқиғасының композициялық шарықтау шегі мен бақытты аяқталуы дәл осы үйлену мотивімен тікелей байланысты өрбиді. Батырдың немесе басты кейіпкердің ұзақ әрі ауыр сынақтардан өтіп, ақыл-ойы мен ерік-жігерін, физикалық күшін дәлелдеу арқылы қол жетпейтін, ерекше сұлу әрі ақылды қалыңдыққа үйленуі – ертегілік дүниетанымдағы идеалдық үйлесім мен әділеттің салтанат құруының символы.

Мысалы, «Сонымен күн астындағы Күнікей қызды бала алып, екеуі той жасап, қосылады. Ел-жұрты баланың ерлігіне риза болып, оны хан сайлайды» [7] («Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі). Бұл үзіндіде үйлену тек жеке өмірлік акт ретінде ғана емес, әлеуметтік мәртебенің өзгеруімен, яғни кейіпкердің қарапайым адамнан билік иесіне дейін көтерілуімен қатар беріледі. Демек, үйлену мотиві ертегіде тек романтикалық шешім емес, сонымен бірге әлеуметтік әділеттіліктің жүзеге асуының, лайықты адамның марапатталуының көрінісі ретінде қызмет атқарады.

Ертегі сюжеттерінде үйлену концептісі көбіне қалыңдықты іздеу мотивімен, алыс сапарларға шығу, тылсым күштермен күресу, алыптар мен жауыз кейіпкерлерді жеңу сияқты күрделі оқиғалар желісімен тығыз байланыста өрбиді. Кейіпкердің жолындағы кедергілер оның ішкі рухани кемелденуін, ерлік пен даналыққа жету эволюциясын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, үйлену – дайын нәтиже ғана емес, ұзақ трансформацияның логикалық қорытындысы ретінде көрінеді.

Жалпы, ертегі дискурсы тыңдаушыға қызықты сюжет ұсына отырып, белгілі бір моральдық-этикалық құндылықтарды да сіңіреді. «Үйлену» концептісі арқылы адалдық, табандылық, ерлік, әділеттілік сияқты қасиеттер дәріптеліп, кейіпкердің жеңісі тек жеке бақыты емес, қоғамдық үйлесімнің орнауы ретінде түсіндіріледі. Осылайша, қазақ ертегілеріндегі концептілер жүйесі халықтың тілдік санасы мен мәдени жадын бейнелейтін тұтас когнитивтік модель ретінде қарастырылады. Бұл зерттеу ертегі мәтіндерін лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан талдаудың теориялық және әдістемелік мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Тілдік бірліктердің шағын корпус аясында алынған статистикалық көрсеткіштері қазақ ертегілерінің мәтіндік архитектоникасын нақты сандармен сөйлетті. Жиіліктік сөздіктер мен конкорданстар негізінде жасалған талдаулар ертегі дискурсының өзіндік ядролық (орталық) лексикасын айқындап берді. Сөзқолданыстардың жиілігі мен олардың мәтіндегі таралу пайызы ертегілердің мазмұндық әрі жанрлық доминанталарын көрсетеді. Бұл статистикалық деректер дәстүрлі зерттеулердегі субъективті болжамдарды жоққа шығарып, ертегі мәтінінің құрылымдық тұрақтылығы мен тілдік жүйелілігін математикалық дәлдікпен дәлелдеуге мүмкіндік туғызды. Статистикалық көрсеткіштер – ертегі

тілін әрі қарай семантикалық және грамматикалық деңгейде тереңдете зерттеудің объективті базасы.

2.2 Архаизмдер, тарихи сөздер және бағалауыштық лексика

Қазақ тіл білімінде фольклор тілін, әсіресе ертегі мәтіндерінің лексикалық құрамын зерттеу – ұлттық дүниетанымды, тарихи сананы және халықтың бағалау жүйесін тануда маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Ертегі тілі халықтың өткен өмірі, әлеуметтік құрылымы мен мәдени тәжірибесі туралы мол ақпарат беретін күрделі тілдік қабат ретінде ерекшеленеді. Ертегі мәтіндерінде қазіргі тілдік қолданыста сирек кездесетін немесе мүлде қолданыстан шығып қалған архаизмдер, белгілі бір тарихи кезеңнің ерекшеліктерін сипаттайтын тарихи сөздер, сондай-ақ кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін, адамгершілік қасиеттерін айқындайтын бағалауыштық лексика кеңінен ұшырасады. Архаизмдер мен тарихи сөздер халықтың көне тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жүйесін, әскери мәдениетін және салт-дәстүрін бейнелесе, бағалауыштық лексика халықтың моральдық ұстанымдары мен дүниетанымдық көзқарастарын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, ертегі тіліндегі аталған лексикалық қабаттарды кешенді түрде қарастыру қазақ халқының тілдік санасын, ұлттық құндылықтарын және этномәдени танымын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Ғалым І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев архаизм жайлы былай дейді: «Архаизмдер күнделікті тұрмыста, дін ұғымында, ескі әдет-ғұрыптарда қолданылады.

Мысалы:

«Молда емессің, соқырсың,
Зікір айтып зарлаған,
Жаназа оқып өлгенге,
Підия алып жалмаған» (Жамбыл).

Молда, зікір, жаназа, підия сөздері өткен ғасырдағы діни салтқа байланысты қолданылғандықтан, қазіргі қазақ тілінде кездеспейді деуге болады. Жамбыл бұл өлеңді революцияға дейінгі дәуірде айтқан. Қазіргі қазақ тілі лексикасының дамуы дәуірінде *зікір, жаназа, підия* сөздері архаизм ретінде ғана қолданылады, себебі жоғарыдағы дінге байланысты салттардың бәрін халық ұмытып барады. Сонымен қатар, бұл сөздер сөздік қордан шығып қалды. Мысалы, *зікір, жаназа, підия* сияқты сөздердің Қазақстанның шет түкпірлеріндегі адамдардың

сөйлеу тілінде кездесіп қалуы мүмкін, ал қазіргі әдеби тілде бұларды тарихи дәуірді сипаттауда ғана кездестіреміз» [39 ,141-б.]. Зерттеуші Р.Сыздық: «Заман неғұрлым әрілеген сайын, қазіргі нормамен салыстырғанда, көнерген элементтердің молынан ұшырасуы заңды да, түсінікті де. Бірақ ілгерідегі әдеби мұра ауызша сақталғандықтан, көптеген бейтаныс дүниелер мәтіннен ығысып, бізге түсініктірек баламаларымен жеткені аян. Әйтсе де бұл мұралардан «көненің көздерін» – архаизмдерді табуға болады. Оларды шартты түрде төртінші сызбадағыдай үш топқа бөліп қарастыру керек.



4-сызба. Архаизмдердің түрлері.

- біріншісі – бұл күнде мүлде қолданылмайтын бейтаныс түрлері;
- екіншісі – қазір де түсінікті, бірақ қолданыстан шығып қалған пассив элементтер;
- үшіншісі – қазір де қолданылатын, бірақ өзгеше мағынаға ие болғандар.

Алғашқы қатарда қыпшақ тобындағы түркі тілдеріне о бастан тән емес, көне түркілік бірен-саран сөздер бар. Мысалы, Асан Қайғының: «Ал қолыңды маларсың алтын менен күміске» деген жолдарындағы *ал* сөзі көне түркілік (және орыс тіліндегі ладонь сөзімен байланысты), жазы (дала, жапан дала), салу (қалдыру, тастап кету), кежі (күзет), құрсау (орау), толғау (орау), толғамалы (оралған), сақыну (сақтану), соңратын (соң, кейін) сөздері өте көне. Олардың

мағыналары бұл күнде не көмескіленген, не өзге мәнде, онда да омоним ретінде қолданылатындар. Мысалы, «қалдыру, тастап кету» мағынасындағы салу етістігі мен «қою, енгізу» ұғымындағы қазіргі салу етістіктері бір ұядан өрбіген, яғни семантикалық қозғалысқа түскен бір сөз емес, сыртқы тұлғалары бірдей, мағыналары бөлек омонимдер. *Ал* сөзі де сондай: «қол» мағынасындағы ал мен түсті білдіретін *ал* сөздері омоним тұлғалар. Құрсау сөзі «орау» мағынасындағы толғау деген сөз немесе «айдай әлем, күндей күлем» деген тіркестегі күлем сөздері тұрақты тіркестер – фразеологизмдер құрамында ғана сақталған «сарқындылар» (реликтілер).

Ал жазы, сақын, соңратын сөздері осы күнгі жазық, сақтан, соң деген сөздермен түбірлес, сол себептен контекске қарай түсінігі де оңайырақ баламалар болғанымен, қазірде қолданылмайтын тұлғалар. Сындырау, тебір, ағбыту, кембідей ару жалар, кірмембес, күрлем, күспен, ұным, нараду, нарт, үрмеу, ісіріп сияқты сөздердің мән-мағынасын түсінуге де, әзірше айқындауға да мүмкіндігіміз жоқ (әрине, бұлардың бәрі бірдей көне сөздер болмауы да ықтимал).

Үшінші топқа қарындас, жұрт, алаш, ару, ауыр, қыршын, озу тәрізді сөздерді жатқызуға болады. Бұлардың мағыналары біраз өзгеріп, семантикалық қозғалысқа түскен. Қарындас сөзі бұл күнге дейін екі мағынада қолданылады, бірақ қазіргі әдеби нормадағы мағынасы – «ер адамның жасы кіші әйел жынысты туысқаны» және жалпы ер адамға қатысты айтылғанда жасы кіші әйел заттың атауы. Қарындас сөзінің осы мағынасы қазақ мақалдарында да сақталған: «Ауру астан, дау қарындастан», «Жан қарындас болса да, мал қарындас емес» т.б. Бұл сөздің көрсетілген семантикасы қазақ әдеби тілінде ұзақ уақыт бойы сақталып келгені Махамбет, тіпті Абай тілінен де байқалады. «Туысқан, жақын адам» мәнінде жұмсалуы қазіргі қазақ поэзиясында да жоқ емес. [40, 110-б.]

Қ.Қ. Сарекенова: «Тілдегі сөздің көнеруі не біржолата жоғалуы – күрделі құбылыс, ол өте ұзақ уақытты қажет етеді. Белгілі ұғымның көнеленуіне байланысты оны аңғартатын сөздің де қолданысы сирей бастайды. Демек, актив қабаттан пассив қабатқа көшеді деген сөз.

Көнерген сөздерді түсінікті, түсініксіздігіне қарай көне сөз, көнеленген сөз деп бөлуге болады: а) көне сөздердің мағынасы түсініксіз, олардың мағынасын тек этимологиялық талдау арқылы ғана анықтауға болады. Ондай сөздер сөз тіркестерінде жиі кездеседі. ә) көнеленген сөздер қолданылудан қалғанмен, мағынасы аздап

түсінікті болып тұрады. Көнерген сөздер екі топқа бөлінеді. Олар: *тарихи сөздер, архаизмдер.*


Тарихи сөздер. Қоғам дамуының барысында көптеген ұғым ескіріп, оны аңғартатын сөз де актив лексика қатарынан қала бастайды. Бұндай сөздер негізінен, тарихқа байланысты болып келеді. Тарихи сөздердің қазіргі қазақ тілінде синонимдері болмайды, ал архаизмдерде ол бар. Олар негізінде көне дәуірге қызмет еткен, сол кездің ұғымын ғана бере алады. Дегенмен, тарихи сөздер кейде жаңа ұғым үшін жаңа мағынада қолданылып, актив лексикаға енуі мүмкін. Мысалы, би сөзі дойбы ойынында дамка ұғымында қолданылады. Қазы сөзі жюри ұғымында айтылып жүр.

Архаизмдер. Тарихи сөз зат, ұғымның ескіруіне байланысты болса, архаизмдер ұғымның емес, атаудың ескіруіне байланысты қалыптасады. Мысалы: ұлыс (халық), тілмаш (аудармашы), бодан (халық) т.б. Архаизмдердің аңғартатын ұғымы жойылмайтындықтан, оның жаңа атауы синоним болып келеді. Архаизм лексикалық және семантикалық архаизмдер болып екіге бөлінеді. Лексикалық архаизмдерге қазіргі тіліміздің ұмыт болған сөздер жатады. Ал, семантикалық архаизмдерге бұрын да, қазіргі актив лексикада да жиі, бірақ бұрынғы мағынасында емес, жаңа мағынада қолданылатын сөздер жатады [41,101-б.].

Қазақ халық ертегілері – ұлттың рухани мұрасын, дүниетанымын, тарихи жадын сақтайтын аса құнды тілдік әрі мәдени дереккөздердің бірі. Соның ішінде «Алтын сақа» мен «Керқұла атты Кендебай» ертегілері көне лексикалық қабаттардың мол сақталуымен ерекшеленеді. Аталған мәтіндерде архаизмдер, тарихи атаулар және бағалауыштық сипаттағы тілдік бірліктер кеңінен қолданылып, халықтың әлеуметтік құрылымы, дүниетанымы мен этикалық нормалары көрініс табады. Бұл ертегілерде хандық дәуірге тән лексика (хан, уәзір, сардар, орда), батырлық дәстүрге қатысты атаулар (ер, батыр, тұлпар, жорық), сондай-ақ кейіпкерлердің моральдық-этикалық бейнесін айқындайтын бағалауыштық сөздер (айбарлы, қайсар, зұлым, арам, адал) жиі ұшырасады. Мұндай тілдік бірліктер тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, сонымен қатар көркем мәтіндегі кейіпкерлердің мінез-құлқын, әлеуметтік мәртебесін, авторлық бағалауды жеткізетін маңызды стилистикалық құрал болып табылады. Қазіргі қазақ тіл білімінде архаизмдер мен тарихи сөздер көбіне лексикологиялық тұрғыдан жеке зерттеліп келеді. Алайда ертегі мәтіндеріндегі бұл лексикалық қабаттарды бағалауыштық

лексикамен өзара байланыста, кешенді жүйе ретінде қарастыру жеткілікті деңгейде жүзеге аспаған. Осыған байланысты, аталған ертегілер тіліндегі көне сөздер мен тарихи атаулардың семантикалық табиғатын, олардың бағалауыштық мәнмен ұштасуын және мәтін ішіндегі функционалдық қызметін бірлікте талдау – өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Зерттеу барысында архаизмдер мен тарихи сөздердің тек өткен дәуірдің тілдік қалдығы емес, қазіргі тілдік сананың қалыптасуына әсер ететін мәдени-танымдық бірліктер екендігі айқындалады. Сонымен қатар бағалауыштық лексика арқылы халықтың дүниені жақсы-жаман, адал-арам, батыр-қорқақ сияқты бинарлық оппозициялар негізінде қабылдауы көрінеді. Бұл құбылыс ертегі мәтіндерінің тәрбиелік, идеологиялық және эстетикалық қызметімен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, «Алтын сақа» мен «Керқұла атты Кендебай» ертегілеріндегі архаизмдер, тарихи сөздер және бағалауыштық лексиканы кешенді түрде талдау қазақ тіл білімінің лексикология, стилистика және мәтінтану салалары үшін маңызды ғылыми нәтижелер беріп, ұлттық тілдің тарихи даму заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

5-сызба. Архаизмдердің қолданысы



Архаизмдер мәтінге көне дәуірдің тілдік бояуын беріп, оқырманды өткен заманның рухымен байланыстырады. Архаизм сөздер арқылы

сол кезеңдегі әлеуметтік қатынастар мен тұрмыс ерекшеліктері айқындалады. Сонымен қатар, архаизмдер кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін шынайы көрсетіп, ертегінің тарихи-этнографиялық сипатын күшейтеді.

Осындай көне сөздердің бірі – «қанжыға» сөзі. Берілген «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі үзіндіде бұл сөз көшпелі тұрмысқа тән заттық ұғымды білдіру үшін қолданылған. Мәтінде: «Кендебай Керқұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келеді» деген сөйлем арқылы «қанжыға» – аттың ерінің екі қапталына байланып, жүк немесе олжа салуға арналған бау, қайыс екенін аңғартады. Сонымен қатар, ол қазақ халқының дәстүрлі өмір салты мен тұрмыс-тіршілігін, атқа міну мәдениетін көрсететін маңызды тілдік бірлік ретінде көрінеді.

Қанжыға. Бір нәрсені байлау үшін ердің екі жақ қапталының арт жағынан тесіп өткізілген жіңішке қайыс [42, 120-б.]. Яғни, бұл сөз көшпелі тұрмысқа тән заттық ұғымды білдіреді және қазіргі тілде сирек қолданылатындықтан архаизм қатарына жатады. Қазақ халқының дәстүрлі өмірінде қанжыға ерекше қызмет атқарған, себебі ол аңшылықта алынған олжаны немесе жолға қажетті заттарды тасымалдауға мүмкіндік берген. Аталған архаизм ертегі мәтінінде бірнеше маңызды қызмет атқарады. Біріншіден, ол оқиғаның тарихи-мәдени кеңістігін айқындап, көшпелі өмір салтының нақты көрінісін береді. Екіншіден, кейіпкердің әрекетін шынайы әрі нанымды етіп көрсетіп, Кендебайдың батырлық болмысын толықтыра түседі. Үшіншіден, мәтіннің көркемдік-танымдық құндылығын арттырып, оқырманды ұлттық дүниетаныммен байланыстырады. Сонымен қатар, бұл сөз қазақ тілінің байырғы қабатын танытып, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени ерекшелігін бейнелейтін маңызды тілдік бірлік болады.

Науа. Мал суаратын астаудың бір түрі [42, 158-б.]. Ертегідегі қолданысына назар аударсақ, «науа» сөзі арқылы халық тұрмысының нақты бір көрінісі бейнеленеді. Мәтіндегі: «Құлындар, алтын науадан қалмай, біздің соңымызға ереді де отырады» деген үзіндіде «науа» – құлындарды суаратын астаудың бір түрі ретінде қолданылған. Бұл жерде автор жай ғана тұрмыстық затты атап қоймай, оны «алтын науа» деп беру арқылы ертегіге тән әсірелеу, көркемдеу тәсілін қолданады. Аталған архаизм ертегі мәтінінде бірнеше маңызды қызмет атқарады. Біріншіден, ол оқиғаның ұлттық-мәдени сипатын айқындап, қазақ халқының мал шаруашылығына негізделген тұрмыс-

тіршілігін көрсетеді. Екіншіден, «алтын» сөзімен тіркесуі арқылы заттың ерекше, ғажайып сипатқа ие екенін білдіріп, ертегілік кеңістікті күшейтеді. Үшіншіден, кейіпкерлердің әрекеті мен қоршаған ортаны нақты әрі бейнелі түрде суреттеуге мүмкіндік береді.

Жамау. Жыртылған киімді бүтіндеу үшін салынатын өзі түстес материал. Үстіне оңып кеткен ескі шүберектен талай жеріне жамау салған ескі шекпен, оның бір етегін қайырып беліне қыстырып алған, басында ескі тымақ (Т.Ахтанов. Боран) [43, 68-б.]. Ертегідегі қолданысына назар аударсақ, «жамау» сөзі кейіпкерлердің тұрмыс-тіршілігін нақты әрі шынайы бейнелеу мақсатында қолданылған. Мәтіндегі: «Қазанқап құс атып күн көреді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен...» деген үзіндіде «жамау» – тозған, жыртылған киімді немесе бұйымды қайта тігіп, бүтіндеу әрекетін білдіреді. Берілген сөз арқылы кейіпкерлердің әлеуметтік жағдайы, яғни қарапайым еңбек арқылы күн көретін отбасы екендігі айқындалады. Сонымен қатар, олардың тіршілігінің мазмұны мен шаруашылық әрекеті нақтыланып, мәтіннің шынайылық сипаты күшейеді. «Жамау» сөзінің қолданылуы халық тұрмысындағы үнемшілдік пен еңбекқорлықты танытып, дәстүрлі өмір салтының бір қырын көрсетеді.


Жұрт. Көшіп кеткен елдің, ауылдың, үйдің орны, үй тіккен жер. Өзі киіз үйдің дөңгелене шеңберленіп, шөбі тапталған ескі **жұртына** қарай жүрді (Қ.Сәрсекеев. Кілт). Жігіт аң-таң. Ауыл бұны жұртқа тастап көшіп кеткен сияқты (Ә.Тарази. Құйрықты) [44, 23-б.]. Ертегідегі қолданысында, «жұрт» сөзі арқылы кеңістік пен жағдайдың өзгерісі нақты әрі бейнелі түрде беріледі. Мәтіндегі: «Жұртқа келсе, алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен» деген үзіндіде «жұрт» – көшіп кеткен елдің, ауылдың орны, яғни бұрынғы қоныс, ескі мекен мағынасында қолданылған. Бұл сөз арқылы оқиға өткен ортаның сипаты айқындалып, кейіпкердің әрекеті белгілі бір кеңістікпен байланыста көрсетіледі. Сонымен қатар, «жұрт» ұғымы қазақ халқының көшпелі өмір салтына тән қоныс ауыстыру дәстүрін танытып, тарихи-мәдени ақпарат береді. Мәтінде оның қолданылуы оқиғаның шынайылығын күшейтіп, ұлттық дүниетанымға тән кеңістік түсінігін ашады.

Зарығу. Қолы жетпей ынтықты, мұқтаж болып сарғая тосты. Тұла бойы тұңғышын – ұлын бір көруге зарығып, аңсаумен ғана өтіп барады ғой бар ғұмыры («Оттас»). Инеге жіп сабақтап көрмеген пенде енді бір үзім нанға зар болып, кәсіп іздеді (Ө.Қанахин) [44, 52-б.].

Берілген сөз арқылы кейіпкердің психологиялық жай-күйі, яғни ұзақ уақыт бойы күткеніне жете алмай, іштей қиналып жүргені айқын көрінеді. Сонымен қатар, «зарығу» ұғымы адамның тек сыртқы әрекетін емес, оның жан дүниесіндегі толғанысты, сағыныш пен мұңды бейнелейді. Мұндай қолданыс мәтіннің эмоциялық-экспрессивтік әсерін күшейтіп, оқырманға кейіпкердің халін терең сезіндіреді.

Бесті ат. Бес жасқа келген ат. Одан әрі түйенің піштірілген еркегі – құнан атан немесе атанша, дөнен атан, бесті атан, атан делінеді. (Соц. Қаз., 18.10.1981, 4) [44, 30-б.]. Ертегідегі қолданысына назар аударсақ, «бесті ат» сөзі арқылы аттың жас ерекшелігі мен тәрбиеленген деңгейі нақты сипатталған. Мәтіндегі: «Ер салғанда, тай бесті атқа айналады» деген үзіндіде «бесті ат» – бес жасқа келген, әрі күш-қуаты мен мінуге жарамдылығы қалыптасқан атты білдіреді.

6-сызба. Тарихи сөздердің этномәдени мағынасы



Қазақ ертегілерінде тарихи сөздер мәтіннің мәдени және әлеуметтік контекстін нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Олар арқылы оқырман сол дәуірдің тұрмыс-тіршілігін, халық дәстүрі мен қоғамдық қатынастарын сезінеді. Мәтіндегі кейіпкерлердің әрекеті мен мінез-құлқы сол кезеңнің жағдайымен үйлесім тауып, оқиға шынайылығын арттырады. Сонымен бірге, тарихи сөздердің қолданылуы ертегінің көркемдік деңгейін көтеріп, оқырманға дәстүрлі дүниетаным мен мәдени ерекшеліктерді жеткізеді. Олар мәтінге тарихи нақтылық қосып, ұлттық мәдениеттің маңызды аспектілерін көрсетуге қызмет етеді.

Жорық. Шабуыл, қарулы шайқас. Кейін Азияда қолына найза ұстап **жорыққа** аттанғандарды, нағыз қазақтың әдетінше көрші елдеріне шабуыл жасай бергендерді жұрт «қазақ» деп атай беретін болған (М.Дулатов, Шығ) [44, 69-б.]. «Ол жорықта қолға түскен адам» деген сөйлемде «жорық» сөзі тарихи сөз ретінде қолданылған. Бұл сөз қазақ тілінде әскери шығу, жауға қарсы бағытталған сапар немесе батырлық іс-әрекет мағынасын білдіреді. Ертегі контекстінде «жорық» батырдың ерлігін, қаһармандық миссиясын және қауіпті жағдайға тап болған сәтін сипаттайды. Мысалы, сөйлемде кейіпкер жорықта болып, жаулардың қолына түскені баяндалады, яғни оның әрекеті нақты тарихи немесе дәстүрлі әскери іс-әрекетпен байланысты. Тарихи сөз мәтінде бірнеше қызмет атқарады. Біріншіден, оқиғаның тарихи-әскери сипатын айқындайды, оқырманға дәуірлік контекст береді. Екіншіден, кейіпкердің батырлық қасиетін көрсетуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, мәтіннің көркемдік нақтылығын күшейтіп, сол дәуірдің көшпелі қоғамындағы әскери дәстүрлер мен қоғамдық қатынастарды танытады.

Орда. Хан сарайы, еңселі, салтанатты үй [42, 182-б.]. Ертегідегі қолданысына назар аударсақ, «орда» сөзі арқылы оқиғаға тарихи-мәдени бояу қосылғаны көрінеді. Мәтіндегі: «Ұзақ жүріп шаршаған шығарсыз, ордама жүріп, тынығып кетіңіз» деген сөйлемде «орда» – хан немесе сұлтанның тұрақты қонысын, әкімшілік орталығын білдіреді. Бұл сөз қарапайым «үй» немесе «орын» деп айтпай, белгілі бір әлеуметтік мәртебеге және дәстүрлі мәдени ортаға байланысын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, «орда» тек физикалық орын ретінде емес, тарихи және әлеуметтік мәні бар мәдени-әлеуметтік бірлік ретінде қызмет етеді. Бұл сөз ертегінің тарихи нақтылығын күшейтіп, қазақ халқының дәстүрлі тұрмысын, саяси құрылымын және мәдени ерекшелігін танытатын маңызды тілдік құрал.

Хан. Хандық мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі [42, 239-б.]. Мәтіндегі үзінді бойынша, «Ол аралда адам перісінің ханы тұрады» деген сөйлемде «хан» сөзі тарихи сөз ретінде қолданылған. Бұл сөз қазақ тілінде дәуірлік әлеуметтік құрылымның жоғарғы билеушісін, мемлекетті немесе тайпаны басқарған тұлғаны білдіреді. Контексте «хан» кейіпкердің мәртебесін, әлеуметтік және саяси дәрежесін айқындайды. Ол тек атақ немесе лауазым емес, сол дәуірдің қоғамдық тәртібі мен билік жүйесінің символы ретінде көрінеді.

Батыр. Жеке ерліктерімен ерекше көзге түскен ер жүрек, қаһарман адамдарға берілетін құрметті атақ [42, 28-б.]. Шығармада, «Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім» деген сөйлемде «батыр» сөзі тарихи сөз ретінде қолданылған. Бұл сөз қазақ тілінде ерлік, қаһармандық қасиеттерге ие, жауға қарсы шыққан немесе қауіпті іс-әрекет жасаған тұлғаны білдіреді. Контексте «батыр» кейіпкердің әлеуметтік мәртебесін және оның ерлік дәстүрлеріне байланысын көрсетеді. Ол тек атақ немесе сипат емес, сол дәуірдегі батырлық мәдениет пен қоғамдық қағидалардың символы ретінде қызмет етеді. Мәтінде «батыр» сөзінің қолданылуы оқиғаның тарихи-әскери контекстін нақтылап, кейіпкердің ерлігін, қаһармандық бейнесін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол ұлттық дәстүр мен көшпелі қоғамдағы ерлік ұғымының көрінісін береді.

Қылыш. Шауып түсуге лайықтап, болаттан істелген өткір жүзді, ұзындау келген, балдақты имек қару.

Аузынан қанды көбік бұрқ-бұрқ етіп,
Жап-жаланаш **қылышты** қобыз етті.
Көздері қып-қызыл боп қанға толып,
Сарыны сар даланы күңірентті (М.Жұмабаев, Шығ.) [44, 19-б.].

«Кендебай алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды» деген сөйлемде «қылыш» сөзі тарихи сөз ретінде қолданылған. Бұл сөз қазақ дәуірлік әскери мәдениетінде қолданылған өткір қаруды, жауға қарсы қолданылатын батырлық құралды білдіреді. Мәтінде «қылыш» Кендебайдың батырлық қасиетін, ерлігін және жауға қарсы дайын екенін көрсетеді. Ол тек заттық құрал ғана емес, батырлық дәстүр мен ерлік символы ретінде мәтінге тарихи мән қосады. Үзіндіде «қылыш» сөзі бірнеше қызмет атқарады: біріншіден, кейіпкердің батырлық қасиетін көрсету; екіншіден, оқиғаның тарихи-әскери нақтылығын күшейту; үшіншіден, драмалық әсер мен көркемдік деңгейді арттыру.

Бұл тарихи сөз қазақ халқының дәстүрлі әскери өмірін, батырлық мәдениетін бейнелейді.

Бай. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік жік өкілі, қоғамда айтарлықтай орны бар, төрт түлік мал жиған, жеке меншіктің, ауқатты шаруашылықтың иесі, әрі ұйымдастырушысы [44, 32-б.]. «Бұрынғы заманда бір бай өмір сүріпті...» деген сөйлемде «бай» сөзі тарихи сөз ретінде қолданылған. Бұл сөз қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктің жоғарғы деңгейін, яғни мал-мүлкі көп, тұрмысы дәулетті адамды білдіреді. Контексте «бай» сөзі сол дәуірдегі әлеуметтік құрылымды нақтылап, қоғамның таптық жіктелісін көрсетеді. Ол тек материалдық жағдайды емес, сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамындағы беделі, ықпал және әлеуметтік мәртебені де білдіреді.

Қотан. Мал түнейтін орын, ашық қора. Арбаларды ауылды айналдыра қойып, қоршау жасайды да, ауылдың ортасындағы орын – қотанда малды түнетеді. Қотанға бақан тігілсе, ауылда ұрлық болғанын, ұрының алғанын қайтармаса, тәңірдің қаһарына ұшырайтынын білдіреді [42, 151-б.]. «Біраз уақыт өткен соң, жалмауыз кемпірдің қызы шешесінің өліп қалғанын көріп, ізін қуып келсе, байдың қотанына жетеді» деген сөйлемде «қотан» сөзі тарихи сөз ретінде қолданылған. Үзіндіде «қотан» сөзі оқиға өтетін кеңістікті нақтылап, кейіпкерлердің іс-әрекеті жүріп жатқан ауылдық ортаны көрсетеді. Ол тек географиялық орын емес, көшпелі өмір салтына тән шаруашылық жүйенің бір бөлігі ретінде көрінеді.

Садақ. Тобылғы, үйеңкі т.б. ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасаған жебе атуға арналған қол қаруы [42, 182-б.]. «Бала садақпен атып, қыздың көзін шығарады, екінші рет атқанда, қызды өлтіреді». Мұндағы «садақ» сөзі қазақтың дәстүрлі әскери және аңшылық мәдениетінде кең қолданылған қару түрін, яғни жебе атуға арналған құралды білдіреді. «Садақ» сөзі мәтінде бірнеше қызмет атқарады. Біріншіден, ол нақты қару атауы ретінде кейіпкердің әрекет құралын білдіріп, оқиғаның мазмұнын нақтылайды. Екіншіден, тарихи-мәдени қызмет атқарып, қазақ халқының дәстүрлі әскери және аңшылық өмір салтын танытады. Үшіншіден, көркемдік-экспрессивтік қызмет атқарып, оқиғаның шиеленісін күшейтіп, әрекеттің әсерлілігін арттырады.

Фольклорлық ертегілерде кейіпкерлер жүйесі айқын бинарлық сипатқа негізделеді, яғни олар жағымды және жағымсыз бейнелерге жіктеледі. Бұл жіктелістің негізгі тілдік көрсеткіші ретінде

бағалауыштық лексика қызмет атқарады. Бағалауыштық сөздер арқылы кейіпкердің мінез-құлқы, іс-әрекеті, моральдық болмысы және авторлық көзқарас айқындалады. Осы арқылы ертегідегі оқиға желісі тек баяндалып қана қоймай, эмоционалдық-экспрессивтік тұрғыдан да бағаланып отырады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде Ер Төстік бейнесі «ержүрек», «адал», «тапқыр» сияқты жағымды бағалауыш сөздер арқылы сипатталып, оның батырлық қасиеті ашылады. Ал жалмауыз кемпір «қатігез», «зұлым», «айлакер» деген жағымсыз бағалауыш лексика арқылы бейнеленіп, оның теріс табиғаты айқындалады. Осы қарама-қарсы бағалау арқылы кейіпкерлер арасындағы тартыс күшейіп, ертегінің идеялық-тәрбиелік мазмұны тереңдей түседі.

«Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі бағалауыштық лексиканың қызметі.

Кендебай бейнесі мәтінде бағалауыштық лексика арқылы жан-жақты ашылады. Оның дүниеге келуі мен өсуі жағымды бағалауыштық сөздермен сипатталады: «Торсық шеке, аппақ ұл», «төбелері көкке жетіпті», «күн сайын өсіпті», «алты жылда жігіт болыпты». Бұл тіркестер Кендебайдың ерекше, сүйкімді әрі үміт күткен бала екенін көрсетіп, оған берілген жағымды эмоционалдық бағаны білдіреді. Кейіпкердің күш-қайраты да бағалауыштық лексика арқылы дараланады: «сондай күшті болыпты», «алысқанын алып ұра беріпті», «күрескенін жыға беріпті», «шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті». Бұл сөздер оның адамнан тыс күш иесі екенін көрсетіп, батырлық болмысын айқындайды және жағымды бағалауды күшейтеді. Сонымен қатар, оның мергендігі де жоғары бағалауыштық мәнде беріледі: «құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты». Бұл тіркес Кендебайдың дәлдік пен шеберлігін ерекше бағалап, оны идеал мерген ретінде танытады. Кендебайдың әрекеті тек жеке ерлік емес, әлеуметтік тұрғыдан да жағымды бағаланады: «Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты». Бұл сөйлем оның іс-әрекетінің елге пайда әкелетінін көрсетіп, оны қайырымды, халыққа жақын тұлға ретінде сипаттайды. Кендебайға қатысты бағалауыштық лексика оның идеал батыр бейнесін қалыптастырады. Ол тек физикалық күшімен емес, ақылдылығымен, әділдігімен және қайырымдылығымен дараланады. Мәтіндегі «жылағанды жұбату», «елге ортақ болу», «жауды жеңу», «құлындарды құтқару» сияқты әрекеттері оның этикалық-идеалдық

батыр типін танытады. Бағалауыштық бірліктер оның тұлғасын фольклорлық «жағымды қаһарман» моделіне енгізеді.

Қозышы бала бейнесі мәтінде бағалауыштық лексика арқылы терең эмоционалдық әрі әлеуметтік сипатта беріледі. Бала өзін таныстырғанда: «Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым» деп, өзінің әке тегі арқылы жоғары мәртебелі отбасынан шыққанын білдіреді. Алайда бұл мәртебе қазіргі жағдайымен қайшылықта беріліп, трагедиялық бейне қалыптасады. Оның өмірлік ахуалы жағымсыз бағалауыштық сөздер арқылы айқындалады: «жылқы біткеннен тігерге тұяқ қалдырмай айдап кетіпті», «жетім қалдым», «ішерге асым, киерге киімім болмаған соң», «арыдым, тоздым», «ернім жалақ, басым таз болды», «көзімде жас, көңілімде қайғы». Бұл сөздер баланың әлеуметтік әлсіздігін, қорғансыз күйін және ауыр тұрмыс жағдайын нақты көрсетеді. Бала бейнесіндегі ең негізгі бағалауыштық компонент – «содан бері көзімде жас, көңілімде қайғы» деген сөйлем. Бұл оның психологиялық күйін толық ашып, үздіксіз мұң мен сағынышқа толы өмірін сипаттайды.

Осылайша, жетім бала бейнесі бағалауыштық лексика арқылы әлеуметтік әлсіз, қорғансыз, қайғылы, бірақ ішкі сезімі терең кейіпкер ретінде қалыптасады. Бұл оның кейінгі оқиғадағы Кендебаймен байланысын күшейтіп, әділет іздеу мотивінің негізін қалайды.

Керқұла аттың бейнесі мәтінде бағалауыштық лексика арқылы ерекше әсіреленіп, ғажайып қасиетке ие тұлпар ретінде сипатталады. «Арыстай еркек құлын екен» деген тіркес арқылы оның бастапқы болмысы-ақ күшті, қайратты екені аңғарылады. Мұндағы «арыстай» сөзі жағымды бағалауыштық мәнге ие болып, құлынның болашақта ерекше ат болатынын алдын ала меңзейді. Құлынның өсу процесі де гиперболалық әрі бағалауыштық сипатта беріледі: «сағат сайын емес, минут сайын өсіпті», «алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты». Бұл тіркестер оның табиғи емес, ғажайып жылдамдықпен жетілгенін көрсетіп, Керқұланың ерекше жаратылысын айқындайды. Аттың сапалық қасиеттері «ерен жүйрік», «қуса жетіп, қашса құтылатын», «аузымен құс тістеген» сияқты бағалауыштық тіркестер арқылы ашылады. Мұндағы «ерен жүйрік» – ең жоғары деңгейдегі жылдамдықты білдіретін тұрақты бағалауыштық сипаттама. Ал «қуса жетіп, қашса құтылатын» тіркесі оның теңдессіз жүйріктігін көрсетсе, «аузымен құс тістеген» гиперболасы оның шапшаңдығын шектен тыс әсірелеп береді. Сонымен қатар, «құстай ұшырып», «көзді ашып-

жұмғанша қуып жетіп» деген тіркестер де Керқұланың қозғалыс жылдамдығын бейнелі түрде күшейтіп, оның қарапайым аттан өзгеше, ертегілік сипаттағы тұлпар екенін дәлелдейді. Осылайша, бағалауыштық лексика Керқұла аттың бейнесін тек жүйрік ат ретінде емес, батырдың сенімді серігі, ғажайып күш иесі ретінде қалыптастырады. Ол Кендебайдың ерлігін жүзеге асыратын негізгі құрал ғана емес, ертегідегі идеал тұлпар образының көрінісі болып табылады.

Ханның бейнесі ертегіде бағалауыштық лексика арқылы күрделі әрі көпқырлы тұлға ретінде көрініс табады. Алғашқы тұста оның билік иесі ретіндегі сипаты «хан», «тақсыр», «ақырып» сияқты тілдік бірліктер арқылы беріліп, оның үстем, әмір жүргізуші тұлға екені аңғарылады. «Датың болса, айт!» деген бұйрық мәнді сөйлеуі оның қаталдығын, өктем мінезін айқындай түседі. Сонымен бірге, кейіпкердің болмысында жағымсыз реңк те байқалады. Оның «еліңді шаптырып, батырыңды байлатып алдырған едім» деуі билікті күшпен жүзеге асыратынын көрсетсе, «мақсат – сені қолға түсіру еді» деген ойы айламен әрекет ететінін білдіреді. Бұл тұста оның бейнесі қатыгездік, есепшілдік, айлакерлік сияқты сипаттармен толықтырылады. Алайда оқиға өрбу барысында бұл тұлғаның мінез-құлқында өзгеріс байқалады. «Хан разы болып», «үлкен той жасайды», «батырды босатып береді», «малын қайтарып береді» деген тіркестер арқылы оның әділ шешім қабылдағаны көрінеді. Мұндағы «разы болды», «той жасады» сияқты қолданыстар кейіпкерге қатысты оң көзқарастың қалыптасқанын білдіреді. Осылайша, бағалауыштық лексика хан тұлғасын бастапқыда өктем, қатал билеуші ретінде танытса, кейін әділдікке бет бұрған, уәдесіне берік басшы ретінде сипаттайды. Бұл өзгеріс ертегідегі әділет идеясының жүзеге асуын және батыр еңбегінің мойындалуын айқындайды.

Баланың бейнесі ертегіде жағымды кейіпкер ретінде бағалауыштық лексика арқылы айқын көрінеді. Ол қиын жағдайға тап болса да, қорқып кейін шегінбейтін, батыл әрі тапқыр тұлға ретінде сипатталады. Мәтіндегі: «Бала үзеңгіден аяғын суырмай, сақаны іліп алады. Тай тұра қашады» деген үзінді оныңептілігін, шапшаң шешім қабылдай алатын қабылетін көрсетеді. Мұнда бала қорқынышқа берілмей, қауіпті жағдайда тез әрекет етеді, бұл оның батылдығын дәлелдейді. Сонымен қатар, баланың төзімділігі мен өмірге бейімділігі «Мен жастықтан түссем – міне алмаймын, мінсем – түсе

алмаймын» деген сөзінен аңғарылады. Бұл сөйлемде ол өз жағдайын ұтымды пайдаланып, жалмауыз кемпірдің айласынан сытылып шығуға тырысады. Оның бұл әрекеті тапқырлық пен зеректік қасиеттерін айқындайды. Ертегіде бала бейнесі тек жеке тұлға ретінде ғана емес, әділеттіліктің, жақсылықтың өкілі ретінде қызмет атқарады. Ол жалмауыз кемпірдің зұлымдығына қарсы тұрып, ақырында жеңіске жетеді. Баланың басынан өткен қиындықтар арқылы ертегіде жақсылықтың жамандықты жеңетіні, ақыл мен батылдықтың күштен үстем екені идеясы жүзеге асады.

Осылайша, бағалауыштық лексика мен нақты мәтіндік үзінділер арқылы бала бейнесі батыл, тапқыр, төзімді, үмітшіл жағымды кейіпкер ретінде ашылып, ертегінің негізгі идеялық жүгін көтеретін басты тұлға болады.

Жалмауыз кемпір бейнесі ертегіде жағымсыз кейіпкер ретінде бағалауыштық лексика арқылы айқын сипатталады. Оның болмысы «жалмауыз», «кемпір», «жеп қоятын», «қуа жөнеледі» сияқты сөздер мен тіркестер арқылы зұлымдық пен қатігездіктің көрінісі ретінде беріледі. Мәтіндегі «жалмауыз кемпір болып шығады да, байдың жағасынан ала кетеді» деген үзінді оның кенеттен пайда болатын қауіпті, үрейлі күш екенін көрсетеді. Бұл жерде «жалмауыз» сөзі кейіпкердің адамға жау, жыртқыш сипаттағы болмысын білдіретін негізгі бағалауыштық бірлік болып табылады. Сонымен қатар, кемпірдің әрекеттері де жағымсыз бағалаумен сипатталады: «тісін жұлып алып, атып жібергенде», «қуа жөнеледі», «бәйтеректің түбін қаза бастайды». Бұл тіркестер оның қатыгездігін, тынымсыз қудалаушы, зиян келтіруші күш екенін айқындайды. Әсіресе «тісін жұлып алып» деген қолданыс оның табиғаттан тыс, үрей тудыратын бейнесін күшейтеді. Кемпірдің мінез-құлқында айлакерлік те көрінеді. Ол баланы алдап қолға түсіруге тырысады, түрлі тәсілдерге жүгінеді. Алайда оның әрекеттері ақылға емес, зұлым мақсатқа негізделгендіктен, бағалауыштық тұрғыдан теріс сипатта қабылданады. Ертегіде жалмауыз кемпір образы – жамандықтың, қауіп-қатердің символы. Ол оқиғаға тартыс енгізіп, басты кейіпкердің батылдығы мен тапқырлығын айқындайтын қарсы күш қызметін атқарады. Осы арқылы ертегінің идеялық мазмұны – жақсылық пен жамандықтың күресі көркем түрде ашылады.

Қазақ ертегілерінің тілдік табиғаты – тек көркем баяндау құралы ғана емес, халықтың тарихи жады мен дүниетанымын сақтаған тұтас семиотикалық жүйе. Осы жүйеде архаизмдер, тарихи сөздер және

бағалауыштық лексика өзара сабақтасып, мәтіннің мазмұндық әрі идеялық тұтастығын қамтамасыз етеді. Архаизмдер арқылы ертегі кеңістігі уақыт жағынан алыстап, көне дәуірдің тілдік-мәдени ізі сақталады, сол арқылы мәтіннің тарихи тереңдігі күшейеді. Бұл қабат халық санасында сақталған ұғымдардың көнелігін танытып, мәдени сабақтастықтың үзілмегенін дәлелдейді. Тарихи сөздер нақты бір кезеңнің әлеуметтік құрылымын, билік жүйесін, шаруашылық түрін және қоғамдық қатынастарды айқындап, ертегінің шынайылық негізін бекітеді. Олар арқылы оқырман тек қиял әлеміне емес, белгілі бір тарихи-әлеуметтік кеңістікке енеді. Яғни, ертегіде көрініс тапқан оқиғалар жүйесі абстрактілі емес, белгілі бір қоғамдық модельмен байланыста беріледі. Ал бағалауыштық лексика мәтіннің идеялық өзегін құрайды. Дәл осы қабат арқылы кейіпкерлердің моральдық бейнесі ашылып, жақсылық пен жамандықтың, әділдік пен зұлымдықтың арақатынасы айқындалады. Халықтың этикалық нормалары, дүниеге көзқарасы, құндылықтық бағдарлары тілдік бірліктер арқылы нақты көрініс табады. Бұл – ертегінің тәрбиелік, танымдық қызметін жүзеге асыратын негізгі тетік.

Осы үш қабаттың бірлігі нәтижесінде ертегі тек көркем мәтін ретінде емес, ұлттық дүниетанымның жинақталған моделі ретінде танылады. Мұнда тіл – ақпарат жеткізуші ғана емес, мәдени кодты сақтаушы, тарихи сананы жаңғыртушы және моральдық ұстанымды қалыптастырушы құрал қызметін атқарады. Сондықтан қазақ ертегілерінің тілін осы үш бағыттың тұтастығында қарастыру – оның шынайы табиғатын терең әрі толық тануға мүмкіндік береді.

Лексикалық деңгейдегі корпустық талдау ертегі мәтініндегі көнерген сөздердің (архаизмдер мен тарихи сөздердің) жай ғана пассив қордағы элементтер емес, ертегінің эпикалық кеңістігі мен уақытын (хронотопты) құрушы белсенді мағыналық тіректер екенін айқындады. Хандық билік, көне қару-жарақ, байлық пен әлеуметтік қатынастарға қатысты лексемалардың жоғары жиілік көрсетуі – халықтың тарихи жады мен мифологиялық танымының мәтіндегі көрінісі. Бұл сөздер ертегі сюжетінің контекстінде жаңа семантикалық реңктерге ие болып, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен әлеуметтік ортасын сипаттауда баламасыз көркемдік қызмет атқарып тұр. Демек, көне лексиканың корпустық сипаты қазақ ертегілерінің этномәдени және тарихи кодтарды сақтаудағы теңдессіз рөлін айғақтайды.

III ТАРАУ.
ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ҚҰРЫЛЫМДАР МЕН ТІЛДІК ЖҮЙЕЛІЛІК

3.1 Тұрақты тіркестер мен формулалық құрылымдар

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек ертегі шындыққа бағытталмайды, ал ертекші әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды. Ертегінің композициясы бас қаһарманды дәріптеуге бағындырылады, сөйтіп, ол белгілі бір сұлба бойынша құрылады. Мұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық береді. Осы тұтастық бұл жанрға басқа да қасиеттер дарытады: композиция мен эстетикалық мұраттың бірлігі әрі тұрақтылығы, көркем шарттылықтың міндеттілігі, ауызекі сөйлеу тіліне сәйкестігі, тұрақты тіркестердің қолданылуы.

Фразеология – грек тіліндегі phrasis (сөйлемше) және logos (ілім) сөздерінің бірігуінен жасалған термин. Бұл сала тіл білімінде XX ғасырдың 40-жылдарында жеке лингвистикалық пән ретінде қалыптасты. Оның теориялық негізін қалаушылар қатарында француз ғалымы Ш. Балли мен орыс тілі білімінің көрнекті өкілі В.В. Виноградовты атауға болады.

Фразеологияның жеке зерттеу пәні ретінде қалыптасуы жөнінде І.Кеңесбаев мынадай пікір білдіреді: «Тіл-тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл

байлығын сөз еткенде сөз байлығы (лексикалық қор) деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жайылмай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология деп атайтын болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін тіл білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды» [45, 589-б.]. Сондай-ақ, тілші-ғалым тұрақты тіркестердің құрылымдық сипаты туралы өз ойын былайша тұжырымдайды:

- біріншіден, тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орны, еркін тіркес құрамындағы сөздердің орнына қарағанда әлдеқайда тұрақты, бекем болады.
- екіншіден, тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінен туатын бір бүтін мағына оны құрастырушы сыңарлардың мағынасынан басым болады.
- үшіншіден, тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері бір тілден екінші тілге аударуға икемсіз келеді, әсіресе оларды тікелей сөзбе-сөз аударуға болмайды [45, 590-б.].

Н.Уәли құрылымы жағынан тұрақты әрі тиянақты, сыңарлары біртұтас мағынаны білдіретін және жеке-дара тұлғаланатын, сондай-ақ тұтас күйінде өзге де сөздермен тіркеске түсе алатын, форма жағынан синтаксистік единица (сөз тіркесі, сөйлем), мазмұн жағынан лексикалық единица (сөз) түріндегі тілдің мағыналық бірлігін фразеологизмдер деп атайды [46, 75-б.]. Ө.Айтбаев фразеологизмдерді өзге тілге аудару мәселелерін қарастыра келе, эмоционалды-экспрессивті қызметі туралы мынадай пікір білдіреді: «Қандай тілде болмасын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті. Кейбір жеке сөздердегі тәрізді тұрақты сөз тіркестерінде де эмоционалды-экспрессивтік бояу мол. Көбіне осы өзгешелік басым. Яғни фразеологизмдердің көпшілігі айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады. Экспрессивті-эмоционалды бояуы бұрыннан бойында бар фразеологиялық единицалар көркем әдебиетте қолданылып, сөйлеушінің адамзат, құбылыс турасындағы өз көзқарасын мәлім етеді. Экспрессивті тұрақты тіркестер сезімге айрықша әсер етеді» [47, 388-б.]. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер жүйесін тақырыптық және лексика-семантикалық тұрғыдан топтастырған тілші-ғалым Г. Смағұлова адамның көңіл-күйін білдіретін эмоционалды-экспрессивті мәнді фразеологиялық бірліктердің өте жиі

кездесетіндігін көрсетеді. Тілші-ғалым эмоционалды-экспрессивті мәнді фразеологиялық бірліктердің өте жиі кездесуін қазақ халқының ұлттық психологиялық ерекшелігімен байланыстыра келе, ұлан-ғайыр тілдік қордың ішінде кездесетін фразеологиялық факторлар табиғи тіл дамуының ажырамас көрсеткіші болуы керектігін айтады [48, 23-б.].


Фразеологизмдер – халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрі мен дүниетанымын бейнелейтін тілдік бірліктер. Олар тақырыптық және семантикалық жағынан көпқырлы болып келеді, ойлау мен танымның ерекше бейнелі көрінісін танытып, эмоционалды-экспрессивтік реңкке ие болады. Сонымен қатар, фразеологизмдер тілдің құрылымдық жүйесінде орныққан, белгілі синтаксистік үлгілер арқылы қалыптасқан тұрақты тіркестер болып саналады. Тілде сақталған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің іздері фразеологизмдерде айқын көрініс табады. Халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұрасы, өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымы осы тіркестердің мағыналық негізінде сақталып, бүгінгі күнге жеткен. Зерттеушілердің пікірінше, фразеология ұғымын екі түрлі мағынада түсінуге болады. Тар мағынада ол тек тұрақты сөз тіркестерін қамтиды. Ал кең мағынада фразеология құрамына мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, нақыл сөздер және афоризмдік сипат алған тіркестер де енеді.

Қазақ халық ертегілері – ұлттық тілдің көркемдік, бейнелік, тарихи және мәдени қабаттарын сақтаған ерекше жанр. Ертегі мәтіндерінде жиі кездесетін тілдік құбылыстардың бірі – тұрақты тіркестер мен формулалық құрылымдар. Бұл тілдік бірліктер ертегінің баяндау стилін қалыптастырып, оның көркемдік, тәрбиелік және танымдық мәнін күшейтеді. Тұрақты тіркестер кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекетін, батырлығын, айласын бейнелі сипаттауға қызмет етеді. Ал формулалық құрылымдар ертегінің басталуы мен аяқталуында, оқиғалар байланысында және кейіпкерлерді сипаттауда қайталанып отыратын дайын сөйлем үлгілері. Қазақ ертегілерінің ішінде «Алтын сақа» мен «Керқұла атты Кендебай» ертегілері тұрақты тіркестер мен формулалық құрылымдарға өте бай. Бұл ертегілерде батырлық дәстүрге тән тіркестер, халықтық сөйлеу үлгілері және дәстүрлі ертегі формулалары кеңінен қолданылған. Қазіргі қазақ тіл білімінде фразеологизмдер мен ертегі тілінің ерекшеліктері зерттелгенімен, тұрақты тіркестер мен формулалық құрылымдарды ертегі мәтіні

негізінде кешенді талдау аз жүргізілген. Сондықтан бұл тақырып ғылыми тұрғыдан өзекті.

Ғалымдардың пікіріне қарағанда, ертегі формулалары мәтіннің бастапқы және соңғы шендерінде ерекше қызмет атқарады. Олар мәтінді бастау, баяндауға өту, тақырып пен идеяны байланыстыру, сюжетті түйіндеу, ғибрат беру және мәтінді түсіндіру сияқты функцияларды орындайды. Сонымен бірге, олардың прагматикалық рөлі – оқырманды қызықтыру, оқиғаға тарту, мәтін бөліктерін межелеу және эстетикалық әсер ету.

7-сызба. Қазақ ертегілеріндегі тұрақты тіркестерге мысалдар



Ертегі тілінде жиі қолданылатын тілдік құралдардың бірі – тұрақты тіркестер, яғни фразеологизмдер. Олар мәтінге бейнелілік, әсерлілік және эмоционалдық реңк береді. Осындай тұрақты тіркестердің бірі – «көзді ашып-жұмғанша» тіркесі.

Берілген «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі үзіндіде бұл тіркес Керқұла аттың ерекше жүйріктігін, шапшаңдығын көрсету мақсатында қолданылған. Мәтінде: «...құланды көзді ашып-жұмғанша қуып жетіп...» деген сөйлем арқылы аттың жылдамдығы

әсіреленіп, көркем түрде бейнеленеді. Бұл жерде автор оқырманға Керқұланың қарапайым ат емес, ғажайып қасиетке ие тұлпар екенін аңғартады.

Көзді ашып-жұмғанша. Лездің арасында, қас пен көздің арасында, әп-сәтте. Өнер-білім бар жұрттар Тастан сарай салғызды, Айшылық алыс жерлерден Көзді ашып-жұмғанша Жылдам хабар алғызды (Ы. Алтынсарин) [49, 327-б.]. Яғни, бұл тіркес уақыттың өте қысқа аралығын бейнелі түрде жеткізеді. Қазақ халқы уақытты дәл өлшеммен ғана емес, осындай образды тіркестер арқылы да сипаттаған. Аталған тұрақты тіркес ертегі мәтінінде бірнеше маңызды қызмет атқарады. Біріншіден, ол оқиғаның динамикасын күшейтіп, әрекеттің шапшаңдығын нақты әрі әсерлі көрсетеді. Екіншіден, кейіпкердің қасиетін, яғни Керқұланың ерекше жүйріктігін асыра суреттеу арқылы гиперболалық (әсірелеу) тәсілді жүзеге асырады. Үшіншіден, тыңдаушы мен оқырманның қызығушылығын арттырып, ертегінің көркемдік деңгейін көтереді. Сонымен қатар, бұл тіркес ұлттық тілдің бейнелілік сипатын танытып, халықтың ойлау жүйесінің ерекшелігін көрсетеді.

Төбелері көкке жетіпті. Қатты қуанды, шаттанды, қуанышын тасытты. Нұржан аупартком хатшысының кабинетінен төбесі көкке екі-ақ елі жетпей шықты (З. Шашкин). Төбем көкке жетіпті, Есімнен шығып кетіпті, Жаяу жүрген мың күнім (С. Керімбеков). Оған Оспанның да, естіген Нұрым күйеудің де төбесі көкке жеткендей болды (С. Торайғыров). Вагон астындағы қызыл күрең, Ағызып құйып тұрсаң көктен төмен. Лықылдап демде вагон толған сайын, Тигендей қуанамын көкке төбем (А. Тәжібаев). Жақсы болып ер жетсе Балапаны бөпесі, Бағы ашылып анасы, Көкке тиер төбесі (С. Сейфуллин). «Шұға шақырды» деп бір күні Есімбектің түйешісі келді. Төбем көкке тиердей болып қуандым. Келдім. Үлкен үйінде кілемнің іргесін тұрғызып Шұға жатыр екен. Маған көзі түсіп кетіп қамықты (Б. Майлин). Есенсіз бе, Ақан аға! Төбем көкке аз-ақ тимей қалды ғой. Жүрегім жарылғалы тұрғандай (Ғ. Мүсірепов). Шаттанып бала шашырап, Төбесін көкке тидірді. Әкесінің барлығын Тап сол жерде білдірді («Алпамыс батыр»). Адамға қанат бітіріп, төбесін көкке жеткізген де осы жылқы (М. Ермеков) [49, 687-б.]. Ертегідегі қолданысына назар аударсақ, Қазанқап пен оның әйелі көптен күткен перзентке ие болған сәттегі қуанышы ерекше әсерлі түрде берілген. Қарапайым «қуанды» деп айтпай, «төбелері көкке жетіпті» тұрақты тіркесін қолдану арқылы

олардың қуанышының шексіз, ерекше екенін көрсетеді. Бұл тіркес кейіпкерлердің ішкі сезімін тереңірек ашып, оқырманға күшті эмоционалдық әсер қалдырады. Сонымен қатар, бұл фразеологизм ертегінің көркемдік деңгейін арттырып, халықтық дүниетанымды танытады. Қазақ халқы қуаныш сияқты сезімдерді бейнелі, астарлы тіркестер арқылы жеткізуді дәстүрге айналдырған. Осы тұрғыдан алғанда, «төбелері көкке жетіпті» тіркесі тек эмоцияны білдіріп қана қоймай, ұлттық тілдің көркемдік байлығын да айқын көрсетеді.

Ер жетті. Өсті, есейді, азамат болды. Сені оқытып өсірсем, Орындалар тілегім. Білімді боп ержетсең, Мыңды жығар білегің (О.Шипин. Дастан.). Енді Құдайға шүкір, балам ер жетті, азамат болды… (Н.Ғабдуллин. Сары жапырақ). Құдайқұлдың ішінде Үкібас дегеннің ержеткен қызы болды (Б.Майлин, Шығ.). Ұлжанның одан басқа ержетіп адам болған екі қыз, бір ұлы бар еді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Бұл тіркес кейіпкердің уақыт өте келе өсіп, кемелденгенін қысқа әрі нұсқа түрде жеткізеді. Ол ұзақ сипаттауды қажет етпей-ақ, кейіпкердің өміріндегі маңызды кезеңді – есейіп, азамат болған шағын білдіреді.

«Ер жетті» тіркесі ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты. Қазақ халқы ер жетуді тек жас мөлшерімен емес, жауапкершілік алу, елге пайда келтіру, ақыл-парасаттың қалыптасуымен байланыстырады.

Атқа қонды. Көлікпен жолға шықты. Тым болмаса председательдің көңілі үшін барып кел, – деп таңертең атқа қонарында тағы есіне салды (С. Бердіқұлов). Он жеті жасқа келген соң, Сансызбай атқа мінеді. Батасын алып кеткелі, Атасы алдына келеді («Қыз Жібек») [49, 74-б.].

Тіркес «ат» және «қонды» сөздерінен құралған. Тура мағынасында бұл – адамның атқа мінуі, яғни көлік ретінде жылқыға отыру әрекетін білдіреді. Алайда ауыспалы мағынада бұл тіркес әлдеқайда кең ұғымды қамтиды. «Атқа қонды» тіркесінің негізгі мағынасы – іске кірісті, жорыққа шықты, маңызды әрекетке бел буды дегенді білдіреді. Әсіресе батырлар жырында, ертегілерде бұл тіркес кейіпкердің ел қорғау, сапарға шығу немесе жауапты іс бастау сәтін көрсету үшін қолданылады. Ертегідегі қызметіне келсек, «атқа қонды» тіркесі кейіпкердің әрекетке көшкенін, енді белсенді іс-әрекет кезеңі басталғанын білдіреді. Бұл – оқиғаның дамуына серпін беретін маңызды сәт. Сонымен қатар, тіркес

кейіпкердің батылдығын, дайындығын, ерлікке жақындығын аңғартады.

Бұл фразеологизм қазақ халқының көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Ат – қазақ үшін тек көлік емес, еркіндік пен ерліктің символы. Сондықтан «атқа қону» – тек міну емес, жауапкершілік алу, үлкен іске араласу деген мағынаны білдіреді.

Ат басындай алтын. Көлемді, үлкен алтын. Сен ертең де кел. Мен әкемнің қазынасынан ат басындай алтын, қой басындай ділда алайын, сонан соң екеуміз қашайық («Қаз. ертегі.») [49, 72-б.]. Мәтіндегі қолданысына назар аударсақ, бай жалмауыз кемпірден құтылу үшін: «Ат басындай алтын берейін, қоя бер» дейді. Мұнда бай өзінің өмірін сақтап қалу үшін өте үлкен байлық ұсынатынын білдіреді. Яғни, бұл тіркес арқылы біріншіден, байлықтың мөлшерін әсірелеп көрсетеді; екіншіден, кейіпкердің қорқынышын, жанын сақтау үшін бәріне дайын екенін аңғартады; үшіншіден, мәтіннің көркемдігін арттырып, әсерлілігін күшейтеді.

Айлаға басты – қиын жағдайда амал тауып, ақылмен, қулықпен әрекет етті деген ұғымды білдіреді.

Берілген ертегі контексінде бұл тіркес адамның тығырыққа тірелген сәтінде күшпен емес, ақылмен жол табуын сипаттайды. Мысалы, ертегіде бала жалмауыз кемпірден құтылу үшін түрлі амалдарға жүгінеді, жануарлардан көмек сұрайды, яғни тікелей күшпен емес, айламен әрекет етеді. Осындай жағдайда «айлаға басты» тіркесін қолдануға болады.

Бұл тіркес мәтінде келесі қызметтерді атқарады: біріншіден, кейіпкердің тапқырлығын, ақылдылығын көрсетеді; екіншіден, оқиғаның шиеленісті тұсында шешім табу жолын бейнелейді; үшіншіден, көркемдік-эмоционалдық әсерді күшейтеді. Қазақ халқының ұғымында қиындықты тек күшпен емес, ақылмен, тапқырлықпен жеңу маңызды. Сондықтан бұл тіркес тек әрекетті ғана емес, өмірлік ұстанымды да білдіреді.

Қазақ халық ертегілері – ұлттық тілдің көркем, бейнелі және тәрбиелік мәні жоғары жанрларының бірі. Ертегілерде белгілі бір құрылымдық элементтер, яғни формулалар кеңінен қолданылады. Бұл формулалар оқиғаның басталуынан бастап аяқталуына дейінгі реттілікті сақтап қана қоймай, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын, қасиеттерін көрсетуге де қызмет етеді. Екі танымал ертегі – «Керқұла атты Кендебай» мен «Алтын сақа» мысалында формулалардың түрі, қызметі және тәрбиелік мәні айқын көрінеді.

Басталу формулалары ертегінің негізгі бағытын, уақыт ағысын және кейде кейіпкердің әлеуметтік орнын көрсетеді. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде «Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты» деген жолдар кездеседі. Мұнда дәстүрлі уақыт формуласы («ертеде») арқылы оқиғаның ертеден басталғаны көрсетіледі. Сондай-ақ, қарапайым адам – Қазанқап бейнесі арқылы қарапайымдылық, еңбекқорлық, батылдық сияқты қасиеттерді көрсетуге мүмкіндік беріледі. «Алтын сақа» ертегісінде басталу формуласы «Бұрынғы заманда бір бай өмір сүріпті, оның бір перзенті болмапты, соған зарығып жүріп, ақыры бір перзентке қол жеткізіпті» деп беріледі. Бұл да дәстүрлі формула ретінде уақытты білдіреді, сонымен қатар отбасы құндылығын, перзент қадірін ұғындырып табандылыққа тәрбиелейді.

Оқиға байланыс формулалары ертегідегі оқиғалардың уақытша реттілігін сақтауға арналған. «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде «Күндерде бір күн Кендебай аң аулап жүрсе…» деген жол арқылы оқиғаның дамуы көрсетіледі. «Алтын сақа» ертегісінде «Бір уақытта тағы бір түлкі келіп…» деген формула оқиғаның үздіксіздігін, кездейсоқтық пен күтпеген жағдайларды сипаттайды. Мұндай формулалар балаларға оқиғаны логикалық тәртіппен қабылдауға мүмкіндік береді, қиындықтарға төзімділік пен батылдыққа тәрбиелейді.

Кейіпкерлерді сипаттау формулалары көбінесе мадақтау элементтері болып табылады. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде «Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті» деген жолдар батырлық пен күш-қуатты мадақтайды. «Алтын сақа» ертегісінде «Бес төбет қызға ұмтылады, бірақ қыз өте күшті болып шығады» деген жолдар арқылы кейіпкердің батылдығы мен ақылдылығы, кейде әйелдің де батыр бола алатыны көрсетіледі. Бұл формулалар тыңдаушыға моральдық үлгі болып, күштілік, әділдік және ақыл-парасатқа тәрбиелейді.

Соңғы формулалар оқиғаның қорытындысын, моральдық нәтижесін береді. «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде «Сөйтіп, бұл ел Керқұла атты Кендебай батырдың елі болып атаныпты» деген жол батырлықтың сыйлығын көрсетсе, «Алтын сақа» ертегісінде «Сөйтіп, олар жалмауыздан мәңгі құтылады» деген формула әділеттілік пен жақсы өмірге ұмтылудың тәрбиелік мәнін береді.

«Керқұла атты Кендебай» және «Алтын сақа» ертегілерінде формулалық сөздердің қызметі ерекше маңызды. Фольклорлық мәтіндерде кейбір сөздердің қайталануы олардың басты ерекшелігі болып табылады. Бұл сөздер мәтіннің құрылымын тұрақтандырады және баяндау стилін жеңіл қабылданатын етеді.

4-кесте. Қазақ ертегілеріндегі тұрақты формула мысалдары


Басталу формуласы	Оқиғаның байланыс формуласы	Кейіпкерді сипаттау формуласы	Соңғы формула
Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты. **Бұрынғы заманда бір бай өмір сүріпті**, оның бір перзенті болмапты, соған зарығып жүріп, ақыры бір перзентке қол жеткізіпті.	**Күндерде бір күн** Қазанқаптың әйелі жүкті болыпты. **Күндерде бір күн** Кендебай аң аулап жүрсе. Бір кезде бір қызыл түлкі келіп... Бір уақытта тағы бір түлкі келіп... Бір мезгілде үйректер ұшып өтеді... Біраз уақыт өткен соң...	Сондай **күшті** болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті. **Арыстай** еркек құлын екен. Керқұла ат **құстай** ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Бес төбет қызға ұмтылады, бірақ қыз өте **күшті** болып шығады.	Сөйтіп, бұл ел Керқұла атты Кендебай батырдың елі болып атаныпты. Сөйтіп, олар жалмауыздан мәңгі құтылады.

Зерттеу барысында «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде 1823 сөздің 92-сі «бір» сөзі екенін анықтадық. Ал «Алтын сақа» ертегісінде 904 сөздің 37-сі «бір» сөзі болды. Бұл көрсеткішті есептеу үшін «бір» сөзінің санын жалпы сөз санына бөліп, 100-ге

көбейттік. Мысалы:

«Керқұла атты Кендебай»: 92/1823 * 100 ≈ 5%

«Алтын сақа»: 37/904 * 100 ≈ 4%



8-диаграмма. Ертегілердегі «бір» сөзінің үлесі.

Бұл көрсеткіш фольклорлық мәтіндерге тән формулалық және қайталамалы сипаттың айқын дәлелі.

«Бір» сөзі ертегілерде оқиғаның басталуын, кейіпкерді сипаттауды және баяндау дәстүрін көрсету үшін қолданылады. Мысалы, «Бір күні…», «Бір шал…», «Бір қыз болыпты…» сияқты тіркестер мәтіннің негізгі баяндау логикасын қалыптастырады.

Сонымен қатар, ертегілерде «дейді», «деп», «екен», «мен», «да» сияқты сөздер де жиі кездеседі. Олар мәтіндегі синтаксистік және логикалық байланыстарды қамтамасыз етеді, мәтіннің құрылымдық тұрақтылығын сақтайды және оқиғаның динамикасы мен кейіпкер сипаттауын толықтырады. Мысалы, «Бай бір күні көлге барғанда, бір өкпенің жүзіп жүргенін көріпті…» немесе «Шал: «Бір перзентің болса екен» – деді» деген сөйлемдерде осы

сөздер сюжеттің дамуына ықпал етеді.

«Бір» сияқты формулалық сөздер ертегінің дәстүрлі құрылымын сақтауға, баяндау стилін тұрақтандыруға және тыңдаушыға оқиғаны оңай қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар мәтіндегі әділет, адалдық, батылдық, қайырымдылық сияқты моральдық идеяларды жеткізуге қызмет етеді.

Қазақ халық ертегілеріндегі тұрақты тіркестер мен формулалық құрылымдар – тілдің байлығы мен көркемдігін, сондай-ақ халықтың салт-дәстүрі мен дүниетанымын көрсететін маңызды құралдар. Олар мәтіннің баяндау стилін қалыптастырып, оқиғаның динамикасын күшейтеді, кейіпкерлердің мінез-құлқын, батырлық қасиеттерін, әрекеттерін нақты әрі әсерлі суреттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде «көзді ашып-жұмғанша», «төбесі көкке жетті», «ер жетті» сияқты тұрақты тіркестер кейіпкерлердің ерекшеліктерін, қуаныш пен батырлық сәттерін нақты жеткізіп, оқырманға эмоциялық әсер береді. «Алтын сақа» ертегісінде де формулалық құрылымдар оқиғаларды байланыстыруда, кейіпкерлерді сипаттауда, мәтінді қызықты әрі тартымды ету мақсатында кеңінен қолданылады.

Фразеологизмдер тек кейіпкерді бейнелеуге ғана емес, халықтың ұлттық психологиясын, тұрмыс-тіршілігін және дәстүрін көрсетуге де қызмет етеді. Олар сөздердің өзінен тыс, тұтас мағына беріп, мәтіннің көркемдік деңгейін арттырады. Сонымен қатар, тұрақты тіркестер мен ертегі формулалары мәтіннің құрылымдық және прагматикалық қызметін күшейтіп, оқырманның қызығушылығын оятады. Осылайша, тұрақты тіркестер мен формулалық құрылымдар қазақ ертегілерінің көркемдік, тәрбиелік және танымдық мәнін толықтыратын негізгі элементтер болып табылады, ұлттық мәдениет пен тілдің байлығын сақтауда ерекше рөл атқарады.

Тұрақты формулалар мен баяндау клишелерін лингвомәдени тұрғыдан саралау – олардың ертегі мәтінін ұйымдастырушы басты құрылымдық элементтер екенін дәлелдеді. Ертегінің басы, дамуы және аяқталуында кездесетін бұл дәстүрлі модельдер ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз жеткен халықтық сөз өнерінің стереотиптері болып табылады. Олар жай ғана стильдік әшекей емес, мәтіннің жанрлық табиғатын танытатын, тыңдаушы санасын ғажайып әлемді қабылдауға бағыттайтын прагматикалық және семиотикалық қызмет атқарады. Корпустық деректер бұл формулалардың ертегі

мәтіндерінде қайталану коэффиценті жоғары екенін көрсетті, бұл – қазақ ертегі дискурсының берік дәстүрлілік пен қатып қалған (канондық) жүйелілікке негізделгенін білдіретін басты лингвомәдени көрсеткіш.

3.2 Қайталау, параллель құрылымдар және клишелер

Тіл білімінде ертегі тілінің ерекшеліктері өз алдына зерттелгенімен, аталған тілдік құрылымдардың бір жүйеде қарастыру жұмыстары санаулы. Осы орайда, қайталау, параллель құрылымдар және клишелерді зерттеу – тек тіл білімінде ғана емес, рухани, философиялық, педагогикалық, әдебиеттану және мәдениеттанулық маңызға ие. Қазақ халық ертегілері – ұлттың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын, тілдік қазынасын сақтаған ауыз әдебиетінің негізгі жанрларының бірі. Ертегі мәтіні ауызша айтылып, тыңдаушыға әсер етуге бағытталғандықтан, онда экспрессивтілік пен құрылымдық ұйымдасу ерекше орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, ертегідегі қайталау, параллель құрылымдар және клише формулалар мәтіннің ырғақтылығын арттырып, оқиғалық желіні есте сақтауға көмектесетін маңызды құралдар ретінде танылады. Ауызша дәстүрде қайталама (лексикалық, синтаксистік, семантикалық) тыңдаушы назарын шоғырландырады, баяндаудың логикалық түйіндерін айқындайды және мәтіннің композициялық құрылымын бекітеді. Ал параллель құрылымдар – сөйлемдердің ұқсас модельде қатар берілуі арқылы көркемдік тұтастық тудырып, кейіпкер әрекетін, кеңістік-уақыттық қозғалысты бір ырғақпен «ілестіріп» отырады. Клише (формула) – ертегі жанрына тән дайын үлгілер: басталу, аяқталу, жолға шығу, сынақ, сұрау-жауап, батырдың сипаттамасы сияқты тұрақты тіркестер мен құрылымдар. Бұл мақаланың өзектілігі – қазақ ертегілерінің мәтіндік табиғатын қазіргі лингвистикалық және мәтінтанымдық ұстанымдармен талдау қажеттілігінде. Зерттеу нысаны ретінде алынған «Керқұла атты Кендебай» және «Алтын сақа» ертегілері – халықтық сюжеті кең тараған, композициясы айқын, формулалық тіл өрнегі мол мәтіндер. Оларда батырлық сипат пен сыннан өту мотивтері, жол жүру, іздеу, қақтығыс, жеңіс сияқты эпизодтар жүйелі беріліп, соған сай қайталама мен параллель құрылымдар жиі ұшырасады.

Зерттеу материалы ретінде «Керқұла атты Кендебай» және «Алтын сақа» қазақ халық ертегілерінің мәтіндік нұсқалары алынды. Аталған ертегілердің көркем-мәтіндік құрылымы негізінде қайталау, параллель құрылымдар және клишелік бірліктер іріктеліп, тілдік айғақ ретінде ұсынылды. Нақтырақ айтқанда, ертегі мәтініндегі лексикалық және синтаксистік қайталаулар, анафора/эпифора үлгілері, бірізді параллель синтаксистік модельдер, сондай-ақ ертегіге тән басталу, аяқталу, жолға шығу, диалогтық сұрау-жауап секілді клишелер жинақталып, жүйелі түрде талданды. Зерттеу барысында мәтіннің композициялық құрылымын, оқиға желісінің дамуын және формулалық тілдік бірліктердің эпизодтық қызметін айқындау мақсатында мәтіндік талдау жүргізілді. Тілдік бірліктердің көркемдік-экспрессивтік мүмкіндігін анықтау үшін стилистикалық талдау қолданылды. Екі ертегідегі ұқсас және айырмашылық белгілерін көрсету мақсатында салыстырмалы талдау тәсілі пайдаланылды. Сонымен қатар тілдік материалды жүйелеу, түрлерге бөлу және әр құбылыстың қызметін түсіндіру үшін сипаттау әдісі жүзеге асырылды. Қайталау мен параллель құрылымдардың грамматикалық үлгілерін, синтаксистік модельдерін анықтау мақсатында құрылымдық-семантикалық тұрғысынан талдау жасалды.

Қазақ халық ертегілерінің поэтикалық құрылымында қайталама, параллель құрылымдар және клишелік формулалар маңызды мәтінтүзетуші қызмет атқарады. Алдымен, қайталаудың екі мәтіндегі қызметіне тоқталсақ, ертегілерде лексикалық және синтаксистік қайталау жиі ұшырасады. Белгілі бір ұғымға назар аударту үшін бір сөзді не сөйлемді қайта-қайта айтуды қайталау деп атайды. Қайталау (қайталама) – көркем мәтінде белгілі бір сөздің, сөз тіркесінің, сөйлемнің немесе синтаксистік құрылымның әдейі қайталанып қолданылуы арқылы ойды әсерлі жеткізетін стилистикалық және поэтикалық тәсіл. Бұл құбылыс қазақ әдебиетінде де, әлемдік әдебиетте де кең тараған көркемдеуіш құралдардың бірі болып табылады. Қайталау мәтіннің эмоционалдық әсерін күшейтіп, негізгі ойды айқындауға, композициялық тұтастық пен ырғақ қалыптастыруға қызмет етеді. Әсіресе ауыз әдебиетінде, соның ішінде ертегілерде, жырларда, мақал-мәтелдерде қайталама тыңдаушының есінде сақталуын жеңілдетіп, баяндаудың әуезділігі мен көркемдігін арттырады. Ғылыми әдебиеттерде қайталама көркемдік фигура ретінде

қарастырылады. Мысалы, Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде қайталауды поэтикалық айшықтаудың негізгі түрлерінің бірі ретінде сипаттаса, З. Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде оның көркем мәтіндегі экспрессивтік қызметін атап көрсетеді. Ал М.Балақаев, Е.Жанпейісов және М. Томановтың «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығында қайталама тілдік-стилистикалық тәсіл ретінде қарастырылып, оның сөйлеу әсерін күшейтудегі рөлі түсіндіріледі. Қайталаудың негізгі түрлері: 1) Лексикалық қайталау – бір сөздің немесе сөз тіркесінің бірнеше рет қайталануы. Мысалы «Алтын Сақа» ертегісінен: «Ау, қарғалар, қарғалар, қанатымен жорғалар», – деген сөйлемде қаратпа сөздің қайталануы баланың шарасыз күйін, үмітін білдіреді. Мұндай қайталау ауызша баяндауға тән ырғақтық және эмоционалдық әсер береді. Одан кейін «Қаза-қаза құлатуға жақындайды», – қосарланған етістік әрекеттің ұзаққа созылғанын, көп күш жұмсалғанын білдіреді. Бұл морфологиялық-лексикалық қайталама қимылдың үздіксіздігін көрсетеді. 2) Синтаксистік қайталау – бірдей құрылымдағы сөйлемдердің қатар келуі. Мысалы: «Бір тісін жұлып алып, тағы бір тісін жұлып алды», – бұл келтірілген сөйлем құрылымының қайталануы жалмауыз кемпірдің табандылығын, қауіпті күшін көрсетеді. Қайталау оқиғаның драматизмін күшейтіп, әрекеттің кезең-кезеңімен өрбуін білдіреді. Келесі «Кетпенін суға атады, кетпенін суға лақтырып жіберді», – бұл ұқсас синтаксистік құрылымдардың қайталануы композициялық тұтастықты қамтамасыз етеді және ертегіге тән дәстүрлі қайталама эпизодты көрсетеді. «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің поэтикалық құрылымында қайталама тәсілі кеңінен қолданылған. Қайтамалама әдісі көркем мәтінде негізгі ойды айқындап, эмоциялық әсерді күшейтетін, композициялық тұтастық пен ырғақ қалыптастыратын маңызды поэтикалық тәсіл. «Алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті», – етістік формаларының қайталанып келуі батырдың күшін әсірелейді. Бұл – гиперболалық әсер беретін қайталама. Кейіпкердің жеңімпаздық қасиетінің тұрақты сипатта екені көрсетіледі. Одан кейін «Күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді», – лексикалық және синтаксистік қайталау арқылы уақыт пен қашықтықтың ұзақтығы көрсетіледі. Батырдың жолының алыс әрі қиын екені қайталаулар арқылы көрініс тауып тұр. Бұл ертегілерде берілген қайталаулар үлгісі басқа да қазақ халық ертегілерінде кездеседі. «Дәудің бір басы ұшып түседі, екінші басы ұшып түседі, жеті басы бірдей ұшып

кетеді», – қайталау арқылы күрестің рет-ретімен өрбуі берілген. Қуаныштың жалпылық сипаты көрсетілген қайталау үлгілері де көрсетілген, «Ата-ана қуанады, бала қуанады», бұл жерде бақыт идеясы берілген. «Алтын сақа» мен «Керқұла атты Кендебай» ертегілерінде қайталама поэтикалық ұйымдастырушы механизм ретінде мәтіннің семантикалық және құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етеді. Қайталамалы тілдік бірліктер сюжеттік желінің ілгерілеу логикасын жүйелеп, кейіпкер әрекетінің қарқындылығын және батырлық модельдің типологиялық белгілерін айқындайды. Сонымен қатар бұл құбылыс фольклорлық дискурстағы формулалық тұрақтылықты сақтап, ертегілік мәтіннің ритмикалық-стилистикалық құрылымын қалыптастырады. Параллель құрылымдар мәтінде бірдей немесе ұқсас синтаксистік модельде құрылған сөйлемдердің не сөйлем бөліктерінің қатарласа берілуі арқылы жасалатын поэтикалық-стилистикалық тәсіл. Жалпы бұл құбылыс тіл білімінде синтаксистік параллелизм деп аталады және ол құрылымдық симметрияға негізделеді. Яғни, бірнеше сөйлем немесе тіркес грамматикалық жағынан бір үлгіде құралып, мағыналық сипатынан өзара сабақтасып отырады. Мысалы, «Ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты», – мұнда барлық сөйлемдер бір үлгіде құрылған. Бұл параллельдік құрылым кейіпкердің ғажайып өсуін сатылай көрсетіп тұр. «Бір күн өтті, екі күн өтті, үш күн өтті», – бұл параллельдік құрылым уақыттың кезең-кезеңімен өтуін көрсету және әрекеттің ұзақтығын көрсетеді. Сан есімдердің бірізді түрде ауысып отыруы оқиғаның динамикалық дамуын сипаттап, баяндауға айтарлықтай жүйелілік беріп тұр. Сонымен қатар мұндай құрылым фольклорлық мәтіндерге тән сатылай өрбу тәсілін жүзеге асырып, тыңдаушыға уақыттың өткенін нақты әрі әсерлі түрде сезіндіреді. Негізінен ертегідегі параллельдік құрылымдардың қызметі, мәтінге ырғақтық бірізділік беру, ойды сатылай дамытуға мүмкіндік жасау, эмоциялық әсерді күшейту, кейіпкердің әрекетін жүйелі көрсету, ауызша баяндауға жеңілдік беру. Жалпы алғанда, тілдік деректерде көрсеткендей, қайталама мен параллель құрылымдар аталған ертегілерде мәтіннің композициялық ұйымдасуын қамтамасыз ететін, сюжеттік дамуыды жүйелейтін және фольклорлық дискурстың поэтикалық тұтастығын айқындайтын негізгі құрылымдық-стилистикалық тетік ретінде қызмет атқарады. Клише ұғымының табиғаты мен көркем мәтіндегі

қызметі. Ғылыми тұрғыдан алғанда, клише – белгілі бір жанрда немесе дискурста жиі қайталану нәтижесінде қалыптасқан, құрылымы мен мағынасы тұрақтанған тілдік формула. Ол автор тарапынан әр жолы жаңадан жасалмайды, керісінше дәстүрлі түрде дайын қалпында қолданылады. Фольклорлық мәтіндерде клише көбіне басталу, оқиға өрбуі, кейіпкерді сипаттау және аяқталу кезеңдерінде кездеседі. Ертегі жанрында клише ұғымы формулалық тұрақтылықпен тығыз байланысты. Мысалы, «Ерте, ерте, ертеде…», «Баяғы заманда…», «Сөйтіп, мұратына жетіпті…» тәрізді тіркестер – ертегілік дискурстың типтік формулалары. Мұндай құрылымдар мәтіннің жанрлық сипатын айқындап, баяндауды дәстүрлі арнаға түсіреді. Сонымен қатар клишелер тыңдаушыға таныс модель ұсыну арқылы қабылдауды жеңілдетеді және мәтіннің композициялық шекараларын белгілейді. Демек, клише – фольклорлық шығармаларда семантикалық тұрақтылық пен құрылымдық жүйелілікті қамтамасыз ететін, жанрлық дәстүрді сақтайтын және мәтіннің поэтикалық тұтастығын нығайтатын маңызды тілдік құбылыс болып табылады. Біз тоқталатын ертегілерде де аталған тілдік бірліктер кездеседі.

1. Экспозициялық клише мысалы: «Өткен заманда бір бай болыпты…», «Ерте-ерте ертеде». Бұл – ертегілерге тән дәстүрлі бастау формуласы. Мұндай клише оқиғаның нақты тарихи уақыттан тыс, шартты кеңістікте өтетінін білдіреді.

2. Диалогтық формула мысалы: «Шеше, анау жатқан сақамды алып берші!», «Өзің түсіп ал…». Бұл – ертегілердегі кейіпкерді сынау мотивіне тән тұрақты диалогтық клише. Жалмауыз кемпірдің «өзін түс» деуі – сынақ элементі.

3. Батырдың ерекше тууы мен өсуі мысалы: «Ай сайын емес,күн сайын өсіпті,алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті». Бұл - батырдың ғажайып өсуіне тән тұрақты фольклорлық модель. Батырдың өзгеше тууы мен тез ер жетуі - қазақ ертегілеріндегі типтік клише.

4. Қотыр тайдың біртіндеп тұлпарға айналуы. Ғажайып көмекші жануар мотиві – фольклорлық тұрақты модель. Батырға ерекше күш беретін тұлпар образы дәстүрлі клишеге жатады. Мұндай мотив Керқұла аттың тіл бітіп сөйлеуі, батырға ақыл беруінде де байқалады. Бұл - батырлық ертегілерге тән тұрақты мотив. Тұлпар - батырдың серігі әрі, кеңесшісі ретінде көрінеді.

5. Жеңіс пен той формуласы мысалы: «Әке-шешесі қатты

қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады» немесе «Ханның ризашылық білдіруі, қызын беруі, той жасауы». Бұл – ертегілердің дәстүрлі аяқталу формуласы. Жақсылықтың жеңуі, тойдың жасалуы – тұрақты финалдық клише.

«Алтын сақа» мен «Керқұла атты Кендебай» ертегілерінде фольклорлық дискурсқа тән формулалық тұрақтылық айқын байқалады. Екі мәтінде де экспозициялық клише арқылы шартты уақыт пен кеңістік белгіленеді. Бұл бастау формулалары ертегілік жанрдың дәстүрлі моделін сақтап, баяндауды мифтік кеңістікке көшіреді. Екі ертегіде де батырдың ерекше тууы немесе өзгеше болмысы клишелік модель ретінде көрінеді. «Алтын сақада» баланың алтын сақа арқылы тағдырлық сынаққа түсуі, ал «Керқұла атты Кендебайда» кейіпкердің ғажайып жылдам өсуі – батырлық ертегілерге тән типологиялық белгі. Бұл мотив батырдың қарапайым адамнан жоғары тұрған тұлға екенін айқындайды. Сонымен қатар екі мәтінде де ғажайып көмекші мотиві бар. «Алтын сақада» қотыр тайдың біртіндеп тұлпарға айналуы, «Керқұла атты Кендебайда» Керқұла аттың тіл бітіп сөйлеуі – батырлық ертегілердегі тұрақты клише. Мұндай мотив кейіпкердің жеңісін қамтамасыз ететін символдық күш ретінде қызмет етеді. Композициялық тұрғыдан екі ертегіде де сынақ және кедергілерді еңсеру моделі қолданылады. Кейіпкер жолында жалмауыз, дәу, арыстан сияқты әсіреленген қарсыластар кездеседі. Бұл – батырлық ертегілерге тән типтік үштік немесе көп сатылы сынақ құрылымы. Финалдық бөлігінде екі мәтінде де жеңіс пен той формуласы көрініс табады. Батырдың жеңісі, әділдіктің орнауы, тойдың жасалуы – қазақ фольклорындағы тұрақты аяқталу клишесі. Аталған формулалық құрылымдар тек «Алтын сақа» мен «Керқұла атты Кендебай» мәтіндері аясында ғана емес, қазақ фольклорындағы бірқатар батырлық және қиял-ғажайып ертегілерде де жүйелі түрде ұшырасады. Мәселен, Ер Төстік шығармасында ғажайып көмекші бейнесі (Шалқұйрық), көп сатылы кедергілер жүйесі және мифтік кеңістікке тән бастау формуласы айқын көрінеді. Сол сияқты Алпамыс батыр жырында кейіпкердің ерекше тууы мен шапшаң ер жетуі, тұлпардың айрықша сипатталуы және салтанатты финал үлгісі батырлық модельдің тұрақты компоненттері ретінде беріледі. Қобыланды батыр мәтінінде де сиқырлы ат мотиві мен қарсыласты гиперболалық сипатта бейнелеу дәстүрі сақталған. Ал Күн астындағы Күнікей қыз ертегісінде кейіпкердің ғажайып

кеңістіктерден өтуі, көмекші күштердің араласуы және сынақтардың сатылы берілуі байқалады. Бұдан байқайтынымыз – аталған клишелер жекелеген шығармаға тән құбылыс емес, керісінше, ұлттық фольклордың поэтикалық жүйесінде орныққан типологиялық модельдер жиынтығы.

Қорыта келгенде, мақалада жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақ халық ертегілеріндегі қайталау, параллель құрылымдар және клишелік формулалардың көркем мәтін құрылымында маңызды қызмет атқаратынын көрсетті. Зерттеу барысында аталған көркемдік-стилистикалық тәсілдердің «Алтын сақа» және «Керқұла атты Кендебай» ертегілеріндегі қолданысы ғылыми тұрғыдан талданып, олардың мәтіннің композициялық ұйымдасуын қамтамасыз ететін, сюжеттік дамуды жүйелейтін және поэтикалық тұтастықты қалыптастыратын негізгі тілдік тетіктер екені дәлелденді. Қайталау құбылысы ертегі мәтінінде ойды нақтылап, эмоциялық-экспрессивтік әсерді күшейтіп, баяндаудың ырғақтық жүйесін қалыптастыруға қызмет ететіні анықталды. Лексикалық және синтаксистік қайталамалар кейіпкер әрекетінің қарқындылығын айқындап, оқиға желісінің динамикалық дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар қайталамалар тыңдаушының мәтінді қабылдауын жеңілдетіп, ауызша дәстүрге тән есте сақтау функциясын жүзеге асыратыны ғылыми тұрғыдан негізделді. Параллель құрылымдар ертегі мәтініндегі синтаксистік симметрияны қалыптастырып, көркемдік тұтастық пен интонациялық үйлесімділікті қамтамасыз ететіні анықталды. Бірдей синтаксистік үлгіде құрылған сөйлемдер кейіпкердің іс-әрекетін, кеңістік-уақыттық қозғалысты және оқиға желісінің кезең-кезеңімен өрбуін жүйелі түрде бейнелейді. Бұл құрылымдар фольклорлық мәтіндердің поэтикалық ұйымдасуында маңызды рөл атқарып, баяндаудың ырғақтық және эстетикалық әсерін күшейтеді.Зерттеу нәтижесінде клише ұғымының ертегі жанрындағы формулалық тұрақтылықты айқындайтын негізгі тілдік бірлік екені дәлелденді. Экспозициялық, диалогтық, батырлық модельдік, ғажайып көмекші және финалдық клишелер мәтіннің жанрлық сипатын белгілеп, композициялық құрылымын реттеп, сюжеттік дамуға ықпал етеді. Сонымен қатар бұл формулалық құрылымдар қазақ фольклорының дәстүрлі поэтикасын сақтап, ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды бейнелеуге қызмет етеді. Жалпы алғанда, «Алтын сақа» және «Керқұла атты Кендебай» ертегілеріндегі қайталау,

параллель құрылымдар және клишелер фольклорлық мәтіннің поэтикалық жүйесін ұйымдастыратын, көркемдік әсерін арттыратын және жанрлық тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі мәтінтүзуші құралдар. Аталған тілдік бірліктердің жүйелі түрде қолданылуы қазақ халық ертегілерінің көркемдік табиғатын, эстетикалық ерекшелігін және тәрбиелік мәнін айқындайды. Зерттеу барысында ұсынылған тілдік деректер мен ғылыми талдаулар қазақ тіл біліміндегі мәтінтану, стилистика, әдебиеттану және фольклортану салаларының өзара сабақтастығын көрсетті. Алдағы уақытта қайталау, параллель құрылымдар және клишелік формулаларды қазақ фольклорының басқа жанрлары аясында, сондай-ақ салыстырмалы және когнитивтік-лингвистикалық тұрғыдан зерттеу олардың поэтикалық және мәдени-танымдық әлеуетін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Мұндай зерттеулер ұлттық рухани мұраны ғылыми негізде зерделеуге, қазақ тілінің көркемдік мүмкіндіктерін кеңінен танытуға және фольклорлық дәстүрдің сабақтастығын сақтауға ықпал ететіні сөзсіз.

Қорыта келгенде, ертегілердегі фразеологизмдерді корпустық-семантикалық тұрғыдан зерттеу – халық тілінің бейнелілік пен эмоционалды-экспрессивті әлеуетін толық ашты. Ауызша прозада фразеологиялық бірліктер кейіпкерлердің ішкі психологиялық күйін, мінез-құлқын, сондай-ақ оқиғалардың сыртқы көрінісін жылдам әрі әсерлі суреттеудің басты құралына айналған. Корпустық мәтіндердегі фразеологизмдердің қоршаған ортасы (контексі) олардың бағалауыштық модальділігін күшейтеді: жақсылық пен жамандық, батырлық пен қорқақтық сияқты этикалық концептілер фразеологизмдер арқылы айқын реңк алады. Осылайша, ертегі тіліндегі фразеологиялық бірліктер мәтіннің көркемдік-эстетикалық деңгейін көтеріп қана қоймай, ұлттық аксиологиялық (құндылықтар) жүйені ұрпақ санасына сіңіруші негізгі лингвокогнитивтік құрал қызметін атқарып тұр.

3.3 Қазақ ертегі тілінің корпустық модельдері мен ішкі жүйесі

Ертегі мәтіндеріндегі гештальт моделі. Соңғы онжылдықтарда тіл білімінде антропоцентристік парадигманың нығаюымен бірге мәтінді когнитивтік тұрғыдан зерделеу мәселесі барынша өзекті

бағытқа айналды. Тіл адам санасының айнасы ретінде қарастырылып, тілдік бірліктердің артындағы ментальды мазмұнды ашуға деген ғылыми ұмтылыс күшейді. Осы бағытта когнитивтік лингвистика тіл мен таным арасындағы байланысты зерттейтін ғылым саласы ретінде мәтін талдауда жаңа мүмкіндіктер ашып берді.

Гештальт (нем. Gestalt – тұтас кескін, форма) ұғымы когнитивтік лингвистиканың базалық категорияларының бірі. В.А. Маслова когнитивтік лингвистика оперативті жады бірліктерімен жұмыс жасайды деп атай отырып, гештальтты «дүние фрагменттерінің тұтас, ұғымға дейінгі образы» деп анықтайды [50, 31-б.]. Бұл анықтама гештальттың ерекше қасиетін айқындайды: ол бөліктерге жіктелмей, тұтас бейне ретінде санада сақталады және өңделеді.

Дж. Лакофф пен М. Джонсон эмпирикалық гештальт ұғымын енгізе отырып, адам тәжірибесінің тілдік репрезентациясы тікелей осы тұтас когнитивтік кескіндер арқылы жүзеге асатынын дәлелдеді. Ал Қ.Жаманбаеваның тіл қолданысының когнитивтік негіздерін зерттеуі қазақ тіліндегі концептуалдық жүйелердің ерекшеліктерін ашып, ұлттық мәтіндерді когнитивтік тұрғыдан талдаудың теориялық базасын қалыптастырады [51, 42-б.].

Ертегі мәтіндері фольклорлық дискурстың ерекше жанры ретінде ұлттық дүниетанымды, мәдени концептосфераны және халықтық аксиологияны бір мезгілде тасымалдайтын бірегей мәтін үлгілері саналады. Гештальд теориясының тіл біліміне енуі Дж. Лакофф пен М.Джонсонның «Метафоры, которыми мы живем» (1980/2004) еңбегімен тікелей байланысты. Авторлар эмпирикалық гештальт ұғымын тұжырымдай отырып, адамның күнделікті тәжірибесі тіл арқылы вербалданатын тұтас когнитивтік кескіндер, гештальттар, арқылы ұйымдасатынын дәлелдеді. Зерттеушілердің тұжырымдамасы бойынша, гештальт тыңдаушы/оқырман санасында бай фондық құрылымды жасайды және осы фондық гештальт кез келген тілдік ситуацияны толық түсінудің алғышарты есептеледі.

В. Маслова когнитивтік лингвистика оқулығында гештальтты «дүниенің тұтас, ұғымға дейінгі образы» ретінде анықтай отырып, оның фрейм мен сценарийден айырмашылығын нақтылайды: гештальт бөлшектелмейтін тұтас ментальды образ болса, фрейм динамикалық мазмұнды, ал сценарий оқиғалардың дәйектілігін сипаттайды. Ғалым сонымен бірге гештальттардың мәдени мәтіндерде өзіне тән тілдік репрезентациялары болатынын атап өтеді:

тіл мен таным бірлігі дәл осы гештальт-құрылымдар арқылы мәтінде бекітіледі.

Қ. Жаманбаеваның тіл қолданысының когнитивтік негіздерін зерделеген еңбегі қазақ тіл білімінде когнитивтік тәсілді қалыптастыруда маңызды орын алады. Зерттеуші тілдік таңбалардың артындағы ментальды мазмұнды концептуалдық білімді ашудың теориялық және методологиялық негіздерін жасай отырып, ұлттық тіл мен мәдениет байланысын когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерделеуге жол ашты. Бұл тұжырымдар қазақ ертегілерінің тілдік бірліктерін когнитивтік категориялармен сәйкестендіруде нақты методологиялық тірек болады.

О.В. Смурова концепттің гештальт-функцияларын зерттей отырып, гештальт-құрылымдардың тілдік деңгейде лексикалық-морфологиялық-синтаксистік ақпараттардың, ал сөйлеу деңгейінде семантикалық-прагматикалық-коммуникативтік ақпараттардың тұтас бірлігі ретінде көрінетінін дәлелдеді. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша, концепттің ядролық гештальт-құрылымдарына тән семантикалық-прагматикалық функциялар оның гештальт-функциялары деп аталады; бұл жіктеме фольклорлық мәтіндерге тікелей қолданылады [52, 70-б.].

«Ер Төстік» ертегісінің мәтіні кеңістіктік және рөлдік гештальттарды ерекше айқындылықпен бейнелейді. Ертегінің кеңістіктік гештальді үш аймақты – жер үсті, жер асты және ерлік сынақ кеңістігі – бір тұтас когнитивтік жүйеге біріктіреді. Аталған үш кеңістіктік аймақтың бір-бірімен кереғар оппозициялары «өз / бөтен», «қауіпсіз/қауіпті», «белгілі/белгісіз» бинарлық жұптары арқылы тілдік деңгейде вербалданады. В.А. Масловадан дәйексөз келтіре отырып айтсақ, гештальттар «санада ақпаратты тұтас жүйеде сақтайды». Ер Төстік ертегісіндегі кеңістіктік үштілік дәл осындай тұтас жүйелі гештальт-сурет бола алады.

Рөлдік гештальт «Ер Төстік» мәтінінде батыр, жау, көмекші архетиптік үштілігі арқылы бекітіледі. Батырдың кескіні – ержүрек, шыдамды, өз халқы үшін өзін құрбан ете алатын тұлға – санада бөлшектелмейтін тұтас ментальды образ ретінде орныгады. Мұндай тұтастық гештальт теориясының «тұйықталу» заңымен байланысты: адам санасы ертегі оқиғаларының логикалық тізбегін тұтас образға жинақтайды. Дж. Лакофф пен М. Джонсон атап өткендей, гештальт «кез келген жағдайды толық түсіну үшін қажет бай фондық

құрылымды жасайды», ал батыр кескіні осы фондық гештальттың тілдік репрезентациясы дей аламыз [53, 12-б.].

Сынақ гештальді «Ер Төстік» мәтінінде «кедергі, күрес, жеңіс, сыйақы» дәйектілігі бойынша тұрақты фреймдік тізбек ретінде ұйымдасады. Ертегідегі сынақ сахналарының – жер астына түсу, айдаһармен шайқас, Жер Анаға қызмет ету, әрқайсысы осы жалпы гештальт-сценарийдің нақты тілдік реализациясы. О.В. Смурованың тұжырымдамасы бойынша, сөйлеу деңгейіндегі гештальт-құрылымдар семантикалық, прагматикалық және коммуникативтік ақпараттардың тұтастығы деуге болады. «Ер Төстік» ертегісінің сынақ эпизодтары осы үш ақпарат деңгейін бір мезгілде бейнелейді.

«Алдар Көсе» ертегілер тобы аксиологиялық және сынақ гештальттарының ерекше үлгілерін ұсынады. Алдар Көсе кейіпкерінің тұтас рөлдік гештальді – айла-шарғы арқылы зорлық-зомбылықты жеңуші, ақылмен кедейлікті жеңуші тұлға образы. Бай мен кедей арасындағы аксиологиялық оппозиция «жамандық /жақсылық» концептуалдық жұбы арқылы ертегі мәтінінде тұрақты түрде вербалданады. Жаманбаеваның тіл мен таным туралы тұжырымдарынан шығатын қорытынды бойынша, мұндай аксиологиялық оппозициялар тілдік санада когнитивтік эталон қызметін атқарады.

Алдар Көсе ертегілерінің мәтіндік ұйымдасуында тұрақты гештальт-схема айқын байқалады: «мол, зұлым, бай» фигурасы «кедей, әділ, айлакер» фигурасымен тартысқа түседі, ал ертегі мәтіні әрдайым айлакер кейіпкердің жеңісімен аяқталады. Бұл схема В.А. Маслованың гештальт ұғымы туралы анықтамасымен – «дүние фрагменттерінің тұтас образы» – дәл сәйкеседі: Алдар Көсе кескіні халықтың когнитивтік санасындағы «әділдік пен зерделіліктің жеңісі» концептінің тұтас гештальт-образы. Екі ертегіні салыстыра талдау нәтижесінде «Ер Төстік» пен «Алдар Көсе» мәтіндерінде гештальт-модельдердің жанрлық инвариантты қалыптары сақталатыны анықталды.

«Аяз би» ертегісінде трансформациялық гештальт «Ер Төстіктегіден» өзгеше сипатта: физикалық өлім-тірілу емес, әлеуметтік трансформация «кедей жетім – сарай қызметшісі – хан кеңесшісі» когнитивтік модельдің негізін құрайды. Бұл позициялар мәтінде бір-бірін дәйекті алмастырады және тыңдаушы санасында тұтас «мәртебе өсуі» гештальдін қалыптастырады. Трансформация тілдік деңгейде кейіпкерге жүгінетін сөйлемдердің стилистикалық

өзгерісімен, атаудың ауысуымен (Аяздан Аяз биге) және кеңістіктік бейнелердің алмасуымен белгіленеді.

Кеңістіктік гештальт «Аяз биде» «кедейлік кеңістігі/хан сарайы» бинарлық оппозициясымен берілген. «Ер Төстіктегі» үш аймақты моделден ерекшелігі – мұндағы кеңістіктік ауысу физикалық емес, аксиологиялық мағына тасымалдайды: сарайға кіру – когнитивтік деңгейде тұлғаның мойындалуы.

Аксиологиялық гештальт «Аяз биде» «сыртқы бейне/ішкі даналық» оппозициясы арқылы ұйымдасады. Бұл «Алдар Көседегі» бай/кедей оппозициясынан бөлек үлгі: мұнда сыртқы кемсітулер мен ішкі даналықтың кереғар бірлігі когнитивтік шиеленіс тудырады, ал ертегі соңы осы шиеленісті шеше отырып, «даналық» концептісінің гештальт-бейнесін бекітеді.

Қазақ ертегілерінің мәтіндерінде гештальт модельдерінің төрт түрі анықталды: кеңістіктік гештальт, рөлдік гештальт, сынақ гештальді және аксиологиялық гештальт. Олардың барлығы ертегі мәтінінің семантикалық тұтастығын қамтамасыз ете отырып, тыңдаушы-оқырман санасында ұлттық дүниетанымның концептуалдық кескінін орнықтырады. «Ер Төстік» мәтініндегі кеңістіктік үш аймақтың гештальт жүйесі мен «Алдар Көсе» мәтіндеріндегі аксиологиялық оппозициялар – қазақ халқының мәдени концептосферасының тілдік деңгейдегі кейіптері.

Гештальт моделі ертегі мәтіндерін жеке тілдік бірліктердің жиынтығы ретінде емес, тұтас семантикалық-когнитивтік жүйе ретінде зерделеуге мүмкіндік береді. Осы тәсіл арқылы ертегілік дискурстың архетиптік схемалары когнитивтік категориялар тілінде сипатталып, ертегі мәтінінің терең мазмұны ашылды. Болашақта гештальд модельдерін қазақ ертегілерінің кең мәтіндік жиынтығында зерттеу және басқа халықтардың ертегілерімен салыстырмалы талдауды жалғастыру ғылыми перспективалы бағыт болып есептеледі.

Ертегі мәтіндеріндегі фрейм моделі. Когнитивті лингвистика өз зерттеу объектілері ретінде жалпы білім қоры, ақпаратты өңдеу, когнитивті модельдер ретінде концепт пен образ, сондай-ақ концептуалдық жүйенің негізіндегі ұғымдар – схема, скрипт, фреймдерді қарастырады. Қоғамның дамуы мен уақыттың өтуі адамның танымдық, ұғымдық ой-өрісінің кеңеюіне әкеліп, санада қалыптасқан ұғымдардың шеңберін кеңейтеді. Осыған орай, когнитивті лингвистиканың басты мақсаты – санада бейнеленген құбылыстардың ішкі мәнін анықтау және түсіндіру жолдарын табу.

Бұл аспектідегі зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік беретін когнитивті бірлік ретінде концепт танылады. Когнитивті лингвистика бағыттары келесі кестеде берілген:

5-кесте. Когнитивтік лингвистиканың негізгі бағыттары

Бағыттардың атауы	**Негізін қалаушы ғалымдар**	**Ерекшеліктері**
Концептуалдық метафора теориясы	Дж. Лакофф, М. Джонсон	Метафора – таным мен ойлаудың негізгі механизмі.
Когнитивті грамматика	Р. Лэнгакер (Ronald Langacker)	Грамматика – танымдық
Фрейм семантикасы	Ч. Филлмор	Сөз мағынасы фрейм арқылы беріледі
Концептология	Е.С. Кубрякова, В.А. Маслова	Концепт – тілдік санадағы мәдени мазмұнды құрылым

Кестедегі ақпаратты көріп отырғанымыздай когнитивті лингвистика аясында қалыптасқан теориялық бағыттардың әрқайсы тіл мен танымның өзара байланысын түрлі қырынан түсіндіреді. Концептуалдық метафора теориясының негізін қалаушылар Дж. Лакофф пен М. Джонсон метафораны тек көркемдік құрал ретінде емес, адамның ойлау жүйесін ұйымдастыратын когнитивті механизм ретінде қарастырады. Бұл теория бойынша, метафора – абстрактілі ұғымдарды түсінуге мүмкіндік беретін негізгі танымдық форма. Когнитивті грамматика теориясы Р. Лэнгакердің еңбектерінде дамытылып, грамматикалық құрылымдар адамның танымдық әрекетінің нәтижесі, яғни концептуалданған тәжірибенің тілдік бейнесі ретінде сипатталады. Бұл тұрғыдан грамматика – тілдік формалардың когнитивті модельдер арқылы ұйымдастырылған жүйесі. Фрейм семантикасы Ч. Филлмордың бастамасымен қалыптасып, сөз мағынасының жеке-дара емес, белгілі бір білім құрылымына – фреймге сүйене отырып ұғынылатынын дәлелдейді. Фрейм – адамның тәжірибесі мен мәдениетінде жинақталған ақпараттар жиынтығы ретінде мағынаның танымдық негізін құрайды. Концептология бағыты Е.С. Кубрякова мен В.А. Маслова еңбектерінде тілдегі концепт ұғымын мәдени және когнитивті мазмұнмен байланыстыра қарастырады. Концепт – ұлттың мәдени санасында жинақталған, тіл арқылы көрініс табатын ментальдық бірлік. Ол тіл иесінің дүниетанымын, ұлттық құндылықтарын бейнелейтін танымдық құрылым ретінде зерделенеді. Осы

бағыттардың барлығы көркем мәтінді когнитивті аспектіде талдаудың ғылыми-теориялық негізін құрап, тілдік бірліктердің терең мағыналық және мәдени-танымдық қабаттарын ашуға мүмкіндік береді. Әрбір когнитивті бағытты тек негізін қалаушылар ғана емес, сонымен қатар кейінгі зерттеушілер түрлі тілдік және мәдени мәнмәтіндерде дамытты. Фрейм – адамның тәжірибесіне негізделген, белгілі бір жағдайды немесе ұғымды түсіндіретін менталдық білім құрылымы. Ол – ойлау кезінде іске қосылатын, дайын білім жиынтығын ұйымдастыратын когнитивті бірлік.

Фрейм семантикасы адамның өмірлік тәжірибесіне негізделген менталдық құрылым ретінде фреймді қарастырады. Н.Н. Болдырев пен Е.С. Кубрякова фреймнің белгілі бір жағдайды, ұғымды, контексті түсіндіруге арналған дайын білім жиынтығы екендігін көрсетеді.

Фрейм семантикасының негізін қалаған Ч. Филлмор да көркем мәтінді когнитивті аспектіде талдауға маңызды үлес қосты. Ол мағынаның белгілі бір білім құрылымдарына – фреймдерге тәуелді екенін атап өтті. Көркем шығармада белгілі бір ұғымның айналасында жинақталған мәдени, әлеуметтік, тарихи білімдер мәтін мазмұнын толығырақ ашуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әсіресе ұлттық мәдениетке тән ұғымдар мен бейнелерді тануда маңызды.

М. Минский адамның көргеннен алған ақпараты мен есінде сақталған ақпаратын модельдеу тәсілін зерттеу арқылы фрейм ұғымын танытты. Ғалым фрейм туралы зерттеуін былай дәлелдейді: «...Мәселен, бөлмеге кірген адамның ондағы заттар мен құбылыстардың қандай екенін, қалай орналасқанын, санада сақталған осы ақпараттардың қаншалықтысы ақиқатқа сәйкес келетінін анықтау адам жадындағы модельдерді көрсетеді. Бұл модельдер фрейм деп аталады».

О. В. Гусельникова: Фрейм – бұл иерархиялық орналасқан, өзара әрекеттесетін субфреймдер мен слоттардың жиынтығы түрінде ұйымдастырылған, типтік жағдай туралы білімнің когнитивті құрылымы

В. Я. Пропп ертегілерді құрылымына қарай екіге бөледі: сиқырлы және кумулятивті [10, 32-б.].

Сиқырлы ертегі – зиян келтіруден немесе мұқтаждықтан басталып, аралық функциялар арқылы үйлену тойына немесе басқа да шешімдерге (марапаттау, құтқару) ұласатын даму жолы. Сызбалық сипаты: Пропптың айтуынша, ертегілер белгілі бір сценарий

бойынша дамиды, іс-әрекеттер қайталанады және бір-бірімен логикалық байланыста болады.

Сиқырлы ертегінің типтік құрылымын келесі схема түрінде көрсетуге болады: (а) берілген жағдай → кедергі / мәселе → мәселені шешу шарты → (в) мәселені шешу құралы → (с) нәтиже.

Сиқырлы ертегіге қарағанда, кумулятивті ертегілер мүлдем басқа схема бойынша құрылады. Оларды ертегілердің барлық басқа түрлерінен ерекшелендіретін басты белгі – «қандай да бір іс-әрекеттердің немесе элементтердің осылайша құрылған тізбек үзілгенге дейін немесе кері кему ретімен тарқатылғанша көп мәрте қайталануында».

Кумулятивтілік – бұл «сюжеттік элементтердің дәйекті, тізбекті қосылуын» білдіретін композицияның ерекше формасы. Сонымен қатар, әрбір келесі элемент алдыңғысына қарағанда маңыздырақ болады.

Орыс фольклорында кумулятивті ертегілердің мысалдары өте көп: олар – «Шалқан» (Репка), «Бауырсақ» (Колобок), «Теремок» («Шыбынның үйшігі»), «Әтеш пен бұршақ дәні», «Шағылған жұмыртқа», «Балшық бала», «Оқтаулы түлкіше», «Айырбас», «Жақсы, бірақ жаман» және т.б.. Аталған ертегілер көрсеткендей, олардың әрқайсысында кейіпкерлер жүйесіне қарамастан, әңгіме белгілі бір үйінді (нагромождение) туралы болады, олардың бүкіл қызығы мен мазмұны да осыдан тұрады.

Адам белгілі бір жаңа затқа атау беруде өз жадындағы сол затқа қатысты нақты бейнелердің ерекшеліктерін, қасиеттерін, ерекше сипаттарын, еске түсіре бастайды. Затқа немесе құбылысқа берілген атау адам санасындағы ақпараттар нәтижесінде жүзеге асады. Ендеше тілдегі фрейм – бұл элементтері ұғымдық құрылымның жеке бөлігі (сөз, тіркес, сөйлем) болып табылатын лексикалық қатар. Қарапайым фреймдер бір ғана лексикамен берілуі мүмкін, ал күрделі фреймдер тіркестер немесе сөйлем арқылы танылуы мүмкін. Әрине, бұл тек шартты түрдегі тілдік көрінісі. Тіл білімінде фрейм – әрбір сөзі белгілі бір бөлшекті (мағынаны) немесе кейбір концептуалды және акционалды бүтіндікті айқындайтын сөздер жинағы ретінде танылады.

А. Әмірбекова көркем мәтіндегі фреймдік құрылымды танудың мынадай қағидаларын көрсетеді:

– фрейм белгілі бір концепт төңірегінде ұйымдасқан санадағы ақпараттар бірлігі;

– ол ассоциациялық қор арқылы танылады;

– стереотиптік белгілер арқылы жинақталады;

– концепт төңірегінде ең жақын белгілері мен қасиеттер арқылы модельденеді;

– ұғым туралы нақты мәліметтерді танытады;

– когнитивтік санадағы белгілі бір ұғым туралы ақпараттарды рет-ретімен жинақтайды [54, 45-б.].

Бұлардың ішінде семантикалық фреймдер – сөздердің мағынасын түсіне алатын, белгілі бір іс-қимылды қабылдай алатын (сценарийлі фрейм), т.б. ақпаратпен толыққанды адам жанында сақталатын құрылымдарға, яғни, фреймдерге негізделеді. «Ер Төстік» ертегісінде семантикалық фреймдер кездеседі. Мысалы: «...Ерназардың айтуымен Төстік егеуін іздеуге алты аяқты ала атты, жеті аяқты жирен атты мінбек болады. Төстік жылқыдан алты аяқты ала атты мініп, жеті аяқты жирен атты жетегіне алып келе жатқанда, алдынан Кенжекей шығып, мынаны айтады: – Сан жорғаны алмадым. Ер аты деп таңдадым. Айыл-тұрманы, әбзелін, Төстік, саған арнадым. Жабы емес, қазақы ат, Ер серігі қолғанат – Шалқұйрықты мін, Төстік! Сан жасауын алмадым, Саған бола таңдадым, Ақсырмалдай сауытты Осы жолға ки, Төстік! – деп зарлайды».

Берілген үзіндідегі алты аяқты ала ат, жеті аяқты жирен ат, жорға, жабы, ат – төрт түлік мал концептісінің фреймдік құрылымдары ретінде аталған концептінің семантикалық өрісіндегі ең жақын семалары арқылы модельденіп тұрғандығын байқаймыз. Аталған фреймдер төрт түлік мал атауы ұғымы туралы нақты мәліметтерді танытады.

«Ер Төстік» ертегісінде ассоциациялық қор арқылы танылатын фреймдер де кездеседі. Мысалы: «Түйеден бура, жылқыдан айғыр, ту бие, қойдан құнан қой сойып, қымызын көлдей, етін таудай қылып қояды». Үзіндіден байқағанымыздай, түйе, бура, жылқы, айғыр, ту бие, қой, құнан қой – ертегіде жиі ұшырасатын төрт түлік мал концептісінің фреймдері болса, көлдей, таудай фреймдері ассоциациялық жағынан жуықтас – молшылық концептісінің ұйымдастырылған қоры. Ұйымдастырылған деп отырғанымыз жеке тұрғанда бұл фреймдер басқа да концептілік жүйенің құрамдас бірліктері бола алады. Мысалы, «көптің күші көлдей, көшіп жүрген елдей» деген мақалда көлдей фреймі – көп мағынасында қолданылса, талабы таудай тіркесінде таудай фреймі биік, асқақ мағынасында қолданылған.

«Ер Төстік» ертегісінде этнотаңбалар көптеп көрініс тапқан. Мысалы: «Бір күні кешке жақын кемпірі төсегінен тұрып, үйінің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі». Берілген үзіндідегі түндік, шаңырақ, төстік лексемалары – қазақ танымын белгілейтін этнотаңбалар. Этнотаңбалардың танымдық белгілері қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Түндік – киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткізбейтін, күн түсірмейтін төрт бұрышты шағын киіз; Шаңырақ – 1. Киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып тұратын дөңгелек шеңбер. 2. Ауысп. Әркімнің тұрған, туған үйі; Төстік – малдың төс сүйегінің үстіне біткен майлы ет», – деп берілген.

Әрбір этноста мәдениет элементінің сыртқы көрінуі мен «ішкі» мазмұнында ерекшелік бар. Мағынасына байланысты барлық мәдени құбылыстар өзіндік екіжақтылыққа ие: өзінің «сыртқы» көрінісімен қатар, олардың «екінші өмірі» бар. Олар мағынасы арқылы айқындалады. Мағына затта жасырылған, ол ақыл-ой, эстетикалық сезіммен, адамгершілік интуициямен белгілі болады, бір көргеннен танылмайды. Мағынаның бұл мәні – мәдениетті тану кілті. Ал мұның өзі оның мәдени фонын зерттеуге әкеп тірейді. Мәселен, шаңырақ, сәукеле, киіз үй т.б. Демек, тіл, көнеден айтылып келе жатқандай, таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет, сондықтан да ол – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. Мәдениетті, рухани көріністерді бейнелейтін тіл, миф, өнер, дін және т.б. негізін құрайтын семиотикалық жүйе. Қазақ мәдениетінде рухани мәдениеттің таңбалық негізі, рәміздік жүйедегі ұлттың психологиясы, сакралдану тіл арқылы сипатталады.

Зерттеуші Ж. Саткенова өзінің «Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша)» атты еңбегінде балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын когнитивтік лингвистика тұрғысынан алғаш рет кешенді түрде зерттеді.

Зерттеу барысында Саткенова жазушының тілдік тұлғасын ашу үшін когнитивтік лингвистиканың ойбейне, прототип, фрейм, сценарий, концептуалды метафора, стереотип және гештальт сияқты негізгі ұғымдарын қолданды.

Ертегі мәтіндеріндегі фрейм моделі – халықтық дүниетаным мен когнитивтік құрылымдардың тілдегі көрінісін танытатын маңызды құрал. Зерттеу барысында ертегі дискурсында жиі қайталанатын

сюжеттер, кейіпкерлер типтері, кеңістік пен уақытқа қатысты тұрақты үлгілер белгілі бір фреймдер жүйесін құрайтыны анықталды. Бұл фреймдер тыңдаушы не оқырманның мәтінді жеңіл қабылдауына, оның мазмұнын алдын ала болжауына және мағынаны терең түсінуіне ықпал етеді.

Ертегі мәтіндеріндегі схема моделі. Когнитивтік лингвистикада мәтін мағынасы тек сөздердің тікелей қосындысынан жасалмайды, ол адамның тәжірибесімен, мәдени жадымен, күту жүйесімен және танымдық дағдыларымен бірге қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда ертегі мәтіні ерекше нысан, өйткені онда халықтың ұзақ уақыт бойы жинақталған дүниетанымы, моральдық өлшемі, жақсылық пен жамандық туралы түсінігі, типтік кейіпкер бейнелері мен әрекет логикасы сақталады. Ертегі тыңдаушысы немесе оқырманы оқиғаны әр сөйлем сайын жаңадан құрмайды, қайта таныс үлгілер арқылы қабылдайды. Сол себепті ертегіні түсінудің тиімді жолдарының бірі – схема моделін қолдану. Бұл модель мәтіндегі қайталанатын танымдық құрылымдарды, яғни «үйден шығу», «қиындыққа кездесу», «көмекші табу», «сынақтан өту», «жеңіске жету», «әділеттің орнауы» сияқты тұрақты желілерді айқындауға мүмкіндік береді.

Алим Айапбергенов пен Назерке Дауылбаева қазақ халық ертегілеріндегі кеңістік пен уақытты талдай отырып, ертегілік әлемде «жер асты кеңістігі» мен «жер үсті кеңістігі», сондай-ақ циклдік уақыт ерекше мәнге ие екенін көрсетеді, яғни ертегі кеңістігі тек мекен атауы емес, кейіпкер танымының қозғалыс картасы қызметін атқарады [55, 104-б.]. Бұл тұжырым схема моделін ертегі мәтінінің өзегіне жақындатады, себебі кеңістік схемасы ертегідегі әрекет желісін бастан-аяқ ұйымдастырады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде батырдың үйден шығуы, төменгі әлемге өтуі, қайта оралуы – жай маршрут емес, «қауіп – сынақ – жетілу – қайту» схемасының көрінісі. Мұнда төмен түсу қорқыныш пен белгісіздікті, жоғары көтерілу жеңіс пен қайта танылуды білдіреді. Демек, ертегі мәтініндегі кеңістік оқиға өтетін фон емес, мағына тудыратын когнитивтік құрылым.

Набил Буизегарен және әріптестері нарративтің басты қызметтерінің бірі болашаққа қатысты болжам жасап, ортақ түсінік қалыптастыру екенін айтады, яғни баяндау құрылымы адамға оқиғаның қалай өрбитінін іштей алдын ала модельдеуге мүмкіндік береді [56, 342-б.]. Бұл ой ертегідегі схема моделін түсіндіруде аса маңызды. Қазақ ертегісін тыңдаған адам бас кейіпкер әлсіз күйден

басталса да, белгілі бір сынақтардан кейін әділетке жететінін сезеді. «Аяз би» ертегісінде төмен әлеуметтік статустан басталған кейіпкер ақылымен жоғарылайды; «Тазша балада» әлсіз көрінетін бала тапқырлық арқылы үстем түседі. Осындай мәтіндерде оқырман нақты оқиғаларды ғана қабылдамайды, сонымен бірге «ақыл күштен үстем», «әділ адам түбінде жеңеді», «жол азабы рухани өсуге апарады» деген тұрақты мәдени болжамдарды да белсендіреді. Схема осы күту жүйесін реттейді.

Жетесова Ж.А. мен Исакова С.С. жануарлар туралы ертегілер мәтінінде коммуникативтік стратегиялардың көбіне диалог арқылы жүзеге асатынын және бағалау, мақтау, ұсыныс, сендіру, өтініш сияқты тактикалар тұрақты қайталанатынын көрсетеді [57, 134-б.]. Бұл байқау ертегі мәтініндегі қарым-қатынас схемасының бар екенін дәлелдейді. Мысалы, «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде тізбекті өтініш схемасы көрінеді: бір кейіпкер екіншісіне, екіншісі үшіншісіне жүгінеді, сөйтіп әрекет бірінен соң бірі жалғасады. Мұндай құрылым баланың мәтінді есте сақтауын жеңілдетеді, өйткені әр қадам алдыңғы қадаммен қисынды түрде байланысады. Сонымен қатар диалогтық схема ертегінің тәрбиелік әсерін де күшейтеді: кімнің сөзі шын, кімнің айласы жасанды, кімнің өтініші орынды, кімнің әрекеті әдепке сай емес екені осы қайталанатын сөйлеу үлгілері арқылы танылады. Осы авторлар жануарлар туралы ертегілердегі анималистік лексика ұлттық дүниетанымдағы бағалауыш бейнелер жүйесін танытатынын, жануар атаулары адам қасиеттерінің таңбасы ретінде жұмсалатынын атап өтеді [58, 63-б.]. Бұл дерек схема моделінің лексикалық деңгейде де жұмыс істейтінін көрсетеді. Қазақ ертегілерінде түлкі десе – қу, қасқыр десе – жыртқыш, арыстан десе – күш иесі, қоян десе – қорқақ бейнесі санада бірден оянады. Яғни кейіпкер толық сипатталмай тұрып-ақ, оның мінезі жөніндегі алдын ала схема іске қосылады. Мұндай қысқа жолмен тану мәтінді қабылдауды жеделдетеді әрі ұлттық мәдени кодты сақтайды. «Түлкі мен ешкі» тәрізді ертегілерде оқырман түлкінің қулығын алдын ала күтеді, сондықтан сюжет тосындықтан емес, сол қулықтың қалай жүзеге асатынын бақылаудан құралады. Бұл – схема моделінің мәтін құраудағы нақты қызметі.

Г.А. Кенжебекова мен Е.Е. Түйте қазақ ертегілеріндегі бала бейнесі тікелей және жанама сипаттау, аллегория мен метафора, қиял мен шындықтың үйлесуі арқылы жасалатынын, сол арқылы бала кейіпкер моральдық мағына тасымалдаушы тұлғаға айналатынын

жазады [59, 99-б.]. Бұл пікірді схема моделіне сүйеніп қарастырғанда, қазақ ертегілерінде «кішінің ұлғаюы» немесе «әлсіздің танылуы» атты ерекше танымдық үлгі байқалады. «Тазша бала» мен «Алтын сақада» бала жасына қарамастан күрделі жағдайда дұрыс шешім табады. Мұнда схема кейіпкердің биологиялық жасына емес, оның ішкі әлеуетіне негізделеді. Яғни қазақ ертегісінде бала бейнесі «тәжірибесіз жан» схемасымен ғана берілмейді, ол «таза ақыл», «әділ сезім», «табиғи тапқырлық» схемаларымен қатар өріледі. Осы арқылы мәтін ұрпақ туралы ұлттық идеалды да сақтайды.

Дилин Лю мен Цзе Цин когнитивтік лингвистикаға негізделген оқытуда визуалдар, схемалар мен диаграммалардың мағынаны түсіндіруде тиімді құрал екенін, қарастырылған еңбектердің 93,5 пайызында оң нәтиже байқалғанын көрсетеді [60, 1-б.]. Бұл тұжырым ертегі мәтініндегі схема моделін тек теориялық емес, практикалық әдіс ретінде де бағалауға мүмкіндік береді. Егер мұғалім «Ер Төстік» ертегісін жай мазмұндап қана қоймай, оны «бастапқы тапшылық – жолға шығу – көмекші алу – қарсыласу – жеңіс – қайта оралу» схемасы бойынша талдатса, оқушы мәтіннің ішкі логикасын тереңірек ұғынады. Сол сияқты «Аяз би» мәтінін «төмен статус – сынақ – ақылмен жауап беру – мойындалу» схемасымен беруге болады. Бұл тәсіл мәтін мазмұнын жаттатудан гөрі, оның астарындағы танымдық құрылымды меңгертеді.

Жоғарыдағы талдаулар ертегі мәтініндегі схема моделінің бірнеше деңгейде көрінетінін аңғартады. Біріншіден, бұл – оқиға желісін ұйымдастыратын әрекет схемасы. Қазақ ертегілерінде кейіпкер көбіне тапшылықтан немесе әділетсіздіктен қозғалысқа түседі, жол үстінде көмекшімен ұшырасады, сынақтан өтеді, соңында әлеуметтік не моральдық тепе-теңдік қалпына келеді. Екіншіден, бұл – кеңістік схемасы. Үй, дала, орман, жер асты, сарай, жол айрығы секілді мекендер нақты орын ғана емес, қауіп пен қауіпсіздік, бөтен мен өз, сын мен танылу сияқты мәндерге ие болады. Үшіншіден, бұл – кейіпкерлік схема. Батыр, айлакер, көмекші, жау, дана қарт, жетім бала, қу түлкі тәрізді бейнелер оқырман жадында дайын танымдық қалып ретінде сақталады. Төртіншіден, бұл – бағалау схемасы. Ертегіде жақсылық пен жамандық бейтарап қатар тұрмайды; мәтін оларды үнемі салыстырып, соңында құндылықтық шешім шығарады. Сондықтан схема моделі ертегі мәтінін тек композициялық емес, аксиологиялық тұрғыдан да түсіндіреді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, схема моделін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында бірнеше жолмен қолдануға болады. Біріншісі – сюжеттік карта жасау. Оқушылар ертегі бөлімдерін атаумен шектелмей, әр бөліктің қандай когнитивтік қызмет атқаратынын анықтайды. Екіншісі – кейіпкер схемасын құру. Мысалы, «Тазша бала» мәтінінде сыртқы әлсіздік пен ішкі тапқырлықтың арақатынасы көрсетіледі. Үшіншісі – кеңістік схемасын белгілеу. Қай мекен қауіп аймағы, қай мекен танылу нүктесі, қай жер өзгеріс шегі екені айқындалады. Төртіншісі – мәдени кодты ашу. Түлкі, сақа, жол, бата, әке аманаты, сапар, хан ордасы сияқты бірліктердің мәтіндегі астарлы қызметі көрсетіледі. Осы тәсілдер ертегіні қарапайым балалар әдебиеті емес, халық санасының жинақталған когнитивтік моделі ретінде оқуға мүмкіндік береді.

Ертегі мәтіндеріндегі схема моделі – когнитивтік лингвистикадағы аса өнімді ұғымдардың бірі. Ол қазақ ертегілеріндегі мағынаны тек сөздік деңгейде емес, тұрақты танымдық құрылымдар арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде қазақ ертегілерінде кеңістік, әрекет, кейіпкер, қарым-қатынас және бағалау схемалары өзара кіріге отырып, тұтас мәтіндік жүйе құрайтыны анықталды. «Ер Төстік», «Тазша бала», «Аяз би», «Алтын сақа», «Мақта қыз бен мысық» сияқты ертегілерде бұл модель ерекше айқын көрінеді. Схема оқырманға мәтінді тез тануға, оқиға логикасын алдын ала болжауға, кейіпкерлердің қызметін ажыратуға және ұлттық дүниетаным кодтарын қабылдауға көмектеседі. Сондықтан ертегі мәтіндерін схема моделі арқылы талдау қазақ филологиясында, мәтін лингвистикасында, әдебиеттануда және білім беру тәжірибесінде кеңінен қолдануға лайық ғылыми тәсіл.

Қорыта айтқанда, қазақ ертегілерін когнитивтік-корпустық модельдеу – мәтіннің астында жатқан ментальды құрылымдар мен халықтық білім жүйесін айқындауға мүмкіндік берді. Санадағы тұтас образдар (гештальттар), иерархиялық слоттардан тұратын білім пакеттері (фреймдер) және типтік сюжеттік модельдер (схемалар) ертегі мәтінінің когнитивтік архитектурасын құрайды. «Батырдың сапары», «сынақтан өту», «айламен жеңу» сияқты когнитивтік схемалар тілдік деңгейде нақты лексика-грамматикалық бірліктер арқылы вербалданып, ұлттық дүниетанымның стереотиптерін жаңғыртады. Корпустық талдау мен когнитивтік модельдеудің синтезі ертегі мәтіндерінің тек тілдік емес, сонымен бірге терең ментальды

деңгейде бағдарланған, ұлттық сананы пішімдеуші күрделі концептуалды жүйе екенін ғылыми тұрғыдан толық айғақтады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ ертегілері – халықтың рухани дүниесін, тарихи тәжірибесін, дүниетанымы мен мәдени жадын сақтап келген маңызды фольклорлық мұралардың бірі. Ертегі мәтіндерінің тілін зерттеу арқылы қазақ халқының ұлттық болмысы, этномәдени құндылықтары, ойлау жүйесі мен көркем танымы айқындалады. Осыған байланысты монографияда қазақ ертегілерінің тілі корпустық лингвистика, этнолингвистика және когнитивтік лингвистика бағыттары негізінде кешенді түрде қарастырылды.

Зерттеу барысында басты нысан ретінде қиял-ғажайып ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, батырлық және новеллалық ертегілер енгізілді. Корпус материалдары негізінде ертегі мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің қолданыс жиілігі, семантикалық ерекшеліктері мен функционалдық қызметі талданды. Бұл әдіс ертегі тілін тек сипаттамалық тұрғыдан ғана емес, нақты тілдік деректер арқылы жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижесінде ертегі мәтіндерінің тілінде ұлттық дүниетанымды бейнелейтін этномәдени лексиканың мол кездесетіні анықталды. Әсіресе «батыр», «тұлпар», «дала», «хан», «жол», «жеті», «қырық» секілді лексемалардың жиі қолданылуы қазақ халқының мәдени-танымдық жүйесімен тығыз байланысты екендігі байқалды. Бұл тілдік бірліктер ертегі мәтіндерінде тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, символдық және бағалауыштық мағынада да жұмсалатыны айқындалды.

Сонымен қатар зерттеу барысында ертегі тіліндегі архаизмдер мен тарихи сөздердің белсенді қолданылатыны анықталды. Мұндай лексикалық бірліктер халықтың тарихи өмірі мен көне дүниетанымынан ақпарат береді. Ертегі мәтіндерінде мифологиялық атаулар, сакралды сандар және салт-дәстүрге қатысты атаулар жиі ұшырасатыны байқалды. Бұл қазақ ертегілерінің тілін ұлттық мәдени кодты сақтаушы тілдік жүйе ретінде тануға мүмкіндік береді.

Корпустық талдау нәтижесінде ертегі мәтіндерінде етістік формаларының ерекше белсенді қолданылатыны анықталды. Әсіресе қимыл-қозғалысты, динамиканы білдіретін етістіктердің жиілігі

ертегі мәтіндерінің оқиғалық сипатын күшейтетіні байқалды. Сонымен бірге бұйрық рай, қалау рай, өткен шақ формаларының мол қолданылуы ертегі баяндауының коммуникативтік және экспрессивтік табиғатын айқындайды.

Зерттеу барысында тұрақты тіркестер, формулалық құрылымдар, қайталама үлгілер мен параллель синтаксистік құрылымдардың ертегі мәтіндерінің композициялық тұтастығын қамтамасыз ететіндігі анықталды. «Ерте, ерте, ертеде…», «Баяғы өткен заманда…» секілді бастама формулалар мен тұрақты аяқтама үлгілер ертегі жанрының басты белгілерінің бірі ретінде қарастырылды. Қайталау тәсілдерінің мәтіннің ырғақтылығын арттырып, эмоционалды әсерін күшейтетіні байқалды.

Зерттеу нәтижелері ертегі мәтіндерінің синтаксистік құрылымында қайталау тәсілдерінің маңызды қызмет атқаратынын көрсетті. Қайталау мәтіннің ырғақтық ұйымдасуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның эмоционалды-экспрессивті әсерін де күшейтеді. Әсіресе үштік, жетілік құрылымдар мен параллель синтаксистік үлгілер ертегі композициясының тұрақты элементтері ретінде анықталды. Сонымен қатар формулалық құрылымдардың кең қолданылуы ертегі жанрының өзіндік белгілерінің бірі екендігі байқалды. «Ерте, ерте, ертеде…», «Баяғы өткен заманда…» тәрізді бастама формулалар мен тұрақты аяқтама үлгілер мәтіннің тұтастығын қалыптастырып, ертегілік кеңістік пен уақыттың шарттылығын білдіреді. Монографияда ертегі мәтіндерінің тілін зерттеуде корпустық лингвистиканың мүмкіндіктері кеңінен қарастырылды. Мәтіндерді цифрландыру, аннотациялау, метадеректер жүйесін қалыптастыру және жиілік талдау жүргізу ертегі тілінің құрылымдық ерекшеліктерін объективті түрде сипаттауға мүмкіндік беретіні анықталды. Сонымен қатар шағын ертегі корпусын құру тәжірибесі қазақ тілінің ұлттық корпустарын дамытуда маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Зерттеу барысында қазақ ертегілерінің тілінде ұлттық дүниетанымның негізгі модельдері көрініс табатыны анықталды. Батырлық, әділдік, адалдық, қонақжайлық, еңбекқорлық, үлкенге құрмет секілді ұлттық құндылықтар тілдік бірліктер арқылы берілетіні байқалды. Бұл ертегі мәтіндерінің тек көркем шығарма ғана емес, ұлттық тәрбиенің, рухани құндылықтардың және мәдени ақпараттың маңызды көзі екенін дәлелдейді. Сонымен бірге зерттеу нәтижелері ертегі тіліндегі ассоциациялық өрістердің ұлттық санадағы мәдени байланыстарды

айқындайтынын көрсетті. Мұндай концептілік байланыстар қазақ халқының ұлттық таным жүйесінің тілдегі көрінісін сипаттайды. Жалпы алғанда, монографияда қазақ ертегілерінің тілі ұлттық дүниетанымды, мәдени жадты және көркем ойлау жүйесін сақтаушы күрделі тілдік жүйе ретінде сипатталды. Корпустық талдау әдістері ертегі мәтіндеріндегі тілдік бірліктердің құрылымдық, семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін нақты тілдік материалдар негізінде анықтауға мүмкіндік берді. Бұл зерттеу қазақ тіл біліміндегі фольклорлық дискурсты жаңа ғылыми бағыттармен байланыстыра отырып қарастырудың маңыздылығын көрсетті.

Монографияда қазақ ертегілерінің мәтіндік корпусын қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен әдістемелік негіздері де сипатталды. Мәтіндерді жинақтау, цифрландыру, аннотациялау және классификациялау жұмыстары қазақ фольклорлық мұрасын заманауи цифрлық форматта жүйелеуге мүмкіндік беретіні көрсетілді. Бұл бағыт қазақ тілінің ұлттық корпусын дамытуда маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақ ертегілерінің тілі ұлттық дүниетанымның, мәдени жадтың және көркем ойлау жүйесінің көрінісі екенін дәлелдейді. Корпустық талдау әдістері ертегі мәтіндерінің тілдік құрылымын тереңірек тануға және олардың функционалдық ерекшеліктерін нақты тілдік деректер негізінде сипаттауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерін болашақта қазақ фольклорының ұлттық корпусын кеңейту, автоматты мәтіндік талдау жүйелерін жасау, этнолингвистикалық сөздіктер құрастыру және когнитивтік модельдерді зерттеу бағыттарында пайдалануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: «Жібек Жолы», 2009. – 303 б.
2. Қазақ лингвофольклортануы: оқу құралы / Ж.А. Жақыпов, Г.О. Сыздықова, Л.Ә. Еспекова және т.б. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2017. – 126 б.
3. Хроленко А. Введение в лингвофольклористику. – [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: https://profilib.site/chtenie/75824/aleksandr-khrolenko-vvedenie-v-lingvofolklorist (қаралды: 05.04.2026)
4. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. – 428 б.
5. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
6. Қасымбекова А. Ертегілердегі ғаламның концептуалды бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері бойынша). – [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: https://kaznpu.kz/docs/doctoranti/kassymbekova (қаралды: 14.04.2026)
7. Мамыт А.А. Халық ауыз әдебиеті: Оқу құралы / А. А. Мамыт, 2024. - 146 б.
8. Таусоғарова А. Қазақ ертегілеріндегі уақыт және кеңістік ұғымдарының концептуалдануы. – ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – № (153), 2015. – 201-206 бб.
9. Әуесбаева П. Қиял-ғажайып ертегілерінің сюжеттік құрылымы. – Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – №3 (171), 2018. – 251-257 бб.
10. Пропп В. Морфология сказки / Гос. ин-т истории и искусств. – Ленинград: Academia, 1928. – 152 с.
11. Нұрбеков Т. Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі. – [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: https://farabi.university/storage/files (қаралды: 02.05.2026).
12. Сыздықова Г., Шолақова А. «Ер Төстік» ертегісінің лингвосемиотикалық аспектісі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – № (126), 2019. – 165-172 бб.

13. Жақыпов Ж., Ахметова М. Қазақ лингвофольклортануы (мәтінтүзімдік тұрғы). Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 160 б.

14. Қуаныш А. Ертегілердегі диалог құрылымының стилистикалық ерекшелігі // Әдебиет қазынасы. – 2024. – Б. 299-309.

15. Жетесова Ж. Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты // Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы. – 2023. – № 71 (4). – Б. 8-15.

16. Жиренов С. Қазақ ертегілеріндегі орнитологизмдердің тілдік-танымдық табиғаты // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы. – 2020. – № 2 (72). – Б. 87-93.

17. Кенжебекова Г., Түйте Е. Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесінің берілу амалдары // Bulletin of the Karaganda university. Philology series. – 2025. – № 3 (119). – Б. 99-109.

18. Қасымбекова А. Ертегілердегі ғаламның концептуалды бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері бойынша): филология докторы (PhD) диссертациясы. – Алматы, 2020. – 140 б.

19. Аден А. Как фразеологизмы делают английские и казахские сказки похожими. – [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: *e-history.kz* (қаралды: 14.04.2026).

20. Lüthi M. The European Folktale: Form and Nature. – Indiana University Press, 2006. – P. 34-39.

21. Campbell J. The Hero with a Thousand Faces. – Princeton University Press, 2019. – P. 28-35.

22. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 118 б.

23. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Ғылым, 1982. – 113 б.

24. Захаров В., Богданова С. Корпусная лингвистика: учебник. 3-е изд. перераб. – Санкт-Петербург: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2020. – 234 с.

25. Мәдиева Г.Б., Бектемірова С.Б., Исмайлова Н.А. Корпустық лингвистика: негізгі терминдер мен түсініктердің оқу сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 40 б.

26. Кутузов А.Б. Курс «Корпусная лингвистика». [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/CorporeLingva%20(2).pdf (қаралды: 05.05.2026).

27. Рыков В.В. Курс лекций по корпусной лингвистике. [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: http://rykovcl.narod.ru/c.html (қаралды: 02.05.2026).

28. Charlotte Taylor. What is corpus linguistics? What the data says? – ICAME Journal No. 32, 2011. – P. 180-200.

29. Gries S.TH. What is Corpus Linguistics? – Language and Linguistics Compass 3, 2009. – P. 135-207.

30. English linguistics. Johannes Gutenberg University Mainz (JGU). [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: https://www.english-linguistics.uni-mainz.de/corpus-linguistics/ (қаралды: 04.05.2026).

31. Bennett. G.R. Using corpora in the language learning classroom: Corpus linguistics for teachers. – Michigan ELT , 2010. – P. 1-22.

32. Teubert W. My version of corpus linguistics. [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: http://rykovcl.narod.ru/c.html (қаралды: 05.05.2026).

33. Солнышкина М.И., Гатияуллина Г.М. История развития корпусной лингвистики (на примере англоязычных корпусов). – Вестник Томского государственного университета. Филология. – №63, 2020. – P. 132–152.

34. McEnery T., Wilson A. Corpus Linguistics: An introduction. Second edition. – Edinburgh: Edinburgh University Press, 2001. – 122 p.

35. Бабалар сөзі: жүзтомдық. [Электрон ресурс]. – Қолданыс режимі: https://litart.kz/wp-content/uploads/babasoz/babasoz73.pdf (қаралды: 02.04.2026).

36. Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері [Мәтін] филол. ғыл. канд. дис. … : 10.02.02 / С. Жапақов. – Алматы, 2003. – 168 б.

37. Елемесова Ш. М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол. ғыл. канд. дис. … : 10.02.02 [Мәтін] / Ш. М. Елемесов. – Алматы, 2003. – 128 б.

38. Жиренов С. М. XV XIX ғ.ғ. ақын жыраулар поэзиясындағы «Өмір Өлім» концептісінің танымдық табиғаты [Мәтін]: филол. ғыл. канд. ғылыми дис. … автореф.: 10.02.02 / С. М. Жиренов. – Алматы, 2007. – 30 б.

39. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. – Алматы, 1962. – 314 б.

40. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Павлодар, 2010. – 400 б.

41. Қазіргі қазақ тілі: фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология: Г.О. Сыздықова, Л.Ә. Еспекова, Қ.Қ. Сарекенова, С.С. Шоқабаева. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 290 б.

42. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: 1997. – 368 б.

43. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. – Алматы, 2011. – 752 б.

44. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том. – Алматы, 2011. – 752 б.

45. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 830 б.

46. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 2007. – 42 б.

47. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – 138 б.

48. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің семантикалық категориялары. – Алматы, 2009. –135 б.

49. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.

50. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учебное пособие. – Минск: ТетраСистемс, 2004. – 256 б.

51. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 212 б.

52. Смурова О.В. Гештальт-функции лингвистического концепта «эпистемическая оценка» (на материале The British National Corpus) // Вестник МГЛУ. Гуманитарные науки. – 2017. – Шығ. 11 (784). – 37-47б.

53. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем / А.Н. Баранов ред. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 256 б.

54. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдарының поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2006. – 125 б.

55. Айапбергенов А., Дауылбаева Н. Қазақ халық ертегілеріндегі кеңістік пен уақыт концептісі // Scientific Goals and Purposes in XXI Century. 2023. № 29. – Б. 102–109.

56. Буизегарен Н.Б., Рамстед М.Дж., Констант А., Фристон К.Дж., Кирмейер Л.Дж. Narrative as active inference: an integrative

account of cognitive and social functions in adaptation // Frontiers in Psychology. 2024. Vol. 15. – P. 339-347.

57. Жетесова Ж.А., Исакова С.С. Жануарлар туралы ертегілер мәтініндегі коммуникативтік стратегиялар // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. 2025. № 1 (76). – Б. 134–145.

58. Жетесова Ж., Исакова С.С., Екіджі М. Animalistic Vocabulary in Animal Tales // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 4 (149). – Б. 61–69.

59. Кенжебекова Г.А., Түйте Е.Е. Қазақ ертегілеріндегі бала бейнесінің берілу амалдары // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – Т. 30. – № 3 (119). – Б. 99–109.

60. Лю Д., Цинь Ц. The effectiveness of cognitive linguistics-inspired language pedagogies: A systematic review // The Modern Language Journal. 2024. Vol. 108. № 4. – P. 1–21.

Ж.Қ. Өмірбекова

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ТІЛІ: ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ КОРПУСТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Монография

ISBN 978-601-385-285-0

Таралымы 500 дана
Қаріп түрі «Times New Roman»
Тапсырыс №1974
«FOCUS» ЖК баспасы